

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Юриспруденция» сериясы
Серия «Юриспруденция»
№ 3-4 (29-30), 2012**

Алматы, 2012

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Юриспруденция» сериясы
№3-4(29-30), 2012

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор
заң ғ.к., доцент
(Қырғыз Республикасы ЖАК докторы)
Т.Т. БАЛАШОВ

Редакциялық алқа мүшелері:
заң ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, проф.

С.Н. Сабикенов,
заң ғ.д., проф. **Сәрсенбаев Т.Е.**
(ҚР Парламенті Сенатының аппарат
жетекшісі),

заң ғ.д., проф. **Әбдіханов Н.А.** (Солтүстік
Қазақстан облыстық Сотының төрағасы),

заң ғ.д., проф. **В.А. Малиновский**
(ҚР Конституциялық Кеңес мүшесі),
заң ғ.д., **В.Ф. Цепелев**

РФ ПМ академиясы профессоры (Мәскеу),
заң ғ.д., проф. **Н.Г. Муратова**

Казан мемлекеттік университеті, «Қылмыстық
іс жүргізу» кафедрасының меңгерушісі (Ресей),

доктор **Права Джон Берк** «Таллин»
университетінің ректоры (Эстония),
заң ғ.д., проф. **А.А. Арабаев** Баласағұн
атындағы ҚҰУ, Заң институты Ғылым
орталығының меңгерушісі (Қырғызстан),

заң ғ.д., проф. **Т.К. Айтмухамбетов,**
заң ғ.д., проф. **Б.Х. Төлеубекова,**

заң ғ.д., проф. **Э.Э. Дуйсенов,**
заң ғ.д., доцент **А.Ф. Сулейманов,**
заң ғ.к., проф. **Ж.К. Орынгаев,**
Ғ.Ш. Битұрсын (Жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2012

Қазақстан Республикасының мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-
де тіркелген N10111– Ж

Басуға 25.01.2012 қол қойылды

Пішімі 60x84 1/8.

Көлемі 9,75 е.б.т.

Таралымы 300 дана.

Тапсырыс 28.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспаханасының

баспаханасында басылды

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

Балашов Т.Т., Битұрсын Ғ.Ш. Дәстүрлі құқықтық мәдениет элементтерін заманауи сот өндірісінде қолдану.....	3
Кенжибекова Э.П. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидасының іс жүргізу барысындағы жүзеге асырылу мәселелері.....	5
Копбаева Л.Ш. Монополистік іс-әрекет пен бәсекелестікті әдейі шектеу қылмыстылығының себептері.....	8
Битұрсын Ғ.Ш., Омар Б.М., Баєтов Е.К. Қазақстан Республикасы сот органдары жүйесін конституциялық реформалаудың құқықтық негіздері.....	12
Буранбаева С.Р. Ланкестікті сабақтас құрамды қылмыс түрлерінен ажырату мәселелері.....	14
Османова Г.Ж. Қылмыстық іс жүргізу құжаттарын құруда мәліметтерді қолдану мәселелері.....	21
Буранбаева С.Р. Ланкестік – ХХІ ғасыр дерті.....	25
Сапарова Г. Атқарушылық іс жүргізудегі тараптардың мәртебесі.....	29

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА И
КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА

Арабаев А.А. Становление государственного суверенитета Кыргызстана.....	34
Дуйсенов. Э.Э. К проблеме функционирования системы сдержек и противовесов в Республике Казахстан	45
Исабеков А.Қ., Битұрсын Ғ.Ш. Заңгерлер қызметінің құқықтық мемлекет құрудағы маңыздылығы.....	48
Ищанова Г.Т. К вопросу об истории формирования Института президентства в Республике Казахстан.....	51
Битұрсын Ғ.Ш., Баєтов Е.К., Омар Б.М. Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесін қалыптастырудың құқықтық негіздері.....	54

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫ

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС	
Мейірбекова Г.Б. Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеудегі судьяның рөлі.....	57
Белхожаева Д.Ж. Проблема определения места самозащиты в системе средств защиты гражданских прав.....	59
Байсымакова Д.С. Азаматтық құқықтық қатынастардың мүлдіктік объектілерінің кейбір ерекшеліктері.....	62
Белхожаева Д.Ж. Мүлдіктік емес өзіндік құқықтарды қорғау.....	68
Турлашова Г. Понятие самозащиты гражданских прав.....	70
Уалбеков Е., Мейірбекова Г.Б. Азаматтық іс бойынша адвокаттың өкілдік қызметін жүзеге асыруы.....	73
Хамза Б., Мейірбекова Г.Б. Ата-аналардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттері.....	76

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЗАМАНАУИ СОТ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Т.Т. Балашов – *з.ғ.к., доцент (Қырғызстан Респубикасы ЖАК докторы),
құқық және экономика институтының директоры, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Ғ.Ш. Битұрсын – *құқық және экономика институтының директор орынбасары,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміз демократиялық құқықтық мемлекет ретінде әр қырынан танылуда. Құқықтық мемлекеттің ерекшелігі – мемлекеттегі барлық шешімін таппаған даулы мәселелер заң шеңберінде жүйелі түрде бейбіт жолмен, әділ шешілуге тиіс. Демократиялық құқықтық мемлекетіміздің Ата заңы да дана халқымыздың дәстүрлі мәдени құндылықтарынан бастау алады. Осы тұрғыда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтарымен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси және мемлекеттік құрылыстың жаңа Қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз» [1], – деп тәуелсіз жас мемлекетіміздің мәртебесін өсіріп, келешегін кемелдендіру үшін өткен тарихын саралап, бүгінгі өмір тәжірибесімен байланыстыра отырып, ертеңгі жарқын болашаққа жол ашу керектігіне баса назар аударған болатын.

Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, рәсімдері мен жөн-жоралғылары құқықтық заң, бұлжымайтын ереже ретінде өмірлік қолданысқа айналған. Халықтың ізгі әдеттері құқықтық әдеп болып қалыптасып, ол құқықтық заңдылыққа, дәстүрге, санаға сіңіп, салтқа айналған. Ұлттық салт-сана мен дәстүрлер құқықтық нормалар арқылы әлеуметтік әдеп – яғни құқықтық мәдениет болып қалыптасқан. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық мәдениетін Т.М. Күлтелеев: «Қазақ әдет-ғұрып хұқы, басқа халықтардың әдет-ғұрып хұқы сияқты заң күшіне енген әдет-ғұрыптар жиынтығы» [2, 86 б.] – деп жазды. Ал, академик С.З. Зиманов: «Әдет-ғұрып нормаларының күші оның міндетті түрде сыртқы күштердің әсерінен орындалуында. Осының салдарынан әдет-ғұрыпта инерция әсерінің күші бар, ал басқа тәртіптік қағидаларда олар болуы мүмкін емес» [3, 12 б.] – деп анықтама берсе, «Казахский суд биев уникальная судебная система» атты кітабында «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ», «Туғанына бұрғаны, биді құдай ұрғаны» [4, 19 б.] деп мысал келтіреді.

Қазақ қоғамының құқықтық жүйесінде екінің-бірі би бола бермеген. «Би» деген атқа ие болу үшін ол адам көптеген халық мойнындағы талаптарды бойына сіңіруі және көрсете білуі керек. Би атағын иелену туралы ғалым Ш.Уәлиханов өзінің еңбегінде: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған» [5, 94 б.] – деп қорытынды жасайды.

Қоғамның ырғақты дамуы үшін көптеген мамандық иелері керек. Агроном да, дәрігер де, инженер де, экономист те аса маңызды міндеттерді атқаруда. Дегенмен, демократиялық құқықтық мемлекетте заңгерлердің алар орны айрықша. Адам баласы қашан да әділеттілікке ұмтылған. Әділдік жолында жанын пида қылғандар да аз емес. Ал әділеттілікті орнатуға бірден-бір жауапты мамандық иесі заңгерлер. Сондықтан білікті де сауатты, озық ойлы, құқықтық санасы мен мәдениеті жете қалыптасқан заңгерлерді демократиялық құқықтық мемлекеттің негізін қалаушы деп қарастыруға болады. Қай мемлекеттің болмасын оның экономикалық өсу, сауда-саттық, өмір сүру заңдылықтары сол елдің құқықтық жүйесімен реттелетініне мән берсек, құқықтық жүйені іске асырудағы заңгерлердің елеулі еңбегін ерекше бағалаған жөн. Қазіргі қоғамда мемлекеттер арасындағы дау-дамайлар бейбіт те дипломатиялық келісімді жолмен шешілгендіктен заңгерлерге қойылатын талап – олардың дипломатиялық қабілеттілігі, құқықтық мәдениеті және сөйлеу шеберлігі. Анадан ешкім заңгер болып тумайды. Заңгерді заңгер қылып қалыптастыратын оқу, білім, жоғары оқу орны. Жалаң заңды білу де жеткіліксіз. Бұл мамандық иесіне сөйлеу мәдениетін игермейінше, адам пси-хологиясы мен мінез-құлқын білмейінше, өмірдің әр саласынан хабардар өрісін қалыптастырмайынша, нәтижелі еңбек ету, нағыз әділеттілік үшін күресу қиынға соғады. Ал осы және басқа қасиеттер жоғары оқу орнындарында шындалмақ.

Қазақ билерінің билігі әрқилы заман талабына сай «Қазылар», «Билер кеңесі», «Алқа билер соты», «Билер соты» «Билер институты» сияқты әртүрлі қызметтік құрылымға бөлінген. Бірақ қай уақыт, қай замандарда болмасын билердің қоғам өміріндегі белсенді бейнесі мен тартымды тарихи тұлғасы тұрақты болып қала берді. Билердің шешендік сөздерінің құқықтық мәдени сипатын анықтап, жаңа заман талабына сай жаңғырта отырып, билерден қалған сот ісіндегі шешендік өнерді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оқу үрдісіне ендіру арқылы құқықтану мамандығы студенттерінің сауатты да шешен сөйлей білу қабілетін жетілдіру қажет.

Егемендік алғалы әдет-ғұрып нормаларын жаңғырта отырып, мемлекетіміздің алғаш Конституциясын қабылдап, Ата заң аясында барлық қоғамдық мәселелер қамтылуда. Ғасырлар бойы Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналып, ресейлік жоғары басқару жүйесіне бағынып қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу барысында қазақ халқы өзінің санғасырлық атадан балаға мұра болып қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын сақтап қалғанын көріп отырмыз. Қазақ халқының мәдени-этикалық түсінік-талғамдары туралы айтылған небір ғылыми әділ сипаттамалар аз емес. Мәселен, П.Пашино: «Өлең, жыр қазақтардың жан серігі, қарапайым адамдар суырып салып айтуға бейім тұрады» десе, С.Рыбаков: «...Қазақ халқының мәдениеті жалпы сапасы тұрғысынан сөздік қорының шешендік шеберлігі, тілінің анықтығы, ойларының бейнелілігі, жағынан айрықша даралана түседі» [6, 57 б.] – деп қазақ халқының рухани мәдениетіне оның ішінде сөйлеу мәдениетінің мәнеріне ерекше көңіл аударған. Осындай өзге елге бағынышты жағдайда өзіміздің құқықтық мәдениетімізді сақтай білгенде, тәуелсіздік таңы атқан сәтте неге құқықтық мәдениетімізді жете қалыптастырмасқа? Неге біз заңгерлердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда өзге елдің ғалымдары мойындаған халқымыздың рухани мәдениетінен нәр алып, халық игілігі үшін пайдаланбасқа?

Қазақ қоғамында құқықтық жүйедегі қылмыстық және азаматтық істер бойынша даулы мәселелерді билер, қазылар ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларына сүйене отырып, шешім шығарып отырғаны белгілі. Билердің құқықтық жүйедегі орны мен жеке-дара билік қызметіндегі беделі биік тұғырдан түскен емес. Билердің биік беделін қазақ халқының «Қара қылды қақ жарған», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөздері дәлелдейді. Осы орайда заңгер-ғалым, академик С.З. Зиманов: «Билер соты біздің үлгі тұтуымызға, басшылыққа алуымызға лайық, сонымен қатар әлі жазылмаған, бірақ жазылуы тиіс оқулықтарда орын алуға тиіс» [7, 41 б.] – деп өз ойын білдірген.

Дәстүрлі құқықтық мәдениет элементтерін келесі іс-әрекеттер арқылы заманауи сот өндірісінде қолдану болады:

- сот отырысында өз ой-пікірін жүйелеп, нақты жеткізе білу;
- сотқа қатысушылардың құқықтары мен заң нормаларын құрметтеу арқылы қатысушы тараптарға жағымды әсер ету;
- мәнерлі, астарлы шешен сөйлей білуге дағдылану;
- шешендік өнердің мәнін жете түсіну және ұзақ сөйлеуге төзімділік жасау;
- айғақты заттар мен дәлелді негіздерге сүйене отырып, әділ шешім қабылдау;
- қозғалған істің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету;
- билердің шешендік сөздерін өз қызметімен байланыстара білу;
- сот отырысында сауатты, мәдениетті сөйлеу арқылы дауласушы жақтарды тәртіпке, және бітімгершілікке шақыру

Міне, осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы заңгерлер құқықтық мәдениеттің мәнін терең игере отырып, өзінің көпшілік алдында айтар ойын жинақтап, оның анықтылығына, қаншалықты заңдылығына, істің дәйектілігін дәлелді айғақтармен нақтылап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне көз жеткізіп тауып сөйлеуге және халықаралық талаптарға сай кәсіби мәдениетті сөйлеуге қол жеткізе алады. Сондықтан Елбасының халыққа Жолдауындағы ұстанымдарын, заңгер ғалымдарымыздың құнды еңбектерін бағалай келе, дәстүрлі құқықтық мәдениет құндылықтары қазіргі қоғам талабына сай жаңғыртыла отырып, заманауи сот өндірісінде қамтылуы тиіс деп санаймыз.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан. «Егемен Қазақстан» 2007 жыл.
2. Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Алматы: «Жеті жарғы» 1995 – 86 с.
3. Зиманов С.З. Проблемы казахского обычного права. – Алматы: «Заң әдебиеті» 1989 – 12 с.
4. Зиманов С.З. «Казахский суд биев уникальная судебная система» – Алматы: Атамұра, 2008. – 19 б.
5. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Собр. Соч. в 5-т. – Алма-Ата, 1985 – 94 с.
6. Родлов В.В. Из Сибири. – М., 1989 – 57 с.
7. «Қазақтың ата заңдары», X том. – Алматы: «Жеті жарғы», 2009 – 41 б.

Резюме

В статье рассматриваются применение в современном судебном производстве элементов традиционной правовой культуры.

Summary

This article deals with the application in the modern court proceeding of elements of traditional legal culture.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТІЛІ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Э.П. Кенжибекова – «қылмыстық құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚР-ның Конституциясы жалпыға танылған қағидалар және халықаралық құқық нормаларына сай еліміздің тарихында адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құқықтық деп бөліктермен қатар, олардың құқықтар мен бостандықтарын сақтау мен қорғау мемлекеттердің міндетті деп көрсетті [1]. Осыған орай адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тікелей жүзеге асырылуына кепілдік береді. Олар заңнамалар мәнінің мазмұны мен оның қолдану аясын, заң шығару, және жергілікті басқару биліктерінің қызметтерін анықтаумен қатар, сот төрелігін қамтамасыз етеді. ҚР Конституциясында белгіленген басты құқықтардың бірі, ол өз ана тілін пайдалану құқығы, арақатынас жасауда, тәрбиелеуде, білім алу және мәдени дамуда алатын орны орасан зор.

Атақты процессуалист Н.Н. Розин, былай деген: әртүрлі тілде сөйлейтін және аралас – ұлттар тұратын жергілікті жерлері көп мемлекет үшін соттың жүргізілу тілі туралы мәселе ерекше мәнге ие болады. Яғни оның пікірінше, «теориялық тұрғыдан алғанда екі жүйенің: *біріншісі* – ол жергілікті сақтау тілі, – яғни жергілікті халық сөйлейтін тілді сотта іс қарау барысында қолдану болса, *екіншісі* ол біртұтас мемлекеттік тілдің болуы деп атап көрсетуі Жергілікті сөйлеу тілі сот төрелігінің міндеттелуіне толығырақ жауап беруі және оның шаралары жергілікті халық үшін қол жетімді және түсінікті болады. Оның ең басты қажеттілігі төменгі сот сатыларының анық болуы ерекшелендіреді. Бірақ ол тәжірибеде кездесетін қиындықтарға әкеп соғады. Егер де жергілікті тұрғындар ерекше тілде сөйлейтін болса, олардың тілін білетін судьяларымен мемлекет толық қамтамасыз ете алмаулары мүмкін. Ал екіншісі жағынан бұл жүйе іс жоғарғы сатыға ауысқан немесе сот актілерінің мәнін мемлекеттік тілде аудару барысында елеулі қиындықтарға әкеп соқтыруы әбден мүмкін мемлекеттің барлық соттарында және барлық соттарында және барлық сот актілерін жасауда қолданылатын тілдің біртұтас жүйесі жоғарыда аталған кемшіліктерден арылған және де ол істерді жоғары сатыға бергендігі қиындықтармен ұштаспайды. Бірақ, ол өз кезегінде соттарды жергілікті тұрғындардан оқшаулауы, яғни сот қызметкерлерінің тәжірибелік мақсаттарына жете алмауларына әкеп соқтыруы мүмкін [2, 91-92 бб.].

Аталған жүйелердің әрқайсысының өз ерекшеліктері мен кемшіліктері де болады. Сондықтан да, заңнама, мынадай аралық нысандарды ұсынады: негізгі тіл ретінде мемлекеттік тіл, ал жергілікті жерлерде тұрғын халықтың санына қарай жергілікті халықтың тілін қазақ тілімен қатар қолдануға рұқсат етілген.

ҚР-ның мемлекеттік тілдері – барлық мемлекеттік билік органдарына қолданылады және барлық іс жүргізуде сот өндірістерінде, соттардағы іс жүргізушілікте және өзге де құқық қорғау органдарында қолданылатын ресми тіл болып табылады [3].

Осы айтылған негізде ҚР ҚДЖК-нің 30-бабына сай қылмыстық сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа да тілдер қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс немесе өзге тілдерде жүргізу қажет болған жағдайларда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы дәлелді қаулы шығарылады.

«Тіл» – деген ұғымның өзі және оның терминалогиядағы орны жөнінде алдымен анықтап алу қажет. Жалпы оны бес мағынада қарастыруға болады:

Мемлекеттік тіл – ол кез-келген мемлекеттің органдары, мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдары жұмыс істейтін сот өндірісі жүргізілетін, жоғарғы оқу орындары мен арнайы оқу орындарында, мектептерінде дәрістер өткізілетін тілді айтамыз.

Осыған орай, аталған қағиданың қамтамасыз етілуі мақсатында сот және терегеу әрекеттерін жүргізуге аудармашыны қатыстыру қарастырылған.

Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидасының жүзеге асырылу мақсатында қылмыстық іс жүргізу

заңнамасы бірқатар конституциялық және қылмыстық процессуалдық кепілдіктер бекітіп берген. Яғни, кейбір ғалымдардың айтуынша, қажетті жағдайларда аудармашының міндетті түрде қатысуы аудармашы жасаған процессуалдық құжаттарды тиісті деңгейде беру мен міндетті түрде аудармашының қатысуы тиіс деп көрсетіледі [4, 70 б.].

ҚР Жоғарғы сот жалпы отырыстарының қаулыларына сай «Сот төрелігін жүзеге асыру барысында соттардың Қонституцияның кейбір мәселелерін қолдану» мәселесіне байланысты іске қатысушылардың өтініштері бойынша шағымдар келтіру, өз ана тілдерінде түсініктемелер мен жауаптар беруге, өтініштер жариялауға және сотта сөз сөйлеу құқықтарының қамтамасыз етілуіне міндетті болып табылады. Дегенмен, қылмыстық сот өндірісінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын жүзеге асыру әліде өңделуді талап етеді және заңнамамен отандық құқыққолдану тәжірибесіне оларды қорғаудың сенімді және қол жетімді қорғау миханизмдерін енгізу талап етіледі. Баршамызға белгілі, күнделікті өмірлік құқықтар мен бостандықтардың белсенді жүзеге асырылуы үшін сенімді ішкі мемлекетаралық әрекеттесулер мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуіндегі кепілдіктер механизмі.

Қылмыстық сот өндірісінің тілі принципін таралу механизмі болып қылмыстық іске аудармашының қатысуы табылады. Аталған құқықты қылмыстық сот өндірісі қатысушылары үшін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, ол қылмыстық сот өндірісі қатысушылары үшін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, ол қылмыстық сот өндірісінің тілі қағидаларының бір құрамдас бөлігі болып табылады [5, 72 б.].

Қазіргі таңдағы заңнама іске аудармашының міндетті түрде қатысуының екі негізін қарастырады, егер:

1) қылмыстық іс бойынша қатысушы сот өндірісі жүргізілетін тілді білмейтін болса;

2) іске қатысушы тұлға қылмыстық іс бойынша өндірістің жүргізілу тілін жеткіліксіз деңгейде білетін болса.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы алғаш рет заңды деңгейде аудармашының құқықтық мәртебесін анықтаумен қатар, қылмыстық сот өндірісіне жеке мүдделі емес және тәуелсіз қатысушы ретінде бекітіп көрсеткен [6].

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 8-тарауында үш негізгі процессуалдық функцияларға сәйкес келмейтін іс жүргізу қатысушылары енгізілген аудармашы (ҚДЖК-нің 59-бабы), мына аталып өтілетін өзге де қатысушылардың, яғни, куә (56-бап), сарапшы (57-бап), маман (58-бап) және куәгерлердің (60-бап) қатарына жатқызылған. Осыған орай, аудармашы, айыптау, қорғау шаралары және сотпен бөлек процесстің жеке қатысушысы деп танылып кең өкілеттіліктерге ие болады. Аудармашы сот төрелігіне әрекеттесе отырып, процессуалдық функцияларды жүзеге асырады.

Қылмыстық іс жүргізу кодексі 59-бабының 1-ші бөлігіне сай аудармашы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көрсетілген жағдайларда аударуға қажетті тілді меңгерген және еркін сөйлей алатын қылмыстық сот өндірісіне қатысуға тартылған тұлғаны айтамыз. Дегенмен, оның кәсіби немесе аудармашы мамандығының болуы міндетті емес. Егер процессті жүргізетін тұлғалар, сот өндірісіне қатысатын қатысушының араласу тілін білетін болса, онда олар аудармашы бола алмайды немесе әртүрлі процессуалдық функцияларды қолданатын болса, онда оларға қарсылық білдірілуі тиіс (ҚДЖК-н 61 бабы, 2-бөлігі). Аудармашы ҚДЖК-н 61, 69-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске қатыса алмайды және қарсылық білдіруге жатқызылады. Сонымен қатар, егер де ол, куә болса, іс бойынша кез-келген қатысушысының туысы, жақын туысы болса, немесе істің барысына белгілі жағдайлармен мүдделі болса қатыстырылмайды және қарсылық білдірілуге жатады. Сондай-ақ, процесстің қатысушылары өздері ұсынған тұлғалардың арасынан аудармашы ретінде тағайындау туралы өтініштер жасай алады. Оған қарсылық білдіру негіздері болмаған жағдайда – ол аудармашы ретінде іске жіберіледі. Тұлғаны – аудармашы ретінде тағайындау туралы анықтаушы, тергеуші немесе судья қаулы, ал сот анықтама шығарады.

Аудармашыларға қатаң талаптар қойылуы тиіс. Себебі олардың білімдеріне орай адамның ар-намысы мен өмірі қылмыскерді жазалау немесе кінәлі емес адамды ақтау сияқты мәселелер шешіледі. Екі тілдің синтаксисі мен граматикасын жеткілікті деңгейде білмеу заңды, медициналық, техникалық терминологиялар аясындағы білімдері жеткілікті сөздік қоры, жазбаша немесе ауызша айтылған ойларды мәні бойынша дәл жеткізіп беруге тиісті. Сондықтан қылмыстық іс жүргізуде штаттық сот аудармашыларының қызметтерін пайдалану орынды, ал егер олардың қатысуы мүмкін болмағанда ғана – мамандарды өзге мекемелер мен ұйымдардан шақыртылуы тиіс деп атап көрсетеді [7, 44 б.].

Сот талқылауына аудармашының қатысу мәселесін шешпес бұрын, міндетті түрде оның іс бойынша жүргізілетін тілді қаншалықты білетіндігін және бір тілден екінші тілге аударудағы тәжірибесі мен амалдарының бар екендігін анықтап алу қажетті. Сөздердің, сұрақтар мен жауаптардың, сондай-ақ, құжаттар-

дың дәлме-дәл аударылуына іс бойынша дәлелдемелерді бағалаудың дұрыстылығы тәуелді болады. Осыған орай, В.Кочеткова және В.Назаровалардың пікірлері бойынша, аудармашыға тілдің грамматикалық құрылымына назар аударудың және олардың аударатын сұрақтары, жауаптары мен құжаттары жөнінде түсініктемелер беруге құқылы емес екендіктерін түсіндіру қажет деп атап өтеді [8, 17 б.].

Аудармашы – дәлелдемелерді процессуалдық тұрғыдан бекітуде маңызды рөл атқарады. Алдын-ала тергеу барысында ол аударған құжаттары мен өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің хаттамаларын қол қою арқылы куәландырады.

Сот өндірісі жүргізілетін тілді білмейтін қатысушыларға, өз ана тілдерінде жауаптар беруге, сотта сөз сөйлеуге немесе аудармашының көмегін пайдалануға құқылы екендіктері түсіндірілуі тиіс. Тілді білмейтін тұлғаға уақтылы аудармашының көмегі берілмесе ол сөзсіз қамтамасыз етіледі. Міндетті түрде мына мәселеге назар аударылуы тиіс, егер де, айыпталушы немесе тергеу әрекетіне қатысатын өзге де қатысушының сот өндірісі жүргізілетін тілді білмеуі белгілі болса, онда анықтаушы мен тергеуші іске аудармашының көмегінсіз немесе өз еркімен оның қатысуына қарсылық білдірсе де аудармашыны қатыстыруға міндетті болып табылады.

Дәлелдеуге аудармашының қатысуы дәлелдемелерді жинау мен зерттеу институтына тікелей байланысты болады.

Мұндай жағдайда тергеуші мен сот және айыпталушы мен куә арасында аралық буындар пайда болады. Барлық мәліметтер аудармашының санасы арқылы өтіп, олда сараланып, тек содан кейін ғана тергеушімен сотқа келіп түседі. Осынысымен өзге тілге аударылған алғашқы дәлелдеу құралы (жауаптар, қорытындылар) туынды болып келеді. Сондықтанда, іс үшін маңызды мәліметтер жойылып кетуі, бұрмалануы немесе жасалған мәліметтің пайда болған мәліметтің пайда болу қаупінің бар екендігі анықталады.

Аталғандарды аудармашының қатысуымен алған дәлелдемелерді бағалауда ескеру қажетті.

Аудармашыға оның құқықтары, міндеттері және мүмкін болатын жауапкершіліктері жөнінде – оған өз міндеттеріне кіріспес бұрын түсіндіріледі. Сот талқылауында аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, төрағамен сотқа келушілерді тексерумен және сот мәжілісі сот талқылауының дайыдық бөлімінде жүзеге асырылады.

Тергеу және өзге де процессуалдық әрекеттердің жүргізілуіне аудармашының қатысуы сол хаттамаларда бекітілуі және де өзге қатысушылар сияқты аудармашы да оның мазмұнымен танысып болғаннан кейін қол қояды.

Аудармашы міндетті: тергеуші, анықтаушы, анықтау органдары, прокурор және судьяның шақыртуы бойынша келуге; тергеу және өзге процессуалдық әрекеттер барысында дұрыс аудармалар жасауға, сондай-ақ процессуалдық құжаттарды аударуға; аудармашы есебінде қылмыстық іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған алдын-ала тергеудің мәліметтерін жариялауға міндетті.

Жалған аударма жасағаны үшін және алдын-ала тергеудің мәліметтерін жарияламағаны үшін ҚР ҚДЖК-не сай қылмыстық жауапкершілік көзделген. ҚК-ң 307-бабында жалған жауап берген үшін, сарапшы мен маман қорытындысы немесе дұрыс дұрыс аударылмағаны үшін жауаптылық көзделген, ал ҚК-нің 310-бабында алдын-ала тергеудің мәліметтерін жарияғаны үшін жауаптылық көзделген. Осы ережелерді ережелерді ескере келе аудармашы есебінде ереже бойынша ҚР ҚІЖ-нің 307 және 310 баптары бойынша қылмыстық жауаптылық пайда болатын 16-жасқа толған тұлға болуы тиіс.

Яғни, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңының 307-бабындағы ескертуге орай, аудармашы қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатқызылады; егер де ол, анықтама, тергеу немесе сотта іс қарау барысында соттың үкімі немесе шешімі шыққанға дейін жалған дұрыс емес аударма жасалғандығы жөнінде өз еркімен жариялаған болса. Аудармашыға жалған дұрыс емес аударма жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бар екендігі жөнінде тергеушімен ескертілмесе, сондай-ақ, айыпталушыға қарсылық білдіру құқығының бар екендігі жөнінде айыпталушыға ескертілмеген болса, онда ол қылмыстық процессуалдық заңнаманы елеулі түрде бұзуға әкеп соқтырады. Яғни алдын-ала тергеу органдарымен Янг Пиню және Яо Дисайфенгу азаматтарына қасақана кісі өлтіру бойынша 10 ақпан 2006 жылы Алматы облысы Талғар қаласында жасалған қылмыс бойынша айып тағылды. Алматы облыстық соты судьясының қаулысымен 21 қараша 2006 жылы ҚР ҚК-ң 96-бабының «в», «г», «е», «з», «н» бөліктерінде көзделген қылмыстар бойынша Қытай Республика азаматтары Янг Пиня мен Яо Джайленгаға қатысты қылмыстық іс қосымша тергеуге қайтарылады. Бұл шешімді судья қабылдай отырып өз қаулысында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы, ал дәлірек айтар болсақ ҚР ҚДЖ-сі 151-бабының талаптары алдын-ала тергеу жүргізу барысында бұзылған деп көрсетеді. Алматы облысының прокуроры жеке тәртіпте судья қаулысының күшін жою туралы наразылық білдіріп, істі қайта сотта қарау туралы айтады. ҚР Жоғарғы сотының

қылмыстық істер жөніндегі алқасы (2007 жыл 14 мамырда) прокурордың наразылығын қанағаттандырусыз қалдыру ал судья қаулысын келесі негіздер бойынша өзгертусіз қалдырды. ҚР ҚІЖК-сі 232-бабына сай сот істі қосымша тергеуге жібереді, егер: тергеу органдары мен қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзуға жол берілсе істі қосымша тергеуге жібереді. Істің материалдарына орай және судья қаулысында көрсетілгендей, тергеу органдарымен ҚІЖК-сі 151-бабының талаптары айып тағу барысында бұзылғандығы және аудармашы 3-ға жалған дұрыс емес аударма жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екендігі жөнінде тергеушімен ескертілмеген. Сондай-ақ, айыпталушыға аудармашыға қарсылық білдіру құқығының бар екендігі түсіндірілмей және Янг Пиня мен Яо Джайфинге азаматтарынан жауап алу хаттамасының әрбір беттеріне аудармашының қолы қойылмаған осындай жағдайларға орай сотты қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтаруы негізді деп есептеледі.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).*

2. *Розин Н.Н. Язык уголовного судопроизводства. – М.: 1986 – С. 91-92.*

3. *Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І Қазақстан Республикасының заңы 2008. 21.11.*

4. *Ерешев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. – 216 б.*

5. *Вестник Института законодательства Республики Казахстан. №3(3) 2006 г. – С. 72.*

6. *Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N206 Кодексі.*

7. *Жүрсімбаев С.К. Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдары: Оқулық. – Алматы: «НУРППЕСС» баспасы, 2010 – 360 б.*

8. *Кочеткова В.Н., Назарова С.В. Стиль составления процессуальных документов. – Киев, 1989 – 152 с.*

Резюме

В данной статье рассматриваются процессуальные проблемы участия переводчика в уголовном судопроизводстве. А также, правовой статус переводчика в уголовном процессе.

Summary

This article rasmtrivaetsya procedural problems of an interpreter in criminal proceedings. Also, the legal status of an interpreter in criminal proceedings.

МОНОПОЛИСТІК ІС-ӘРЕКЕТ ПЕН БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ӘДЕЙІ ШЕКТЕУ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Л.Ш. Копбаева – *«мемлекет және құқық теориясы мен конституциялық құқық» кафедрасының аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2030» даму Стратегия бағдарламасы экономиканы жан-жақты күшейтуді және сапалы жаңа межелерге алып шығуға қабілетті экономикалық тасқынды қамтамасыз етуді көздейді. «Егер біз стратегиямызды мүлтіксіз орындап, ынталы еңбек етсек онда біз Орталық Азияның нағыз барысы бола аламыз және ұлт тұтастығына, әлеуметтік әділдікке және барша халықтың экономикалық жақсы тұрмысына сай тәуелсіз мемлекет ретінде – дамушы елдер үшін үлгіге айналамыз» – деді Президент халыққа арнаған Жолдауында [1].

Осы ретте әлемдік жаһандану шеңберінде Қазақстан үшін басты бағыт: әлемдік экономикаға бірігу, халықаралық аренада бәсекелестікті сақтау және ел ішінде осы үдерістердің маңызды және елеулі өзгерістерге әкелуін қамтамасыз ету және елу елдің қатарына ену.

Нарықтық экономиканың негізгі ерекшеліктері: өндіруші үшін өндірілетін өнімді таңдауда, тұтынушыға тауарды алуда, жұмысшыға жұмыс орнын таңдауда ерік беру. Бірақ еркін таңдау экономикалық табысты өзінен-өзі қамтамасыз ете алмайды, оны бәсекелестік күресте ғана жеңіп алуға болады.

«Бәсеке» – латынның *conspicere* – қақтығысу мағынасын білдіреді. Бәсеке іс-қимыл жасайтын салада ұтымды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын экономикалық жарыс, шаруашылық жүргізудің қолайлы жағдайына ие болу үшін, пайданы мол алу үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі. Сонымен қатар, ол нарық субъектілерінің өнімді өндіру мен оны өткізудегі және капиталды қолдану сферасындағы ара қатынастары.

Бәсеке – экономикалық категория ретінде белгілі бір мақсатқа жетудегі рынокқа қатысушылардың

арасындағы бақталастық, жарыс деуге де болады. Кәсіпкерлікпен айналыса отырып, оған қатысушылардың басты мақсаты – барынша мол пайда алу балып саналады. Ал мұндай мақсаттарға шаруашылық субъектілер заңды, әрі заңсыз құралдар арқылы жетуі мүмкін. Заңды құралдар арқылы – **таза** бәсекеге, ал заңсыз құралдар арқылы – **жозықсыз** бәсекеге жетуі мүмкін. «Бәсеке» туралы Заң аталған жозықсыз бәсеке нысандарын монополистік қызмет нысанына мәні бойынша теңестіреді. Демек, теріс пиғылды бәсеке, бұл – таза **монополия** [2].

Монополия (гректің – *monos* – жалғыз, *polis* – сатамын) жеке өндірушінің тауар рыногын бақылап және сол рынокта үстем орын алуын айтуға болады. Оның мақсаты – рынокта баға мен өндіріс көлемін бақылау арқылы мүмкін болатын жоғары табыс алу. Мақсатқа жету құралы болып орташадан жоғары пайданы қамтамасыз ететін монополиялық баға құрылуын ұсынады.

Монополияның өте маңызды нәтижесі болып – өнімді шығаруды азайту, бағаны көтеру немесе азайту және табысты тұтынушылардан өндірушілерге өткеру саналады. Демек, монополиялық қызмет деп – рынок субъектілерінің, мемлекеттік органдардың бәсекеге жолбермеуге, оны шектеуге немесе жоюға бағытталған және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасауға қайшы іс-әрекеттерін айтуға болады.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабында көрсетілгендей «Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жозықсыз бәсекеге тиым салынады» – делінген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша монополиялық іс-әрекеттер мен бәсекені әдейі шектеу үшін арнайы бап қарастырылған, онда – монополиялық жоғары немесе төмен бағаны белгілеу мен ұстап тұру, сондай-ақ рынокты бөліп алу, рынокқа кіруді шектеу, одан экономикалық қызметтің басқа да субъектілерін ығыстыру, бірыңғай баға белгілеу немесе ұстап тұру арқылы бәсекені шектеуге қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Осы монополистік іс-әрекеттер мен бәсекені әдейі шектеудің алдын-алу шарасын ұйымдастыру үшін қылмыстылықтың себептері мен шарттарын қарастырудың орны зор. Қылмыстылықты зерделеу кезеңі мен қылмыстылықпен күресуді ұйымдастыру кезеңі арасында қылмыстылықтың детерминациясы мен себептілігін айқындау кезеңі міндетті түрде болады.

Қылмыстылықтың себептеріне баса мән бермеу немесе ол жайында аса қолданбау соңғы уақытқа дейін кеңестік криминологияда орын алып келді. Кейбір ғалымдар бұны «Әр түрлі сипаттағы дүниеқоңыздық», «буржуазиялық меншік құмарлық психология» деп санайды [3]. Криминологиялық әдебиеттерде неғұрлым көп таралған, қылмыстылықты туындататын әдеттегі мән-жайлар туралы мәліметтер көптеп келтіріледі. Бірақ, өзінің әр түрлі көрінісінде және үйлесімінде бұл мән-жайлар қылмыстылықтың саналуан түрлерін туындатуы, оның сапалық және сандық сипаттамаларын әр түрлі анықтауы мүмкін. Сондықтан да әр түрлі аймақтардағы адамдардың нақты өмір тіршілігінің жағдайын, сол жағдайларының өзгеруін, сондай-ақ қылмыстылықтың соған дейінгі күйін әр уақытта талдау керек.

Қандай да бір мән-жайдың қылмыстық іс-қимылмен байланысын жай көрсету ғана емес, сол байланыстың сипатын айқындаудың да маңызы зор, мысалы: өзінің қандай нақты көріністерінде, қандай өзге де факторлармен жиынтығында және қандай ситуацияларда қандай мән-жай қылмыстық әрекеттер тудырады. Міне осы жағдайлар орын мен уақыттың нақты жағдайларын ескеріп, алдын-алу шараларын мақсатты қолдануға мүмкіндік береді.

Детерминация – латынның *determinare* (анықтау, айқындау) деген сөзінен шыққан. Яғни, детерминация – ол айқындау, анықтау процесі. Дүниедегі барлық құбылыстар, процестер бір-біріне тәуелді: бір құбылыстың пайда болуы, дамуы, жойылуы өзгелеріне тікелей байланысты, соңғысының тағдырын алғашқы құбылыстар айқындайды. Детерминизмнің негізгі мазмұнын себептілік құрайды. В.Ломоносов айтқандай: «ештеңе де жоқтан пайда болмайды, пайда болған нәрсе өмірде бар молекулалардың қосындысы немесе ажырауы нәтижесінде өмірге келеді» – дейді.

Детерминация төмендегідей өзіндік ерекшеліктерге ие: жағдай, қызметтердің байланысы, коффеляция, себептілік және басқалар.

Себепті байланыс – детерминация туралы ілімнің негізгі түрі, ядросы. Себептілік - криминологияда ең күрделі, шиеленіске толы мәселелердің бірі. «Себептілік» ұғымына дұрыс түсінік беру үшін оны кезегімен, түрлі жағдайларға қатысты қарастырған дұрыс. Себептілік – детерминацияның ішкі мазмұны, мәні. Себепті байланысқа мыналар тән: жалпыламалық, уақыт пен аймақтағы үздіксіздік. Табиғаты жағынан себептілік – генетикалық байланыс. Себептілік категориясында бір құбылыс міндетті түрде екіншіге (нәтижеге) айналады. Себептілік бір-біріне әсер ететін нақты оқиғаларды ғана сипаттайды, құбылысты өзгертуі де мүмкін. Себептілік категориясы тек себеп, жол беретін жағдай, нәтиже, олардың байланысы

ғана емес, нәтиже мен себептердің арасындағы кері байланысты да қамтиды. Кез келген себеп түрлі жол беретін жағдайлармен бірге болады. Себеп – нәтиже туғызатын құбылыс, ол нәтижеге жету үшін белгілі оқиғаның дамуын қамтамасыз етеді.

Адамзат тарихында қылмыс себептері туралы ойланбай кеткен ұрпақ жоқ. Ғалымдар қылмыстылықтың әмбебап себептерін анықтауға тырысқан. Түрлі жағдайларға қарамастан қылмыстылықтың пайда болуының нақты жолы, негізгі, дәлме-дәл себептері жоқ. Барлық халыққа, уақытқа ортақ қылмыстылықтың да бейнесі болған емес, бұл өзгермелі, тұрақсыз құбылыс. Қылмыстылықтың себептері туралы әр түрлі көзқарастар бар.

Себептілік – бұл заттар мен құбылыстар байланыстарының бір түрі, бұл – өндіруші немесе басқаша айтқанда «генетикалық» байланыс, яғни қандай да бір құбылыстың, процестің туындау фактісін анықтаушы байланыс. Себептілік туралы айтқанда «себеп және салдар», «себептілік салдарлық байланыстар», «себептік тізбектер», «себептік кешендер» және басқа да санаттар пайдаланылады. Себептік байланыстардың айрықша ерекшелігі мынада: біріншіден, себеп әрекетке апарады, одан салдар туындайды. Себептен әрекет туындайды. Себептен әрекет туындауы қандай да бір жағдайлар болуы тиіс, бірақ бұл жағдайлар өздігінен салдар әкелмейді.

Қылмыстылық себептері мәселесін дұрыс, нақты шешудің жолы оны ғылыми топтау болып табылады. Криминологияда қылмыстылық себептері, кеңес дәуірі тұсында логикалық жүйеге келтірілді. Қылмыстылықтың себептері қамтылу деңгейіне, әлеуметтік құбылыстардың мазмұны мен сипатына, мақсатына, әлеуметтік факторлардың қылмыстылыққа әсер ету механизміне, қоғамдағы әлеуметтік формациялардың ерекшеліктеріне қарай бөлінеді.

Профессор Е.І. Қайыржанов қылмыстардың себептерін екі топқа бөледі: макродәрежедегі мән-жайлар (әлеуметтік-экономикалық формацияның, идеологиялық, әлеуметтік құндылықтардың және т.б. өзгеруімен), екіншісі – нақты қоғамға қауіпті әрекеттердің жасалуына әсер ететін микродәрежедегі мән-жайлар [4]. Сонымен қатар, профессор Е.І. Қайыржанов қылмыстылықтың себептерін биологиялық, генетикалық, психологиялық және социологиялық деп топтастыруға болады дейді. Сондай-ақ бұдан басқа да теологиялық, астрологиялық, астрономиялық та теориялар бар.

Ал монополистік іс-әрекеттер мен бәсекені әдейі шектеу жөніндегі қылмыстардың алдын алу шараларын ұйымдастыруда ескеретін себепті мән-жайларды екі топқа бөлуге болады: монополистік қызмет пен бәсекені шектеу жөніндегі қылмыстардың жасалуына жол беретін жалпы және арнайы мән-жайлар.

Монополистік қызмет пен бәсекені шектеу жөніндегі **жалпы** жол беретін мән-жайларға, себептерге – ұйымдастырушылық, құқықтық, әлеуметтік, экономикалық мән-жайларды жатқызамыз.

Ұйымдастыру шараларына байланысты монополиялық қызмет пен бәсекені шектеуге мынадай кемшіліктерді жатқызамыз:

– әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында тауарлар мен қызметтерге кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуі;

– өнімдерін өткізуде бюджетке міндетті ақы төлеуден шаруашылық субъектілердің жалтаруы;

– тауар нарығында шаруашылық субъектілер арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдерге жол берулері;

– әкімшілік кедергілердің орын алып, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қажетті инфрақұрылымдардың құрылмауы.

Жозықсыз бәсеке мен монополистік іс-әрекеттерге мынадай экономикалық кемшіліктер де себепші болады:

– нарық субъектілерінің арасында қосылулар мен жұтып қоюлардың саны азаюы мен экономикалық шоғырлану қарқынының төмендеуі;

– экономиканың негізгі көзі болып табылатын темір жол, телекоммуникация, отын-энергетика кешені салаларында монополиялаудың орын алуы;

– экономикада инфляциялық процесстің дамуы;

– тауар нарығында өнімдерге импорт үстемдігінің орын алуы;

– ірі сауда желілерінің тауарларды өндірушілер мен өнім берушілерге қатысты кемсітушілік фактілердің көптеп орын алуы;

Сонымен қатар монополистік қызмет пен бәсекелестікті шектеу жөніндегі қылмыстардың пайда болуына келесі **құқықтық факторларда әсер** етеді:

– монополистік іс-әрекеттер мен бәсеке жөніндегі нормативтік актілердің жетілдірілмеуі;

– нарық жағдайында субъектілердің өз үстем жағдайларын теріс пайдаланулары;

- шаруашылық субъектілердің бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс әрекеттерді белгілеулері;
- нарық субъектілерінің тарапынан жозықсыз бәсекелестікке жол берулері;
- тұтынушылардың құқықтарына қысым жасаудан көрінген үстем жағдайды теріс пайдалану фактілерінің орын алуы;
- монополистік қызмет пен бәсекені шектеу туралы қылмыстарды сот практикасында қарау мәселелері туралы қылмыстық заңға түсініктеме беретін актілердің (Жоғары Сот қаулысы) қабылданбауы;
- қылмыстық құқықтық маңызы бар ұғымдарға толық түсініктердің берілмеуі;
- қылмыстық әрекеттерді саралау мәселелерінің туындауы;
- жозықсыз бәсеке мен монополистік іс әрекет жасау фактісін анықтауға байланысты жедел-ізвестіру шараларының белсенді жүргізілмеуі, оның дұрыс бақыланбауы;
- ұйымдастырушылық уәкілетті және құқық қорғау органдарының жозықсыз бәсеке мен монополистік іс-әрекет жасаудың алдын алу шараларын бірлесіп атқаруда белсенділік танытпауы;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың көпшілігінің мүдделері қоғам мүддесіне қайшы, пайдакүнем, сондай-ақ экономика саласында құқық бұзушылыққа, қылмыс жасауға бейім болуы;
- экономикалық шоғырлану кезіндегі нарық субъектілерінің заңсыз іс-әрекеттерге баруы;
- қылмыспен күресу, оны ашу мақсатында жедел-ізвестіру шараларын, тергеу әрекеттерін ұйымдастыру, құқық қорғау органдарының кадрларын даярлау және оларды қаржыландыру, қаражатты орынды, тиімді жұмсау жөніндегі сұрақтардың шешілмеуі;
- қоғамдық тәртіп сақшыларының құқық бұзушылықтың алдын алуда белсенділік танытпауы;

Монополистік қызмет пен бәсекелестікті шектеу жөніндегі қылмыстардың пайда болуына келесі **әлеуметтік факторлардың да әсер** етуі:

- санаулы халықтың кірісі жоғары, ал елдің көпшілігінің кірістерінің төмен болуына байланысты өмір жағдайын дифференциациялаудың күшеюі;
- көпшілік халықтың экономика саласында білімдерінің нашар болу салдарынан монополиялық іс-әрекеттерден зардап шегулері;

Ал монополистік іс-әрекеттер мен бәсекені әдейі шектеу жөніндегі жол беретін **арнайы** мән-жайлар дегеніміз – монополистік іс әрекеттер мен жозықсыз бәсеке түріндегі жекеленген әрекеттердің себептері (кемшіліктер) болып табылады. Олар:

- әлеуметтік мәні бар инфрақұрылымдық маңызы бар нарықтықтардың (мұнай өнімдері, электр энергиясы, газ және көлік нарығы т.б.) дамуына кедергілердің орын алуы;
- тауардың жекелеген топтарына, сонымен қатар мұнай, газ өнімдері мен электр энергиясына бағалардың негізсіз өсуі.
- жанар жағар май, азық-түлік және жеміс-көкөніс өнімдері нарықтарындағы жағдайлардың тұрақтанбауы;

Мысалы: Қазақстан Республикасы нарығында жанар жағар майының өнім берушілерінің бірі болып табылатын «Петро Қазақстан СҮ» ЖШС мен «Торғай Петролеум» АҚ-ның қызметінде өзінің үстем жағдайын теріс пайдалану, оның ішінде нарық субъектілерімен жасалған маңызы бірдей келісімдерге объективті түрде өзін-өзі ақтамайтын себептермен әртүрлі бағалар қолдану, не әртүрлі талаптар қою, сондай-ақ өзінен сатып алынған тауарларды қайта сатуға аумақтық белгісі бойынша шектеулер белгілеу фактілері белгіленді. Осы фактілер бойынша аталған субъектілерге қатысты монополияға қарсы заңнаманы бұзу фактілері бойынша материалдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қаржы полициясына беріліп отыр [5].

Монополиялық іс әрекеттер мен бәсекелестік жөніндегі қылмыстылықпен күресуде Қазақстан Республикасының аумағында бәсекені мұқият, объективті талдау негізінде жозықсыз бәсеке мен монополиялық іс-әрекеттер туралы мәліметтерді жоспарлы түрде жинап, оларды жан-жақты зерттеп әрі жүйелей отырып, жалпы және арнайы шаралар ретінде құқықтық экономикалық, әлеуметтік саясатты жүргізетін болсақ біз тиісті дәрежелерге қол жеткізе аламыз.

1. Назарбаев, Н.А. *Казахстан-2030. Прозрение, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание народу Казахстана. Казахская правда.* – 1997. – 14 октября.

2. Носов С.С. *Экономическая теория. Элементарный курс: Учебное пособие.* – М.: КНОРУС, 2008. – 520 с.

3. Аванесов А.Г. *Криминология и социальная профилактика.* – М., 1980.

4. Каиржанов Е. *Криминология. Общая часть.* – Алматы: Өркениет, 2000.

5. Интернет-источник: <http://Kazakhstan.news-city.info/>

Резюме

В данной статье рассматриваются о причинах преступности монополистических действий и ограничений конкуренций.

Summary

This article focuses on the causes of crime monopolistic actions and limited competition.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӨТ ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғ.Ш. Битұрсын – құқық және экономика институтының директор орынбасары,
Абай атындағы ҚазҰПУ,

Б.М. Омар – «азаматтық құқық және іс жүргізу» кафедрасының магистр оқытушысы,
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Е.К. Баєтов – «қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминология» кафедрасының магистр оқытушысы,
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығын бекітіп, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бүкіл қызметі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталғанын нақтылы айқындап берді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар», – деп атап көрсетілсе [1, 8], Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 1-тармағында, «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады», және 77-бабында «судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз, ол Конституция мен Заңға ғана бағынады», – деп нақтыланған [1, 42]. Президент Н.Ә. Назарбаев судьялардың 5-съезінде сөйлеген сөзінде, «Азаматтардың өз құқықтары бұзылған кезде қорғаныш іздеп жүгіне алатын сенімді органы – соттар болып отыр», – деген болатын.

Конституциялық реформа жүргізудің нәтижесінде қазақстандық сот төрелігі жүйесі адам құқықтарын тиімді қорғайтын қуатты жаңа тетіктерге ие болды. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардың өтінішпен сотқа тікелей жүгінуі арта түскен сайын соттардың қызметіне де қосымша салмақ түсіп отырғанын айтпай кетуге болмайды. Сондықтан сот ісін жүргізуді жетілдіру мәселесін біз шындап қолға алдық [2, 1-2].

Жаңа тұрпаттағы Ата Заңымыз еліміздің сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, судьялардың мәртебесін көтеруге зор үлес қосты. Соның ішінде сот кадрларын іріктеу Жоғары Сот Кеңесіне берілгенін, тұтқындауға санкция беру құзыреті прокуратурадан алынып соттарға ауыстырылғанын, өлім жазасына мораторий енгізілгенін ерекше атап өткен жөн. Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі көтеріліп, әлеуметтік-құқықтық қорғау кепілдіктері жақсара түсті. Алқа билер институты, мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, қылмыстық, ювеналдық соттар құрылып жұмыс жасауларының арқасында сот беделі көтеріліп, түрлі дауларды шешудің баламалы әдісін жүзеге асыруға мүмкіндік туды [3, 2-3].

Көп кеңесу мен ізденістің нәтижесінде, сот ісін оңтайландыру мақсатында 2012 жылғы 16 ақпанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға тиісті өзгерістер мен түзетулер енгізіліп, «Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы, «Аралық соттар туралы», «Халықаралық коммерциялық төрелік соттар туралы», «Медиация туралы» заңдар мен басқа да маңызды нормативтік актілер қабылданды. Сонымен қатар, 2013 жылдың 1-ші шілдесінен бастап Қылмыстық, Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар қолданысқа енгізілді. Осыған сәйкес облыстық соттарда азаматтық және әкімшілік істер бойынша және қылмыстық істер бойынша апелляциялық сот алқалары, облыстық соттың төрағасы тікелей жетекшілік ететін кассациялық сот алқасы жұмысқа кірісті. Бірінші сатыдағы соттарда қабылданған заңды күшіне енген сот шешімдері мен үкімдері облыстық соттың апелляциялық сот алқаларында, ал, заңды күшіне енген бірінші сатыдағы сот шешімдері мен үкімдері, апелляциялық сот алқасымен қабылданған үкімдер, қаулылар кассациялық сот алқасында қаралады. Мұның тиімді жағы егерде, тараптар сот үкіміне, шешіміне разы болмаған жағдайда заңды күшіне енген сот актілерін облыстық соттың кассациялық сот алқасы қайта қарап, бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың

кателіктерін дер кезінде түзеп отырады. Соның нәтижесінде бұрынғыдай, текке уақыт кетіріп, Жоғарғы Сотқа шағымданудың қажеттілігі болмайды. Кез келген іс бойынша сот актілерінің заңдылығын тексеру үшін алыстан ат арылтып Жоғарғы Сотқа келу адамдарға материалдық және моральдық жағынан да оңай емес. Тек кассациялық алқаның шешімімен келіспеген жағдайда ғана Жоғарғы Сотқа жүгінуге болады. Жоғарғы Сот өтініштің уәждерін орынды деп тапса, істі қадағалау тәртібімен қарайды. Сот ісін жүргізудегі осы оң өзгерістердің нәтижесінде Жоғарғы Сот заңда көзделген тәртіппен жергілікті соттардың қызметін кеңінен қадағалауға, заң нормаларын сот практикасында қолдану мәселелері бойынша түсініктемелер беруге, сот ісін жүргізуді жетілдірумен, судья кадрларын сапалы іріктеумен шұғылдануға, республика соттарында біркелкі сот практикасын қалыптастыру бағыттарында жұмыс істеуге мүмкіндік алып отыр. Ендігі жерде Жоғарғы Соттың қарауына тек кассациялық тәртіпте қаралған істер ғана жолданатын болады. Тұтастай алғанда, конституциялық реформадан бастау алған сот реформасының жетістігі – қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің әлемдік, демократиялық стандарттарына жақындай түсуіміз болып табылады. Бұл ретте шетелдік тәуелсіз талдаушылардың кеңес заманынан кейінгі кеңістікте сот-құқықтық реформалар бойынша Қазақстанның алдыңғы орындарға шыққанын мойындап, қазақстандық сот төрелігінің тиімділігін жоғары бағалап отырғанын айтуымыз қажет.

«Істер апелляциялық алқада бір ай уақыт аралығында қаралуы тиісті. Уақыт шектеуіне қатысты дәлелді себептер пайда болған жағдайда тағы бір айға ұзартылады. Тараптар апелляциялық сот алқасының қаулысы оқылған күннен бастап алты ай уақыт ішінде кассациялық алқаға шағымдана алады. Айыптау үкімі бойынша сотталушының кінәлі еместігі немесе оның жағдайын жеңілдететін басқа да уәждер бойынша шағым немесе наразылық беру мерзіміне ешқандай шектеу қойылмайды. Тағы бір тоқтала кететін нәрсе, ендігі жерде апелляциялық сатыдағы қаралған істер қайта қарауға бірінші сатыдағы сотқа жолданбайды. Тек Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 411-бабы 1-бөлімінің 8-тармағында көрсетілген ерекше жағдайларға сәйкес келсе қайта тергеуге жолдауға болады. Сонымен қатар, апелляциялық алқада қаралып, қабылданған сот үкімі іс жүргізуде заң талаптарының өрескел бұзылуына жол берілгендігі анықталғанда ғана бұзылып, іс қайта қарауға жолданатынын, егерде тараптар белгіленген уақыт ішінде сот хаттамасымен таныса алмаса, сот шешімін уақытында алмаса және сот актісі дұрыс аударылып берілмесе онда олардың сотқа шағым, наразылық беру мерзімі міндетті түрде қалпына келтіріледі. Бірінші сатыдағы сотта істерді бір судья қарайды. Аса ауыр қылмыстық істер сотталушының өтінішіне орай үш судьядан кем емес құрамда және он алқабидің қатысуымен қаралады. Кассациялық алқада да істерді қараушылардың құрамы үш судьядан кем болмауы керек.

Енді облыстық соттардағы апелляциялық және кассациялық сот алқаларының толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік берілді. Яғни барлық шаруа облыстық соттың алқаларында шешіліп, істің соңғы нүктесі де сол жерде қойылады. Облыстық соттардың құзыреті кеңейді, олар бірінші сатыдағы соттардың заңды күшіне енген сот актілерін тексеріп, жаңа шешім шығара алады. Облыстық соттың кассациялық сот алқасында істердің түбегейлі шешімін табуы халыққа қолайлы болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да сот жүйесіне қатысты былай деген, – болатын:

«Судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып шығаруға тиіс. Судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта қарау қажет. Апелляциялық инстанциялардың істерді қарауға төменгі соттарға қайтару жөнінде негізсіз шешімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу керек», – деді Президент Н.Ә. Назарбаев [4, 1-2].

Елбасымыз Н.Назарбаев бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – соттардың әділдігіне баса назар аударта отырып, «Әділ және сатылмайтын сот – демократиялық және құқықтық мемлекеттің аса маңызды негізі. Егеменді Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – бұл соттар мен судьялардың тек формалды-заңды ғана емес, сонымен қатар, нақты тәуелсіздікке ие болуы», – деген болатын. Мемлекет басшысының 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен мақұлданған 2010-2020 жылдар аралығындағы кезеңді қамтитын Құқықтық саясат тұжырымдамасы еліміздегі сот жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойған болатын. Осы сара бастау сот жүйесін дамытудың келешектегі негізгі ұстанар бағытын айқындайтын дара жол болары анық.

Ұзақ тарихы бар еуропалық мемлекеттердің конституциялардың қасында Қазақстан Республикасының конституциясы жас, алайда, өткен ғасырлардың даналығынан сабақ алған, қазіргі заманның жаңалықтарынан қуат алған, әр бабының орны ерекше. Себебі, ол еліміздің қысқа ғана мерзімдегі толағай табыстарының заңдық тұғыры және болашағымыздың құқықтық бағдары, – деп айтуымызға болады.

Қазіргі таңда сот органдарын реформалау барысы жалғасын табуда. Сот органдарын реформалаудың бірі, жеке тұлғаның өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жиірек жүгінуіне жағдай жасау болып табылады. Ол үшін, жеке тұлғаның сот органымен өзара тығыз байланысты төмендегіше үш элементті біріктіру қажет, – деп ойлаймын:

– біріншіден, заң негізінде құрылған және тәуелсіздік пен бейтараптылық критерийлеріне сәйкес келетін соттың болуы қажет;

– екіншіден, даудың немесе айыптаудың барлық тұстары бойынша шешім қабылдау үшін соттың кең өкілеттілігі болуы керек;

– үшіншіден, жеке тұлғаның сотқа еркін қол жеткізу құқығы болуы қажет.

1. *Қазақстан Республикасының 30.08.1995 жылғы Конституциясы (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 ж., №4, 217-құжат), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1998 ж., №20, 245-құжат), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 ж., №10, 68-құжат).* – Астана: «Елорда» баспасы, 2009.

2. *«Конституция – еркін адамдардың ерікті таңдауы». «Егемен Қазақстан» газеті. 30 тамыз, 2012 ж.*

3. *«Ел дамуының кепілі». «Егемен Қазақстан» газеті. 22 тамыз, 2012 ж.*

4. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.*

Резюме

В этой статье правовое значение конституционных реформ в судебной системе Республики Казахстан.

Summary

This article deals with significance of right of constitutional reform in The system of judge of Kazakhstan

ЛАНКЕСТІКТІ САБАҚТАС ҚҰРАМДЫ ҚЫЛМЫС ТҮРЛЕРІНЕН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Р. Буранбаева – *«қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Ланкестікті диверсиядан (ҚК 171-бабынан) ажырату

Диверсия – бұл «Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатында адамдарды жаппай қырып-жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, кәсіпорындарды, құрылыстарды, қатынас жолдары мен құралдарын, байланыс құралдарын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қиратуға, немесе зақымдауға бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге іс-әрекеттер жасау, сол сияқты осы мақсатта жаппай улау немесе эпидемиялар мен эпизоотиялар тарату» (ҚК 171-бабы).

Диверсияның тікелей объектісі Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілеті болып танылады.

Бұдан бұрын анықтама берілгендей, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі деп «елдің ұлттық мүдделерін іс жүзіндегі және болады-ау деген қауіптен қорғаудың жай-күйі» танылады.

Дегенмен, бұл қылмыстың құрамын қарастырғанда, ең әуелі экономикалық қауіпсіздік туралы сөз қозғалуы керек.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26-маусымдағы (28.04.2000 ж. өзгертулерімен) «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы». Заңына сәйкес, экономикалық қауіпсіздік деп «Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының, оның тұрақты дамуы мен экономикалық дербестігіне иуіп төндіретін сыртқы және ішкі жағдайлардан, процесстер мен факторлардан қорғаудың жай күйі» танылады.

Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеттілігі жайында сөз қозғағанда, оның қорғанысына назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7-қаңтардағы «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Карулы Күштері туралы» Заңының негізінде Қазақстан Республикасының қорғанысы деп «республиканың егемендігін, аумақтық тұтастығы мен оның шекараларының дербестігін қорғауға әзірлігін қамтамасыз ететін саяси, ескери, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құқықтық сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі» танылады.

Диверсия нәрсесі ретінде кәсіпорындар, құрылыстар мен қатынас құралдары, байланыс құралдары, тұрғындар тұрмысын қамтамасыз ететін объектілер және басқалар көрінеді.

Диверсияның объективтік жағы диспозицияда қарастырылған төмендегі мына әрекеттердің бірін жасаумен сипатталады:

- адамдарды жаппай қырып-жоюға, олардың денсаулықтарына зиян келтіруге бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де әрекеттер;
- кәсіпорындарды, құрылыстарды, жолдар мен катынас құралдарын, тұрғындар тіршілігін қамтамасыз ететін объектілерді бұзуға немесе бүлдіруге бағытталған әрекеттер;
- жаппай улау;
- эпидемия тарату;
- эпизоопия тарату.

Диверсияның бірінші нысаны (адамдарды жаппай қырып-жоюға, олардың денсаулықтарына зиян келтіруге бағытталған жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де әрекеттер) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатымен кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың айтарлықтай мөлшердегі қызметкерлер санын қатардан шығарумен (қазаға ұшырату, денсаулықтарына елеулі дәрежеде зиян келтіру) көрінеді.

«Денсаулыққа зиян келтіру» ұғымын қылмыстық құқық ғылымы медицина ережелерінің негізінде қарастырады. Медициналық тұрғыдан алғанда адамның денсаулығына зиян келтіруді дене мүшелерінің бүтіндігіне немесе ағзалары мен тіндерінің қызметіне сыртқы факторлардың әсері арқылы нұқсан келтіру деп білуге болады.

ҚР Денсаулық сақтау Министрінің 2004 ж. 20 желтоқсандағы «Сот-медициналық сараптама жүргізу және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесіне қарай, қылмыстық заң жауаптылық белгілейді [1].

Екінші нысандағы диверсия заңда көрсетілген халықшаруашылығы объектілерін бұзуға немесе бүлдіруге бағытталып жасалған әрекеттермен сипатталады.

Бұзу дегенді қалпына келтіру мүмкін емес немесе экономикалық жағынан тиімсіз болып саналатын объектілерді толығымен жарамсыз күйге келтіру деп түсінуге болады.

Бүлдіру дегенді жөндеу арқылы қалпына келтіруге болатын объектілерге халықшаруашылығы үшін маңыздылығын төмендететін диверсиялық жолмен зиян келтіру деп түсінуге болады.

Диверсияның бастапқы екі нысанының әдістеріне заң шығарушының тікелей белгілеп берген жарылыс жасау мен өрт қою ғана емес, сонымен бірге ҚР ҚК 171-бабының диспозициясында көрсетілген адамдарды жаппай қырып-жою, олардың денсаулықтарына зиян келтіруге немесе объектілерді бұзу мен бүлдіруге бағытталған өзге де әрекеттері жатады. Сонымен бірге өзге әрекеттерге, мысалы, апат пен зілзала, көшкін мен тасқын және басқаларды жатқызуға болады.

Бұл нысандағы диверсияның құрамы – формальды, бұл қылмыстың аяқталуы заңда көрсетілген әрекеттерді жасаған сәттен бастап саналады. Оның келтірген зардаптары жасалған әрекетті саралауға әсер етпейді, бірақ кінә дәрежесін анықтау мен жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

Диверсияның үшінші нысаны жаппай уландырумен көрінеді, яғни адамдарды тағамның, судың, дәрі-дәрмектердің және басқа да азық-түліктердің құрамындағы улы заттар арқылы қатардан шығару.

Уландыру – адамның ағзасына улы заттардың өтіп кетуі салдарынан ауру-сырқаулық күйге түсіру. Уланудың қауіптілігі кейбір жағдайда адамның өлімге ұшырауында.

Диверсияның бұл нысаны басқа түрлері сияқты құрылысы бойынша – материалдық. Қылмыс жаппай улану басталған сәттен аяқталған деп саналады.

Диверсияның төртінші түрі эпидемия таратудан тұрады. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4-желтоқсандағы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық аман-саулығы туралы» Заңына сәйкес, эпидемия деп «әдеттегі тіркелетін науқастылық деңгейін елеулі түрде кебейтетін жұқпалы ауруларды жаппай тарату» деп түсіндіріледі. Бұл жерде, бірқатар авторлардың көрсеткеніндей, эпидемияның негізгі белгісі аурудың тек санында ғана емес, оның сипатына байланысты. Мәселен, обамен, тырысқақпен бірнеше адамның ауруының өзін эпидемия деп атауға болады.

Бұл нысандағы диверсияны адамдардың жұқпалы аурулармен ауыра бастаған кезінен-ақ аяқталған деп санауға болады.

Диверсияның бесінші нысаны эпизоотиямен көрінеді. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12-шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңы негізінде эпизоотия деп «тиісті бір өкімшілік-аумақтың бірлік жеріндегі жануарлардың аса қауіпті және басқа да ауруларын жаппай тарату» деп түсінуге болады.

Диверсияның субъективтік жағы тура ниетпен сипатталады. Диверсияның себебі әртүрлі болуы мүмкін, ол жасалған әрекетті саралауға әсер етпейді.

Диверсияның субъектісі болып жасы 16-ға толған есі дұрыс жеке тұлға танылады.

Объективтік жағына қарай диверсия кейбір жалпы қылмыстық әрекеттерге ұқсас, атап айтқанда, көптеген адамның өміріне қауіпті тәсілдермен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-белігінің «е»-тармағы), бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК 187-бабы), көлік құралдары мен жол қатынастарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (ҚК 299-бабы). Бұл аталған қылмыстардың диверсиядан айырмашылығы – қоғамдық қатынастың басқа салаларына зиян келтіруінде. Сонымен бірге оны жасаған кінәлінің кінәсінде ҚР ҚК 171-бабында арнайы мақсат – Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру жоқ.

Диверсияның терроризмнен (ҚК 233-бабы) айырмашылығы – ең бастысы қылмыстың мақсатына байланысты: терроризм (лаңкестік) қоғамдық қауіпсіздікті бұзуды, халықты үрейлендіруді мақсат тұтады; диверсия өзіннің күшімен, әрекетімен адамдарды қырып-жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, елдің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру мақсатында маңызы бар ғимараттарды қиратады [2, 262-265 бб.].

Лаңкестікті адамды кепілге алудан ҚР ҚК 234-бабынан ажырату

Халықаралық сипатқа ие болған қауіпті қылмыстардың бірі адамды кепілге алу болып табылады.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі қоғамның қауіпсіздігіне, көптеген жағдайда адамдардың өміріне, денсаулығына, сондай-ақ адамның жеке бостандығы мен тәуелсіздігіне қол сұғумен көрінеді.

Қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік, қосымша объектісі – тұлғаның тәуелсіздігі, оның денсаулығы мен өмірі.

Аталған қылмыстың объективтік жағы кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсатында адамды кепілге немесе кепілдік ретінде ұстаумен көрінеді.

Адамды кепілге алу деп, бір немесе бірнеше адамды кез келген әдіспен (жасырын, ашық, алдау немесе күш көрсету) бостандығынан шектеу танылады, оларды босатудың қажетті шарты күш көрсетушінің талаптарын орындау болып табылады.

Адамды кепілге ұстау деп, кепілге алынған адамның бостандыққа шығуына күштеп кедергі жасауды тануға болады.

Қылмыстың бұл құрамының жәбірленушісі болып жасына (кәмелетке толмаған, жасөспірім), қызмет жағдайына (лауазымды, лауазымы жоқ адам да) қарамастан кез келген адам, Қазақстан азаматы да және шет мемлекет азаматы да бола алады.

Бұл қылмыс кепілге алынған адамның бостандығы шектелген немесе уақытына қарамастан оның кепілдікке ұсталған кезінен бастап аяқталған деп танылады.

Бұл қылмыстың субъективтік жағы кінәнің тура ниеттегі қасақаналық нысанымен сипатталады. Кінәлі адам өзінің адамды кепілге алып және оны қыстап ұстап отырғанын ұғынады және осы әрекетінің нәтижесінің болғанын тілейді.

Осы құрамның субъективтік жағының міндетті белгісі кінәлі адамның өзінің алдына қойған арнайы мақсаты болып табылады. Ондай мақсат кепіл адамды босатудың шарты ретінде мемлекетті, ұйымды, жекелеген азаматтарды қандайда бір әрекет жасауға немесе одан қалыс қалуға мәжбүр етуі. Мысалы, тұтқындалған немесе сотталған адамды босату үшін ақша қара-жатын, есірткі, көлік құралдарын, қару беру, мемлекет шегінен шығып кету, халықаралық келісім-шарттар немесе міндеттемелер жасасудан бас тарту.

Қылмыстың субъектісі 14 жасқа толған адам бола алады.

ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігі осы қылмыстың сараланған түрін қарастырады. Сараланған белгілер ретінде заң шығарушы келесідей мән-жайларды ескерген:

- а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;
- ә) бірнеше рет;
- б) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып;
- в) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдана отырып;
- г) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- ғ) айыптыға жүктілік жағдайы көрінеу мәлім әйелге қатысты;
- д) көпе-көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты;
- е) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- ж) пайдакүнемдікпен немесе жалдау арқылы жасалса.

Егер қатысушылар арасында осы қылмысты жасар алдында алдын ала келіскен болса, онда адамды кепілге алу адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған деп саналады (ҚР ҚК 31-б. 2-бөл.).

Егер бұрын адамды кепілге алу қылмыс жасаған адам заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан болсатылмаған болса, не осындай қылмысы үшін соттылығы жойылмаған немесе алынып тасталмаған болса немесе сондай қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі: ескірімеген болса адам кепілге алу қылмысын бірнеше рет жасады деп танылады.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану деп, мұндай күш көрсетудің жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орташа ауырлықтағы немесе ауыр зиян келтіруді тануға болады.

Қару қолдана отырып дегенді осы қаруды пайдалана отырып адамның денсаулығына немесе өміріне зиян келтіруді түсінуге болады.

Қару ретінде пайдаланылатын өзге де заттарға адам денсаулығына зиян келтіретін кез келген заттар жатуы мүмкін. Атап айтқанда, оларға тұрмыстық-шаруашылыққа арналған құралдар, мысалы, балта, шалғы, айыр, күрек, темір шыбық, құбыр-түтік, сойыл және басқалары жатады.

Көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты дегенді жасы 18-ге жетпеген адамды кепілге алу. Көрінеулік белгісі кепіл ретінде ұстап отырған адамның кәмелеке толмағанын білумен көрінеді.

Айыптыға жүктілік жағдайы көрінеу мәлім әйелге қатысты (мұнда оның уақытының ешқандай мәні жоқ) 234-бабының осы тармағы бойынша кінәлінің әрекетін саралау үшін кінәлі жәбірленушісінің жүкті екенін білуі керек. Кінәліге жәбірленушінің жүкті екені оның сырт көрінісінен немесе жәбірленушінің өзінің айтуымен немесе медициналық құжаттарымен танысу нәтижесінде мәлім болуы мүмкін. Кепілге алынған әйелдің жүкті екенін білмей жасаған әрекет ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі бойынша саралануы мүмкін.

Көпе-көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты кепілге ұстау. Бұл жердегі дәрменсіз күй жәбірленушінің дене құрлысының белгілі бір кемшілігін және өзге де (жасөспірімдігі, кәрілік, науқастығы, дене кемшіліктері: соқыр, мүгіс, қол-аяғы жоқ, ауыр сырқат және басқалар) қылмыскерге қарсылық көрсете алмайтын халін білдіреді.

Екі немесе одан да көп адамға қатысты кепілге алу бір мезгілде екі немесе одан да көп адамды кепілге ұстаумен сипатталады. Екі немесе одан да көп адамды кепілге алу әртүрлі уақытта және бір ниетті қамтымаған жағдайда болса онда ол кепілге алу әрекетін бірнеше рет жасалған деп санауға болады.

Пайдакүнемдікпен немесе жалдау арқылы жасалған кепілге алу кінәлі адамның өзінің бас пайдасын көздеп, сол үшін материалдық (ақша, мүлік) пайда табуды немесе материалдық шығындарынан құтылуды (қарыз, ақы төлеу) мақсат тұтуымен көрінеді.

Адамды кепілге алуда кінәлі адам осы көрсетілген әрекеттерді үшінші бір адамның мүддесі үшін жасайды.

ҚР ҚК 234-бабының 3-бөлігі осы қылмыстың ерекше сараланған құрамы – осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топ жасаған не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған жағдайын қарастырады.

Ұйымдасқан топ ұғымы ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігінде берілген.

Кепілге алынатын адамды өлімге әкеп соқтыруды заң шығарушы кінәнің абайсыздық нысанымен байланыстырады.

Өзге де ауыр зардаптар деп жәбірленушіні не оның жақын-туыстарын ауыр науқасқа ұшыратуы, ірі материалдық шығын келтіру, халықаралық шиеленіс тудыру және басқа осы сияқты жағдайлар танылады.

ҚР ҚК 234-бабының ескертуінде кепілге адам алу кезіндегі қылмыстық жауаптылықтан босату негіздемесі анықталады [2, 512-515 бб.]. Ондай негіздеме кепілге алынған адамды өз еркімен немесе өкіметтің талап етуі бойынша босатқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы болып табылады.

Ланкестікті бандитизмнен – ҚР ҚК237-бабынан ажырату

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі бандиттік құраманың әрекеттері аматтардың бойында қорғансыздық, қорқыныш сезімін тудырады, олардың заңды мүдделеріне қатер төндіреді, мемлекеттік, қоғамдық және өзге де институттардың қалыпты жұмысына ыңғайсыздық тудырады, мұның бәрі қоғамның психологиялық тұрақтылығына және оның қызметіне берекесіздік жағдай туғызады.

Бандитизмнің объектісі қоғамдық қауіпсіздік, қосымша объектісі тұлға.

Бандитизмнің объективтік жағы тұрақты қаруланған банда құрумен (ҚР ҚК 237-б. 1-бөл.); банданы басқару (ҚР ҚК 237-б. 1-бөл.); бандаға қатысумен (ҚК 237-б. 2-бөл.); банда жасаған шабуылдарға қатысумен (ҚР ҚК 237-б. 2-бөл) көрінеді.

Банда – жекелеген азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін алдын ала біріккен, екі немесе одан да көп адамдардан тұратын тұрақты, қаруланған құрылуына және қылмыстық топтан ерекшеленеді. Банда – бұл төмендегідей белгілер тән ұйымдасқан қылмыстық бірлестіктің нақты бір нысаны:

- екі немесе одан көп адам қатысуы;
- тұрақтылық;
- қарулануы;
- азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау мақсатының болуы.

Екі немесе одан да көп адамның қатысуы белгісі бар банда деп тану үшін ондағы екі адамның біреуінің жасы 16-ға толған болуы керек, ал үшіншісі мен қалғандары 13, 14, 15 жаста болса да жеткілікті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» №2 нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, банданың тұрақтылығына, әсіресе, оның орнықтылығы, оның мүшелерінің арасындағы тығыз өзара байланыс, олардың әрекеттерінің келісімділігі, қылмыстық қызмет нысандары мен әдістерінің бірқалыптылығы, оның ұзақ уақыт әрекет етуі куә.

Банда өте мұқият әзірлікті талап ететін бір ғана қылмыс жасау үшін құрылуы мүмкін.

Банданың міндетті белгісі оның мүшелерінде оқ-дәрімен атылатын немесе қолдан немесе зауытта жасалған суық қару, сондай-ақ газды және қысымды қарулармен қаруланғандығы. Бандалардың шабуыл жасау кезіндегі мүшелерінің пайдаланған заттарын қару деп тану үшін Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-желтоқсандағы «Қарулардың жекелеген түрлерінің айналысын мемлекеттік бақылау туралы» №339-І Заңының ережелерін басшылыққа алу керек. Қаруланғандық кем дегенде банданың бір мүшесінің қару ұстауымен және ол жөнінде басқа мүшелерінің хабардар болуымен анықталады. Қажет болған жағдайда пайдаланылған заттардың қарауға жататындығын анықтау үшін арнайы сараптама тағайындауға тура келеді. ҚР ҚК 237-бабы бойынша саралау үшін қарудың соғыс қаруына, қызметтік, азаматтық, суық қаруға немесе оқ-дәрімен атылатын қаруға жататындығы, сондай-ақ банда мүшелерінің бәрінің қаруланған немесе қаруланбаған мән-жайларының мәні қажет емес.

Қаруланғандық банданың міндетті белгілерінің бірі болғандықтан, онда ұйымдастырушының, басшының немесе бандаға қатысушының банданы ұйымдастыруға және оның одан әрі іс-әрекеттер жасауына қатысуы бар қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарғыш қондырғыларды заңсыз айналысқа салу сияқты мұндай әрекеттерді банданың міндетті белгісі – оның қаруланғандығымен қамтылатын болғандықтан ҚР ҚК 251-бабы бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Бандаға қатысушының өзге де мақсаттар үшін заңсыз қару айналысымен байланысқан әрекет жасауын (мысалы, қару сату, қару ұрлау) ҚР ҚК 237-бабында қарастырылған қылмыстардың жиынтығымен және Ерекше бөлімнің тиісті баптарымен саралауға болады.

Тұрақты қарулы топ (банда) құру деп нәтижесі іс жүзінде осындай топ құру (банда) құруға кез-келген белсенді мақсаттылықпен бағытталған әрекет жасау танылады. Бұл әрекеттер қатысушылар, қару-жарақ, оқ-дәрі, байланыс құралдарын, құжаттар, көлік және өзге де материалдық жабдықтарын іздестірумен, құрылымдар мен қылмыстық жоспарлар жасау, адамдар жалдау арқылы көрінуі мүмкін. Тұрақты қарулы топ (банда) құру оның қандайда бір қылмыстың жоспарланғанына немесе жасалғанына қарамастан қылмыстың аяқталған құрамы деп танылады. Аталған қылмыстық құрылымның қалыптасу процесінің өзін оны құруға дайындық деп түсіну керек.

Егер осы құрама нақты бір ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау үшін (мысалы, адам өлтіру) құрылғаны анықталған болса, онда кінәлі адамның әрекетін осы қылмысты жасауға дайындалу деп саралауға болады.

Тұрақты қарулы топ (банда) құруға бағытталған белсенді әрекет жағдайында құқық қорғау органдарының оны болдырмауға бағытталған қимылдарының салдарынан не басқа да бәр себептермен мұндай топты (банданы) құра алмай қалған болса, онда ол тұрақты қарулы топ (банда) құруға дайындалу деп сараланады.

Банданы басқару деп, банданың нақты бір қылмыстық қызметті ұйымдастыру, жоспарлау және материалдық қамтамасыз етумен қатысты шешімдер қабылдауы танылады. Оларға, мысалы, мыналар жатады: шабуыл жасау жоспарын құру, нақты бір шабуыл жасауға басшылық ету.

Бандыға басшылық ету бір адаммен де, бірнеше адаммен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Бандаға нақты адамның басшылық етуі туралы дәлелдемені анықтай алмау банданың болғанын жоққа шығара алмайды.

Банда басшысыз да болуы мүмкін. Мұндайларға саны аз бандаға қатысушылардың өз араларына топ бастаушысын айырықша көрсетпей-ақ қылмасқа қатысты мәселелерді бәрі бірдей ортақтасып шешу жағдайларын жатқызуға болады және олар әдетте қылмысты қоса орындаушылар болып саналады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы аталған нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша банда құру мақсаты азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады. Сонымен бірге заң шабуыл жасау барысында қандай қылмыстардың бандамен жасалатынын көрсетпейді, бұл тікелей азаматтардың не ұйымның мүлкін, ақшасын немесе өзге де құндылықтарын ғана емес және адам елтіру, зорлау, қорқытып алушылық, бөтеннің мүлкін құрту немесе бүлдіру болуы да мүмкін.

Бандитизм кезіндегі шабуыл жасау деп, жәбірленушіге күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқытумен жасалатын қылмыс нәтижесіне жетуге бағытталған әрекет танылады.

Осы қылмыс құрамының басқа да міндетті белгілері бар жағдайдағы және адамдар болмаған және ешқандай күш қолдану болмаған мекемеге, кәсіпорынға, ұйымға шабуыл жасап, ондағы мүліктерді құрту (офистерді жару, пәтерге, автомашинаға өрт қою және т.т.) фактісін де бандитизм ретінде таныған жөн. Бұл жерде банда құрамының шабуыл жасаушысы қылмыстық мақсатқа қол жеткізуге бөгет келтірген кез келген адамға күш көрсетуге өзір болатынын ескеру керек. Қаруланған банданың шабуыл жасауы деп оның қатарындағы мүшелердің қару қолданғандығы ғана саналады.

Бандитизмнің субъективтік жағы кінәнің тура ниетті нысанымен сипатталады, яғни кінәлі адам өзінің, банда құрып, оны басқарып отырғанын не банда құрамында оның жасаған шабуылдарына қатысқанын ұғынады, сол әрекеттерінің нәтижесінде қандай зардаптардың болатынын болжай біледі және соның болуын тілейді. Жоғарыда атап өтілгендей, бандитизмнің субъективтік жағының міндетті белгісі арнаулы мақсат – азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау.

Бандитизм субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке адам. Егер банда жасаған қылмыстық әрекетке 14 жастағы жеткіншек қатысатын болса, онда ол бандитизм үшін емес, ҚР ҚК 15-бабы бойынша басқа қылмыстар жасағаны үшін 14 жастан жауаптылық белгіленген қылмыс үшін ғана (мысалы, ҚР ҚК 179-бабы бойынша қарақшылық) қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК 31-бабының 5-бөлігінің талаптарына қарай, банданы құрған не оны басқарған адамның әрекеті ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша, сондай-ақ белгілі бір ниетпен қамтылған бандамен жасалған қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша сараланады. Сонымен бірге, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша саралау ұйымдастырушы (басқарушы) бір мезгілде қылмысты қоса орындаушы болған басқа жағдайларда ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасай отырып жүзеге асырылады.

Бандамен жасалған қылмысқа тікелей қатысқан банданы ұйымдастырушы немесе басқарушының әрекеті ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігі бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы №2 нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігі бойынша қаруланған бандаға қатысу оны қылмыстық құрылымның құрамына кірумен, оны қаржыландыруға, қарумен, көлікпен қамтамасыз етумен, объектілер іздестірумен, ақпараттар тауып берумен және сол сияқты жоспарланған қылмыстарды тікелей жасаумен көрінеді.

Бандаға қатысу адамның банда қызметінің қылмыстық сипатын білген және оның нақты қылмыс жасауға қатысқан-қатыспағанына қарамастан оған қатысуға (мүшелікке) келісім берген сәтінен бастап аяқталған қылмыс деп танылады.

Бандаға қатысушылардың (мүшелердің) әрекеттерін ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша және Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша саралауға болады.

Бандамен жасалған қылмысқа қатысқан адам өзінің қатысқандығын ұғынып, мойындаған жағдайда ғана ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігімек қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қылмыстық құрылымның болғаны туралы хабардар болмаған жағдайда ол тек қана өзі қатысқан қылмыс үшін ғана жауапқа тартылады.

Банданың мүшесі болмаған және оның жасаған шабуылдарына қатыспаған адамның әрекетін бандитизмге қатысу деп саралауға болмайды.

ҚР ҚК 237-бабының 3-бөлігі өз қызмет бабын пайдалана отырып, яғни мемлекеттік қызметтегі (мысалы, ішкі істер органының қызметкері, әскери қызметші), сол сияқты мемлекеттік емес ұйымдардың немесе мекемелердің (мысалы, жеке меншіктік күзет қызметтері, түрлі қаржы немесе коммерциялық құрылымдардың және тағы басқалардың қызметкерлері) жасаған бандитизм үшін жоғары жауаптылықты көздейді.

Егер бандитизм жәбірленушіні өлтірумен ұштасқан болса, онда мұндай әрекет ҚР ҚК 96-бабы және ҚР ҚК 237-бабының жиынтығымен саралауға жатады.

Бандитизмді басқа қылмыстардан ажыратып алу үшін бандитизмді құрайтын белгілердің мән-жайларына қарау керек. Бандитизм мен алдын ала сөз байласқан топтардың қару қолданумен жасаған қарақшылық шабуылы бір бірінен осы қылмыстарды сипаттайтын белгілердің жиынтықтарымен ерекшеленіп көрінеді [2, 521-525 бб.]. Бұл жерде бандитизм үшін бандыға қатысушылардың арасындағы тұрақты байланыс, олардың әрекеттерінде ұйымдасқандық, қылмысқа дайындалу мен жоспарлау, және сондай-ақ қаруланғандық міндетті түрде болуы керек.

Ланкестікті радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алудан – ҚР ҚК 248-бабынан ажырату.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі радиоактивті материалдарды ұрлау қорқытып алуға байланысты тұлғаларға, қоғамға зиян келтіру қатерімен көрінеді.

Қарастырып отырған қылмыстың объектісі радиоактивті материалдар айналысы саласындағы қоғамдық қауіпсіздік болып табылады. Қосымша объектісі адамдардың өмірі, денсаулығы, меншігі болып көрінеді. Қылмыстың пәні радиоактивті материалдар болып табылады. Қылмыстың объективтік жағы радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу сияқты заңға қайшы әрекеттермен керінеді.

Ұрлау – бұл пайдакүнемдік мақсатта радиоактивті материалдарды заңсыз жолмен қайтарымсыз алып қою немесе өзінің не үшінші біреудің пайдасы үшін айналысқа түсіру. Алып қою жолдары (жасырын, ашық, алдау немесе сенімді теріс пайдалану) саралауға әсер етпейді.

Радиоактивті материалдарды қорқытып алуды күш қолдану арқылы өзіне беруді талап ету деп тануға болады. Не жәбірленушінің немесе оның жақын-туыстарының абыройын төгетін мәліметтерді таратамын деп қорқыту арқылы да жасалатын бетеннің мүлкін жою немесе бүлдіру деп те тануға болады.

Радиоактивті материалдарды ұрлауды оларға ие болу сәтінен бастап, ал қорқытуды радиоактивті материалдарды беру туралы талап ұсыну сәтінен аяқталған қылмыс деп санауға болады.

Ие болу дегенді адамның радиоактивті материалдарға өзінің қалауы бойынша иелік етуін санауға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің тура ниетімен сипатталады. Талданып отырған қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам.

ҚР ҚК 248-бабының 2-бөлігінде көзделген әрекеттің саралаушы белгілері:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасау;

б) бірнеше рет жасау;

в) адам өз қызмет бабын пайдаланып жасау;

г) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдана отырып, не осындай күш қолданамын деп қорқыта отырып жасау

Радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алуға бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін екі немесе одан да көп адамның күні бұрын біріккен әрекеті (ҚР ҚК 31-6. 2-бөл.) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған әрекет деп танылады.

ҚР ҚК 175-бабы ескертуінің 3-бөлігіне сәйкес, осы Кодекстің 175-181 баптарында бірнеше рет жасалған қылмыс деп осы баптарда, сондай-ақ осы Кодекстің 248, 255, 260-баптарында көзделген бір немесе одан да қылмыстарды жасауы танылады.

Адамның өз қызмет бабын пайдалануы деп, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйымдарда қызмет атқаратын адамдардың радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алуын тануға болады. Олар лауазымды да лауазымды емес те адам болуы мүмкін. Мысалы ондай адамдарға өзінің қызмет қатыстылығына байланысты радиоактивті материалдармен айналысатын адамдар: осы заттар сақталатын жердегі медицина қызметкерлері, күзет қызметкерлері, жүргізушілер, қойма жұмысшылары жатады.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану деп, соққы берумен ұрумен, бостандығын шектеу немесе айырумен, денсаулыққа жеңіл залал келтірумен, денсаулығының қысқа мерзімді бұзылуына немесе онша елеулі емес уақытша еңбекке жарамсыз етуімен көрінетін әрекеттер танылады.

Күш қолданамын деп қорқыту күш қолданамын деп сескендірумен көрінеді.

ҚР ҚК 248-бабының 3-бөлігі – осы қылмыстың ерекше сараланған түрі.

Заң шығарушы ерекше ауырлатушы мән-жайлар ретінде ҚР ҚК 248-бабының 1 және 2 бөліктерінде қарастырылған төмендегідей әрекеттерді жасау деп анықтаған:

а) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып немесе осындай күш қолданамын деп қорқыта отырып;

ә) ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану деп, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орташа

ауырлықтағы немесе ауыр залал келтіруді тануға болады. Ал қорқыту деп осындай өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданамын деп сескендіруді түсінуге болады.

Радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алуды ұйымдасқан топтың жасауы деп, қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топтың жасауы танылады (ҚР ҚК 31-б. 3-бөл.) [2, 543-545 бб.].

ҚР ҚК 248-бабының 3-бөлігіндегі «в» тармағында қарастырылған – ұрлағаны не қорқытып алғаны үшін екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған әрекеттер қылмыстық заңнан алынып, күші жойылған.

1. ҚР Денсаулық сақтау Министрінің 2004 ж. 20 желтоқсандағы «Сот-медициналық сараптама жүргізу және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» бұйрығы.

2. Борчаивили И.Ш. 6-тарау. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчаивилдін және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007.

Резюме

В данной статье автор уделяет внимание вопросам разграничения терроризма от смежных составов преступлений.

Summary

In given article the author pays attention to questions of differentiation of terrorism from adjacent structures of crimes.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰРУДА МӘЛІМЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Ж. Османова – *«қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қоғамда ақпараттың барлық түрлері «әлеуметтік ақпарат» түсінігімен бірлескен. Құқықтық ақпарат сияқты компьютерлік ақпарат та әлеуметтік ақпаратқа қатысты түрлік түсінік болып табылады. Қолдану саласы бойынша шектеулер болатын құқықтық ақпаратпен салыстырғанда, түр ретінде компьютерлік ақпаратты бөлу оның пайда болу көзімен – сапалы жаңа ақпарат құруға қабілетті интеллектуалды машинамен, компьютермен байланысты. Компьютерге мұндай қабілеттілікті өзін құрушылардың интеллектісінің формаланған бейнесі болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз ету береді. Компьютерлік ақпаратпен қатар оның антиподы – компьютерлік емес ақпаратты бөліп қарастыруға болады, себебі оның пайда болуының басқа қайнар көздері қазіргі уақытта жоқ. Осыдан қорытынды шығаратын болсақ, компьютерлік ақпарат әлеуметтік ақпараттың ерекше түрі болып табылады және ақпараттың осы түрін құру процесінде адам мен компьютердің өзара әрекеттестігінен тұратын екі жақты интеллектуалды мәні бар.

Компьютерлік ақпарат туралы бастапқыдан дұрыс емес түсінік алу алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тергеушілер мен басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің іс жүргізудегі қателіктерінің негізгі себебі болып табылады.

Мазмұны бойынша құқықтық ақпарат пен компьютерлік ақпарат әртүрлі, сонымен қатар жарым-жартылай сәйкес келетін түсініктер. Олардың сәйкес келу аясы құқық шығармашылығының, құқық қолдану мен құқық қорғау қызметінің көрсетілген мәліметтерді өңдеу үшін арналған міндеттерді шешу үшін, жеке адамның құқығы мен еркіндігін қорғау үшін мемлекет пен қоғаммен пайдаланылатын компьютердің көмегімен, адаммен құрылған және алынған адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен құқықтық саладағы процесстер туралы компьютерде өңделген мәліметтер болып табылады.

Олардың осы аясында қылмыстық сот ісінің сотқа дейінгі өндіріс кезеңдерінде әртүрлі мақсаттарда және әртүрлі сапада пайдаланылатын компьютерлік ақпарат та бар.

Компьютердің негізгі қызметі ақпаратты өңдеу болып табылады. Бірақ та компьютермен ақпаратты өңдеу деп формализацияланған ақпаратты (мәліметтер) ғана өңдеуді түсінбеу керек, сонымен қатар ақпаратты формализациялау процесінің өзін де түсінген жөн. «Ақпарат өңдеу» термині кең көлемде түсіндірілуі керек – белгілі бір нәтижелерге жету үшін формализацияланған ақпаратты техникалық өңдеу ретінде ғана емес, сонымен қатар оның сақталуын және компьютермен формализацияланбаған ақпаратты жинау (пайдаланушымен бекітілген параметрлер бойынша оны квазиақпараттан бөліну) деп түсінген жөн. Осы-

дан компьютермен алынатын, сақталатын, шығарылатын ақпарат компьютерлік өңдеуден өткен ақпарат ретінде компьютерлік ақпарат категориясына жатқызылуы керек деген қорытынды шығаруға болады.

Компьютерлік ақпараттың пайда болу кезеңдері: 1) ақпаратты компьютермен тікелей өңдеу; 2) өңдеу процесінде оның жаңа ақпарат құруы. Ақпаратты құрушы адам (пайдаланушы) мен компьютер болып табылады: біреуі мәселені қойса, екіншісі оны шешеді. Ақпаратты өңдеу ақпаратқа компьютерлік ерекшеліктің берілу сәті болып табылады, ол ақпаратты компьютерлік ақпарат қатарына, жаңа ақпарат туындатпай, жатқызуға негіз болады (жаңа білімнің туындауына әкелетін, субъектімен оны қабылдау және талдау мүмкіндігін кеңейтуімен). Компьютер жаңа ақпараттық мазмұнды құрған жағдайда, соңғысының құрылу сәті компьютерлік ақпараттың пайда болу сәтімен сәйкес келеді, бұл жағдайда компьютерлік ақпараттың пайда болуы туралы ғана емес, оның құрылуы туралы осы сөздің толық мағынасында айтуға болады.

Ақпараттың осы түрін құрушы тек қана жеке компьютер емес, компьютерлік желі де болуы мүмкін, себебі көбінесе желідегі компьютерлер ортақ бір міндетті шешуге бейімделген болады, сондықтан да ақпараттың бірыңғай құндылықты-мағыналық бөлігі өзара әрекеттесуші бірнеше желілік компьютерлермен құрылады.

Кез келген ақпарат, соның ішінде компьютерлік ақпараттың да міндетті түрде айқындалу формасы (ақпараттық код) мен таратушысы болады, бұл құбылыс ақпараттық сигнал деп белгіленген. Ақпарат таратушыларды былайша сипаттауға болады:

- оларда мәліметтерді, яғни ақпаратты бейнелеу (сақтау) мүмкіндігі бар;
- олар заттық формасына ие немесе мұндай формасы жоқ материалдық объектілер болуы мүмкін;
- ақпаратты таратушы ретінде материалдық объектіні анықтау үшін ақпараттың мазмұны мен формасы маңызды емес.

Компьютерлік ақпарат тұтас алғанда тек компьютерде және оның құрылғыларында ғана тіршілік етеді деп есептелінеді. Ақпараттың принтер, плоттер және тағы басқа құрылғылардың көмегімен ақпараттың құрылу процесі аяқталғаннан кейін машинограммалар деп аталатын қағаз, пластик және басқа да таратушыларға (яғни, ондағы ақпарат тікелей адамның қабылдауына болатындай таратушы) берілуі компьютердің өзімен, жүйе ішінде жүргізіледі және де ақпарат берілген бөлігі үшін компьютерлік ерекшелік жойылмайды.

Компьютерлік ақпарат таратушыларын үш түрге бөлуге болады: дәстүрлі таратушылар, (машинограммалар), машиналық таратушылар (сақтаулы ақпаратты қабылдау үшін техникалық құрылғыларды қажет ететіндер), және компьютерлік желілер. Компьютерлік желіде ақпаратты байланыс сымы бойынша берілу кезінде желілік компьютерлердің машиналық таратушылардан тыс тіршілік етеді, бірақ та онда сақтала алмайды, себебі ол тек қана жіберуші мен ақпарат алушыға дейінгі желі бойынша қозғалыс кезінде ғана тіршілік етеді.

Компьютерлік ақпарат өзінің мәні бойынша фактілер (жағдайлар туралы) туралы мәліметтер болып табылады, бұл жағдай оны қылмыстық іс жүргізу дәлелдемесінің мазмұны ретінде пайдалану мүмкіндігіне негіз береді.

Компьютерлік ақпаратты фактілер туралы мәліметтер ретінде түсіну оны дәлелдеу пәні ретінде анықтауды жоққа шығарады. Бірақ та ақпарат квазиақпараттың бөлігі бола отырып, тек субъективті ғана емес, объективті қасиеттерді де бойына сыйдырады, ал оның негізгі объективті қасиеттерінің бірі субъектіден тыс, заттық материалдық таратушыда бола алу мүмкіндігі болып табылады. Ақпараттың тіршілік етуінің объективтілігі оны құбылыстар туралы мәліметтер ретінде ғана емес, құбылыс ретінде де анықтауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, ақпарат таным құралы ғана емес, таным объектісі ретінде де көрінеді, себебі оның пайда болу, берілу, жою процесстері шынайы, ал бірқатар жағдайларды материалды. Компьютерлік ақпаратқа байланысты көрсетілген процесстер барлық жағдайларда материалдық көрініс табады, себебі соңғысы бастапқыдан субъектіден тыс тіршілік етеді және онымен ойлар арқылы мұндай операциялар мүмкін емес. Осыдан, қылмыстық сот ісінде компьютерлік ақпарат дәлелдеме ретінде ғана шықпайды, сонымен қатар жалпы дәлелдеу пәніне және қылмыстық іс үшін маңызы бар басқа да жағдайлардың санатына кіре алады, яғни нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне кіретін аралық фактілер.

Дәлелдеу процесі барысында компьютерлік ақпараттың мәні мен маңызын дұрыс түсіну үшін оның пайда болуы мен тіршілік етуінің дәлелдеуге тиіс жағдайлармен өзара байланысын сипаттайтын сәттерді бастапқыдан анықтау қажет. Бұл өзара байланыс екі түрде көрініс табуы мүмкін: дәлелдік маңызы бар белгілі бір жағдайдың диалектикалық ажырамас бөлігі немесе элементі ретінде немесе осы жағдайды ол туралы мәліметтер ретінде мазмұндық бейнелеу ретінде көрініс табуы мүмкін. Ол тергеу жүргізетін

адамға қылмыстық істі тергеу нәтижесінде көру аумағына түскен компьютерлік ақпаратты қалайша пайдалану керектігін: дәлелдеу құралының бөлігі ретінде ме, жоқ әлде осы процесстің мақсаты ретінде ме, соны көрсетеді.

Қылмыстық іс жүргізу қатынастары тұрғысынан компьютерлік ақпарат мынадай ерекше қасиеттерге ие: 1) бір жағдайда ол іс жүргізу дәлелінің мазмұны бола алады, ал басқа бір жағдайда – іс бойынша анықталуға тиіс жағдайлардың бөлігі, яғни дәлелдеу пәні болады; 2) ол қылмыс құралының бөлігі ретінде шыға алады (құрал – компьютерлік болғанда); 3) оның берілу, өзгерту, жою процесстерінің объективтілігі мен материалдылығы қылмысты жасау тәсілі ретінде оны пайдаланудың жеке сәттерін қарастыруға мүмкіндік береді; 4) оның құрылу фактісі қылмыстық-құқықтық қатынастардың пайда болуының негізі болып табылады.

Егер де компьютерлік ақпарат іс жүргізу дәлелдемесінің бір элементі – іс үшін маңызы бар жағдайлар туралы мәліметтер ретінде шықса, онда оның таратушысын осы дәлелдеменің басқа элементі – көрсетілген мәліметтердің қайнар көзімен теңестірген жөн. Ақпараттың сол бір мөлшерінің әртүрлі таратушылары дәлелдегі мәліметтердің қайнар көзі, сонымен қатар соңғысының іс жүргізу формасының бөлігі бола алады. Бұл компьютерлік ақпаратты таратушылардың іс жүргізу сипаттамасын және олардың дәлелдердің қандай да бір түрімен байланыстарын анықтауды қиындатады.

Бірақ та, қылмыстық процессте компьютерлік ақпаратты қолданбалы пайдалану мүмкіндіктері дәлелдердің кез-келген түрлерін бекітудің іс жүргізу формасының бөлігі ретінде оны таратушымен бірге пайдалануға мүмкіндік беретіндігіне қарамастан, ол компьютерлік ақпараттың өзінде де, оның таратушысында да дәлелдік құндылықтың пайда болуына әкелмейді.

Қылмыстық іс жүргізу дәлелдемесі бойынша мәліметтердің қайнар көзі ретінде қылмыстық процесстің билік субъектілерінің санатына жатпайтын адаммен іс жүргізу әрекеттерінің шеңберінен тыс құрылған компьютерлік ақпараттың дәлелдемелік жоспарында маңызы бар таратушы ғана бола алады.

Ақпараттың осы түрінің таратушыларының күш ерекшелігінен (ең алдымен олардың заттылығы) көрсетілген таратушылар дәлелдердің тек екі түрінде ғана – заттай дәлелдер және басқа құжаттар мәліметтердің қайнар көзі ретінде бола алады. Таратушы мен ақпараттың тығыз байланысы дәлелдемелердің басқа түрлерінің құрылымында да оны жеке қолдануға жол бермейді.

«Басқа құжаттар» және «заттай дәлелдемелер» сияқты дәлелдемелердің түрлерін айырудағы қиындықтарға қарамастан, компьютерлік ақпарат пен оның таратушылары үшін арнайы дәлелдемелердің жаңа түрін енгізу орынсыз болып көрінеді. «Еркін» дәлелдеменің тұжырымдамасы көлемі мен дәлелдердің қолданыстағы жүйесін сақтау онтайлысы болып көрінеді, осы тұжырымдамаға сәйкес, басқа құжаттар қолданыстағы жүйені бүлдірусіз олардың қасиеттері мен ақпаратты ұсыну формасына тәуелсіз кез-келген жаңа ақпараттық таратушыларды ендіруге болатын дәлелдердің «еркін» формализацияланбаған түрінің функциясын атқарады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 177 бабына сай, компьютерлік ақпарат қандай формада және қандай таратушыда ұсынылғандығына тәуелсіз, бірақ та жасалған және жасалуға дайындықтағы қылмыс туралы мәліметтер тікелей анықталған жағдайда қылмыстық істі қозғауға себеп бола алады [1]. Компьютерлік ақпаратты қылмыстық істі қозғауға басқа да себептер ретінде пайдалануға келсек, мұнда оны қолдану мүмкіндіктері дәстүрлі таратушылармен шектелген, себебі кінәсін мойындап келген адам үшін жазбаша форма және белгілі бір реквизиттер, негізінен қол қою қарастырылған. Қазақстан Республикасының Президентінің «2005-2007 жж. ҚР-да «электронды үкімет» құрудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлығы электрондық құжаттар үшін электрондық цифрлы қол қоюды пайдалануды қарастырады [2]. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексінде оны пайдаланудың регламентациясының толық болмауы, жеке іс жүргізу құжаттары үшін де, қылмыстық іс жүргізу әрекетіне сырттан түсетін құжаттар үшін де бұл мүмкіндікті жоққа шығарады.

Қылмыстық сот ісінде компьютерлік ақпаратты қолданбалы пайдаланудың бағыттары мынадай:

- 1) тергеулік әрекет барысы мен нәтижелерін құжаттау;
- 2) тергеулік әрекеттердің барысы мен нәтижелерін техникалық белгілеу;
- 3) тергеу әрекеттерінің жүргізілуін техникалық қамтамасыз ету;
- 4) басқа да іс жүргізу әрекеттерін құжаттау;
- 5) іс жүргізу құжаттарының массивтерін (электронды мұрағаттарын) құру мен пайдалану.

Көрсетілген бағыттардың ішінен тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін техникалық белгілеуге тоқталып өтейік. Мұнда компьютер өткінші процесстерді, жағдайдың, жердің фрагменттерін, тергеуші және тергеу әрекетінің басқа да қатысушыларының әрекеттерін фотосурет, бейнежазба түрінде бекіту

үшін қолданылады. Оны қолданудың нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасына қосымша ретінде тіркеледі. Осындай қосымшалардың пайда болуы қағаз таратушыда дәстүрлі орындалатын тергеу әрекетінің хаттамасының өзінде ақпарат беру мен белгілеу мүмкіндіктерінің шектелуінің салдарына айналды. Өзінде бейнежазбаны да, мәтіндік фрагменттерді де үйлестіре алатын, тергеу әрекетінің электронды хаттамасына өткен жағдайда тергеу әрекеттерінің (сот) хаттамасына тіркелетін қосымшалардың қажеттілігі жойылуы мүмкін.

Компьютерлік технологияны қолданудың осы бағытының шеңберінде алдын ала тергеу мақсаттарына қол жеткізу үшін компьютерлік желілерді пайдалануды да қарастырған жөн. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексіне жауап алудың жаңа баламалы түрін енгізу мүмкіндігі бар: компьютерлік желі арқылы тергеу жүргізіліп отырған жерден алыста жүрген куәгерлер мен жәбірленушілерден жауап алу. Ол іс жүргізу принциптері мен кепілдіктерді, этикалық нормаларды бұзусыз басқа қалада, басқа мемлекетте жүрген адамдардан жауап алуға байланысты бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта бізбен Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің «қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу» деп аталатын 6 тарауына өзгерістер енгізіп, толықтыруды және ҚР-ның халықаралық келісімдерінде осы тергеулік әрекетті жүргізу рәсімін қарастыру ұсынылады.

«Алдын ала тергеуді құқықтық қамтамасыз ету» қосалқы жүйе бөлігі тергеу процесінде қажетті заңнамалық және басқа да ақпаратқа кіруді қамтамасыз етеді. Мұнда тергеу мен анықтау органдарының қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану мәселелеріне қатысты Ресей Федерациясының Бас Прокуратура-рының, Федерация субъектілерінің прокурорларының, Ресей Федерациясының Ішкі Істер Министрлігінің тергеу комитетінің Федерация субъектілерінің ІІБ (УВД) тергеу басқармасының бұйрықтары мен нұсқау-ларының толық мәтіндері, кодекстерге берілген түсініктемелері бар.

Оқиға болған жерде және куәландыру кезінде іздерді анықтау мен бекіту бойынша ұсыныстардан тұратын қосалқы жүйесі бар, оқиға орын алған жердің схемаларын құру үшін электрондық схемалы карталарды пайдалану қарастырылған.

«Алдын ала тергеуді әдістемелік қамтамасыз ету» қосалқы жүйесі алдын ала тергеудің іздестіру-танымдық мәселелер жиынтығын немесе белгілі бір тобын шешуде тергеуші әрекетінің технологиясы мен механизмін жүйелі түрде суреттуден тұрады.

Тергеушінің автоматтандырылған жұмыс орны есірткілік және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, терроризммен, сыбайлас жемқорлықпен байланысты істер бойынша алдын ала тергеуді қамтамасыз ететін мамандандырылған бағдарламалық кешендерді құру үшін қолданылуы мүмкін.

Келешекте мұндай электронды кешендер ТМД мемлекеттерінің нормативтік базасымен кеңейтілуі мүмкін және кадрлар дайындығын және біліктілігін көтеру бойынша жұмыс негізделетін желі бола алады.

Айтылғандар, айыптау тарабының процессуалдық қызметі жеткілікті толығымен АЖО ұсынылатын-дығын көрсетеді. Жеке адамның құқығы мен бостандығы, оны негізсіз айыптаудан сақтаумен тығыз байланысты АЖО-дағы (АРМ) мәліметтерді қорғау туралы сұраққа тоқталайық.

Ресей Федерациясының Қылмыстық іс жүргізу Кодексі (161 бап) прокурордың, тергеушінің, анықтау-шының рұқсатынсыз алдын ала тергеу мәліметтерін жариялауға тыйым салады, азаматтардың ар-абырой-ын қорғауға кепілдік беретін Ресей Конституциясымен де қарастырылған.

Қылмыстық сот ісінің мақсаттарына жету қылмыскердің немесе басқа да қызығушылығы бар, мүдделі адамдардың қарсылық көрсетуімен байланысты. Қылмыстың қарқындылығы тергеу бөлімшелерінің қызметі туралы ақпараттарды заңсыз жинау және талдаумен айналысатын жеке қызметтерді құруға алып келді. Алдын ала тергеудің құпиясын құратын мәліметтер ерекше қызығушылық тудырады. Олар нақты қылмыстық іс бойынша қылмыстық процесске қатысушылардан, сондай-ақ құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерінен алынуы мүмкін.

Қылмыстық іс бойынша ақпаратқа қатысты адамдар қатары, тергеушінің АЖО-ның (АРМ следовате-ля) жаппай пайдаланумен кеңейтілуі мүмкін. Дербес компьютердің жадында сақталатын ақпаратқа ақпараттық технология саласындағы кәсіби емес басқа да адамдар қол жеткізе алады. Белгілі бір уақытты жіберіп алумен және сәйкес бағдарламалық-техникалық құралдардың болуымен тергеуші құжаттарының электронды үлгісі болған, дербес компьютерден ақпаратты қалпына келтіріп алуға болады.

Құжаттардың (іс жүргізу, нормативтік, әдістемелік және т.б.) мазмұнындағы барлық өзгерістерді қашықтықта – Ғаламтор (интернет) арқылы жүргізуге болады, ал ақпараттық базаның берілген өзгерістері рұқсатсыз кіруден, бұрмаланудан қорғалған.

Қазіргі кезде автоматты жұмыс орны негізінде нақты қылмыс құрамдарын тергеуді қамтамасыз ету үшін мамандандырылған бағдарламалық кешендер жасалуда [3].

Қорыта айтқанда, қылмыстық істі тергеудің тиімділігін арттыру үшін қазірдің өзінде көптеген тергеушілермен пайдаланылатын іс жүргізу құжаттарының электронды мұрағаттарын дамыту орынды болып көрінеді. Электронды мұрағаттарды қолдану қылмыстық сот өндірісінің жекелеген кезеңінің шеңберінен шығып отыр, себебі олардың дамуының келешегі бар бағыты тұтастай қылмыстық істердің электрондық мұрағатын құру болып табылады, ол олардың сақталу деңгейін, жедел көшірілуі мүмкіндігін, сақтау мерзімінің шексіз болуын қамтамасыз етеді. Сыртқы орта әсеріне компьютерлік қондырғылардың резервтегі ақпараттың көшірмесін тасымалдаушының жеткілікті жоғарғы тұрақтылығын, мұрағаттың басқа осы тасымалдаушыларына жылдам жеткізілу мүмкіндігі мен тасымалдаушы мөлшерінің сәйкес дәрежесі және сақталған ақпараттың көлемін (мәтіннің миллион беті, алақаннан үлкен емес түрінде) есепке алу қажет.

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 13 желтоқсан, 1997 ж.

2. Қазақстан Республикасының Президентінің «2005-2007 жж. ҚР-да «электронды үкімет» құрудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» 2004 жылдың 10 қарашасында шыққан №1471 Жарлығы.

3. Андреев Б.В., Монастырецкий В.И. Защищенный программный комплекс информационного обеспечения расследования преступлений. HTML версия файла <http://agps-2006.narod.ru/konf/2006/sb-2006/sec-1-06/16.1.06.pdf>

Түйін

Бұл мақалада қылмыстық іс жүргізу құжаттарын құруда мәліметтерді қолдану мәселелері қарастырылады және де қазіргі кезеңдегі жауап алудың балама түрін қолдану, тергеушінің автоматтандырылған жұмыс орнын пайдалану туралы ұсыныстар беріледі.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы касающейся использования полученных информации при составлении уголовно-процессуальных документов, а также рекомендации по получению допроса и пользование автоматизированного рабочего места следователя.

Summary

In this article questions concerning use received information are considered by drawing up criminal procedure documents, and also the recommendation about receiving interrogation and using of the automated worker a place of the investigator.

ЛАНКЕСТІК – XXI ҒАСЫР ДЕРТІ

С.Р. Буранбаева – «қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Терроризм – қылмыстылықтың ең қауіпті түрі болғандықтан, бүгінгі күні халықаралық қатынастың дурыс дамуына кері әсер етіп отырған құбылыстардың бірі болып отыр.

Терроризм қоғамға қауіпті дәрежесі мен сипатына қарай, жауаптылық ұлттық заң төңірегінде көзделетін халықаралық сипаттағы қылмыс болып отыр.

Американдық ғалымдар Г.Арнольд пен Кеннеди “терроризм” ұғымын анықтау мүмкін емес деген тұжырымға келген [1].

1970-ші, одан кейінгі жылдардағы көптеген авторлар “Терроризм мен халықаралық терроризм” ұғымының талдануының қиындығын айта келе, мынадай ойлар түйген. Мысалы: американдық ғалымдар: М.Бассиони, М.В. Нанди “Терроризм адамзаттың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін халықаралық қылмыс,” – дей отырып, адамның ар-намысына да зиян келтіретіндігін көрсеткен [2].

Ал израилдық профессор Ю.Динштейн айтады: “Терроризм мен халықаралық терроризмнің табиғаты, таңдамастан адамға бағытталған (жазықсыз жәбірленушілерге) көпшілік арасына идея тарату мақсатымен ұштасқан қылмыс, бұл қылмыс қауіпті болған сайын, террорист үшін пайдалы деп танылатын көзқарастан туындаған, жаппай тәртіпсіздікпен адамдарға күш қолдану”, – дейді [3].

Ресей ғалымдары И.И. Карпец пен Н.В. Жданов: “Терроризмді кісі өлтіру, өлтіруге оқталу, адамдарға күш қолдану арқылы денсаулықтарына ауыр зиян келтіру, пайда табу мақсатында адамдарды кепілге алу, бас бостандығынан заңсыз айыру мен айналысатын арнайы органдар мен топтар құруға бағытталған халықаралық сипаттағы қылмыс”, – дейді [4].

Ал Н.С. Беглованың тұжырымдауы бойынша халықаралық терроризмнен бастайды, яғни “Мемлекеттің ішкі терроризімінен, мемлекеттің тыс аумағына жалғасқан терроризмнің ерекше түрі”, – дейді [5].

Осындай ғалымдардың “терроризм” және “халықаралық терроризм” туралы пікірлерін салыстыра отырып, бейбітшілік жағдайында тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, халықаралық қауымдастықтың араласуын қажет ететін тек ұлттық заң төңірегінде жауаптылықпен шектеліп қана қоймай, халықаралық деңгейдегі жауаптылықты қажет ететін қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс деп танымыз.

Терроризммен күресудің сондай шараларының алғашқыларының бірі 1937 жылғы Нация Лигасымен құрастырылған “Терроризмнен сақтандыру және жою” халықаралық терроризммен күрес Конвенциясы. Бұл конвенция терроризмнің халықаралық сипатының ұғымы мен, объектісін, затын, субъектісін, қылмыскерді ұстап беру проблемасы (қылмыс экстрадициясы) сияқты ұғымдарды анықтайтын 29 баптан тұратын халықаралық құжат болды.

Бұл конвенцияға 24 мемлекет қол қойды, бірақ ратификациялаған тек қана Индия болғандықтан, бұл құжат күшіне енбеді.

Бірақ 1937 жылы бұл Конвенция болашақта терроризммен күресудің халықаралық сипаттағы ірге тасын қалап кетті.

Одан кейінгі 1971 ж. Американдық континенттің 13 мемлекеті, сонымен қоса АҚШ-та қол қойған 1971 жылғы “Терроризмнен және осымен байланысты адамдарға қарсы қорқытып алу нысанындағы қылмыстардан және жазалардан сақтандыру” Конвенциясы (ОАГ).

Бұл конвенцияда “терроризмнің” жалпы ұғымы толық анықталған жоқ. Бұл конвенцияда “Терроризм” ұғымына: “Адам урлаумен, кісі өлтірумен, адамдардың өміріне басқа да қолсұқпаушылығына қауіп төндіретін, қорқытып алумен ұштасқан жалпы мемлекет тарапынан арнайы қорғау міндетін қажет ететін, халықаралық зардаппен ұштасқан әрекеттерді” түсіндірген.

Одан кейінгі әуе кемесін басып алу қылмысымен күресті көздейтін, халықаралық сипаттағы терроризм әрекеті деп таңылатын қауіпті құбылыспен халықаралық араласуды ұсынған Токиялық Конвенция. Бұл Конвенция әуе кемесін басып алумен ұштасқан қылмыстарды саяси және жалпы қылмыстық сипатта қарастыру керек ережесімен ұласты, сол арқылы терроризмнің бұл түрі қылмыстық сипатта қарастырылуына негіз салды.

Кейіннен Токия конвенциясы Гааг және Монреаль конвенцияларымен толықтырылды.

Бұл конвенция ережелерінде екі немесе одан көп мемлекеттің әуе қатынас жолына кедергі жасаумен, жолаушылардың қауіпсіздігіне, экипаж қызметкерлерінің қалыпты қызмегіне және көп мөлшерде ақша талап ету арқылы, белгілі бір мемлекетке шешім қабылдатуымен ұштасқан, әуе кемесінің қауіпсіздік қызмегіне қауіп төндіретін әрекеттерді, терроризмнің халықаралық сипатына жатқызуды ұсынған.

Терроризмнің халықаралық сипаттағы қылмыс ретінде танылуының тағы да бір айғағы: 1973 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 28 сессиясында бекітілген; “Халықаралық қорғау аясындағы адамдарға, соның ішінде дипломатиялық агенттіктерге қарсы бағытталған қылмыстардан сақтандыру” конвенциясы (Бұны Нью-Йорк конвенциясы деп атайды). Бұл конвенцияда 1937 жылғы, 1971 жылғы конвенцияларының ережелері өз орнын тапты.

Бұл конвенцияда жеке адамның істеген террористік әрекетінің проблемасы талқыланды, ал егер білгілі бір мемлекет тарапынан ұйымдастырылған халықаралық сипаты бар терроризм әрекетінің жауаптылығы проблемасы өз шешімін тапқан жоқ. Содан кейін 1976 ж. 10 қарашада Европалық Кеңес министрлерінің Комитеті “Терроризммен күрес” атты Европалық конвенция текстін бекітіп, 1977 жылы қантарда қол қойды, ол 1978 ж. 4 тамызда күшіне енді, 16 баптан тұратын бұл конвенция көп проблеманы шешуге себін тигізді. Гааг және Монреаль Конвенциясы ережесінде қылмысты әрекеттер, адамның мүддесіне қатысты, қоғамдық қауіпсіздікке, қару-жарақ пайдаланумен, кепілге алумен ұштасқан, экстрадиция мәселесі т.б. қылмыстық құқықтық аспекті төңірегіндегі халықаралық қылмыстық кодекс, халықаралық қылмыстық сот деңгейінде ауқымды өзекті проблемаларды шешуге қажеті бар кепілдігін анықтады.

Бұл конвенция экстрадиция проблемасының тиімді шешілуіне зор күш жұмсады.

Бұл конвенцияда Франция мемлекеті тұлғаның құқығы мен бостандығы мәселесін заң қағидалары негізінде шешілуін талап етсе [6], ал Португалия үкіметі экстрадиция мәселесін толық мойындамайтындығын, егер сұрап отырған мемлекет ол қылмыскерге өлім жазасын тағайындайтын болса, деген проблема төңірегінде ұсыныс берді.

Бұл конвенция экстрадицияның қылмыскердің қылмыстық жауаптылық пен жазадан ешқайда құтылып кете алмауының тиімді құралы екеніне көз жеткізді.

Терроризм үшінші мыңжылдық ғасырдағы дүние жүзінің өзекті проблемаларының бірі болып отыр (қару-жарақ, әскери техника, жарылғыш құрылғылар саласындағы жоғары технологиялық жетістіктердің тез өзгеруімен, байланыс құралдарының дамуының нәтижесінің, жаңа дәуірдегі интернационализмнің т.б.).

Соңғы уақыттары варварлық сипаты және санымен ерекшеленетін террорлық әрекеттің, әсіресе жәбірленушісінің бейбіт халықтың ішінде көп болатынын көреміз.

Көшеде, көлікте, аулада өте ұқыпты, жан жағымызға мән беріп жүруге тура келеді. Террор жүйесінің элементтері қоғамдағы саяси және әлеуметтік процестермен ұштасады.

Мұндай қылмыстық әрекеттің құрылымы мен негізгі түрлерін жүйелеу 1934 ж. Мадридте өткен “Қылмыстық-құқықты унификациялау” деп аталған 5-ші конференцияда: “саяси және әлеуметтік,” – деп бөлінген [7] Жалпы теорияда және дүние жүзілік практикада террордың келесі негізгі түрлері белгілі:

– ішкі – белгілі бір мемлекеттегі азаматтардың өз аумағында өз отандастарына қарсы қауіп тудыратын әрекеттері

– транснациональды – белгілі бір мемлекеттің азаматтарының шет мемлекеттің аумағында отандастарына қарсы әрекеті.

– халықаралық – ұлттық құрамы бойынша біртекті және аралас біртоп азаматтардың үшінші мемлекеттің аумағында кез келген адамға қарсы әрекеті.

Терроризмнің тағы да екі түрі бар, мұндай тұжырым ғылыми әдебиеттердегі авторлардың пікірінен және практикада басым кездесуінен туындаған [8].

Ұлттық – бір ұлттың басқа ұлтқа үстемдік жүргізуін көздейтін әрекеті (гитлерлік фашизм)

Религиозды – ортақ дінді, біртекті діни көзқарасты қолдаушылардың, бір-бірін құптаушы секталардың зайырлы билікті құлатумен ұштасқан әрекеттері (мыс: Батыс Украинада христиан және католик шіркеуі, ирандағы ислам).

Террордың пайда болуының себебін зерттесек, келесідей түрлері пайда болады (себебінің түрлері) моральды және күшпен әлсіретуден, пайда болған террор [9].

“Сайланбалы” террор – террористердің белгілі бір режимге немесе басқа да құбылысқа қарсы болуынан туындаған әрекеті. Мұндай режимді құптайтын белгілі бір адам – осы террорлық әрекеттің объектісі болды. (мыс. Никарагуада диктатор Сомос). Екіншісі, “абстрактілі” белгілі бір қарсы жақтың өкілдерінің адамдарға қорқыныш, ертеңгі күнге сенімсіздік тудырып отырғанын, сол жақтың өнілдерінің бетіне басып, жариялы түрде әшкерелеуінен туындаған әрекеттер (Иордан өзенінің батыс жағалауындағы Газ секторындағы оқиғалар).

Террористік әрекеттің негізгі түрлерін анықтау үшін жалпыланған құрылымға талдау жасап көрейік.

Терроризмнің ішкі құрылымы, өзінің ағымы. Ол негізгі элементтердің сақталуын қамтамасыз ететін тұрақты байланыстардың жиынтығын құрайды.

Террористердің әрекеттерінің сапалы нәтижесі, осы элементтердің тығыз байланыстылығының тиімділігінен туындайды. Оны келесідей бөліп көрейік:

1. ұйымдастыру-басқару қызметі (операцияларды басқару және жоспарлау, әскери содырларды таңдау, дайындау, алдын-ала дайындықтан өткізу, басқа террорлық ұйымдардың тәжірибелік қызметін зерттеу, белгілі бір партиялармен, қоғамдық және мемлекеттік құрылымдармен байланыс ұстау және тұрақты ұстап туру).

2. дайындау және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметі (қаржылық, техникалық, көлік құралдарын тауып беру, қажетті құжаттарды жасау, террорлық әрекеттің мүшелерін, ұйымдарын таңдау, табу, оларға күзет ұйымдастыру, жасыру орындарын ұйымдастыру).

3. ақпараттың – барлау қызметі (белгілі бір объект туралы, оның қоршаған ортасы, оның ықтималды тасымалданатын маршруттарын тексерумен ұштасқан мәліметтердің қайнар көзін жинау, арнайы дайындық қызметі мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін арбау, ұйымның жаңа мүшелерін сынақтан өткізу).

4. операцияны тікелей орындаумен ұштасқан әрекеттер.

Байқаған шығарсыз, терроризмнің ішкі құрылымы арнайы тапсырмамен дайындалатын стандартты әскери бөлімнің құрылымымен тең екендігін. Осыған қарап, бұл құбылыстың қауіпті, екендігіне әрі күресудің қиындығына көз жеткізуге болады.

Енді террористік әрекеттің сыртқы құрылымын зерттеп көрейік, ол бұл құбылыстың пайда болуының себебі мен жағдайын, дамуын түсіндіреді.

Бірінші элементі – террористік әрекеттің субъектісі – ол жеке тұлға, немесе жеке тұлғалардың ұйымы және олардың тұрақтылығы әр түрлі болады [10].

Жекелері (мысалы: олардың ұйымдары) мемлекетпен байланысты болуы мүмкін – яғни, мемлекеттік қызметте, арнайы құрылымдарда (бөлімдерде) туруы мүмкін немесе мемлекеттің жетекшілігімен және бақылауымен, тапсырмасымен жұмыс істейді (“ашық” және “көленкелі” пайдаланылады) – бұл “мемле-

кеттік терроризм” деп танылады. Қайсібір адамдар тобы өз алдына бөлек ұйымдасып әрекет жасайды – “ұйымдастырылған терроризм”.

Террористер өздерінің мақсатына жету үшін өз күштерін белсенді жұмсаған, бұл 70-жылдардағы терроризмге тән қасиет болса, одан кейінгі жылдары олар басқа террористік ұйымдардың үздік “мамандарын баулыған”. Мыс.: 80 жылдары батысгерманиялық “Красная Армия” фракциясы француздардың “Прямое Действие” тобымен бірігіп, НАТО-ның әскери базаларына қарсы біріккен террорлық акция жүргізген.

Ал қайсібір жағдайда террористер қылмыстық қауымдастықтың өкілдерін пайдаланады. Мұндай тәсілді (“Чужими руками”) деп атаған. Бұл әсіресе Италияға тән қасиет. Қазір Таяу Шығыс мемлекеттерінде жиі осы тәсіл қолдалылып жүр.

Екінші элемент – террористік әрекеттің ниетінде. Ол жеке адамдардың, ұйымдардың, әлеуметтік таптардың және жалпы мемлекеттің көздеген мүддесінен туындайды. Ниеттің негізі – саяси, идеологиялық әлеуметтік және экономикалық қайшылықтардан туындайтын көзқарастар.

Практикада ниеттер көбінесе күрделі нысанда кездеседі, мыс. әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық мұқтаждармен (мыс. Югославиядағы оқиғалар т.б.) ұштасқан.

Үшінші элемент – Өзгерістер (заңмен енгізілген қауіп төндіру затының мінез-құлқы) билік органдарындағы және басқарудағы жұмыстың тоқырауы (дезорганизация), саяси (немесе әлеуметтік-мәдени) маңызы бар шаралардың тоқтап қалуы: террористерге тиімді әрекет және (әрекетсіздіктердің) жасалуы, сотталған ортақ көзқарасты, бір идеяны көздейтін террористердің босатылуы, жеңілдіктерге тап болуы, террористердің қарсыластарының моральды-психологиялық қажуы, әлсіреуі, белгілі бір аумақтағы жаппай тынышсыздықтың, жағдайды бақылауға мүмкін емес жаппай паниканың пайда болуы.

Төртінші элемент – Террористердің қолданысындағы құралдар арсеналы. Көбінесе олар атыс қаруын, суық қаруды, жарылғыш және ұландырғыш заттар, моральды-психологиялық үрейлендіру құралдарын – кісі өлімі болатындығы туралы, болашақта басқа да террорлық актілердің болуы мүмкіндігі туралы, жарылыстар болатындығы туралы қорқыту, ескерту, үрейлендіру әрекеттерімен жасайды. Соңғы уақытта олардың қолданысында жылжымалы зениттік-ракета комплексі, минометтер мен гранатеттар, ауыр артиллериялық қару жарақтар, ЭЕМ ақпараттар базасын жойып жіберуге арналған арнайы бағдарламалары, компьютерлі вирустары, тіпті химиялық биологиялық және ядролық қару жарақ бар.

Бесінші элемент – террористік әрекеттің объектісі – мемлекет, халық, ұлт арасындағы сыртқы қатынас болып қана қоймай, таптар арасындағы, партиялар мен топтар арасындағы ішкі қатынастардан туындайтын қоғамдық қатынастар болып отыр [11].

Объекті мен оның заты тығыз байланысты, яғни материалдық табиғаты.

Террористік әрекеттің заты қоғамдық қатынастың неғұрлым көзге көрінетін бөліктері. Белгілі бір аумақтағы бүкіл халықтың немесе оның белгілі бір бөлігінің мүддесіне қатысы бар маңызды объектілердің, коммуникация және байланыс жүйесінің қалыпты қызметіне қауіп төндіру. Мыс: атом электростанциясын және улы заттар орналастырылған қойманы “жарамыз”, – деген қорқытумен ұштасқан, өздерінің саяси талаптарын қанағаттандыру мақсатында Үкіметке т.б. объектілерге талап қою.

233 баптағы қоғамдық қауіпсіздікке қарсы терроризм әрекеті. Бұл норманың мазмұны бойынша, террорлық әрекет оқиғасы болған жерде кездейсоқ пайда болған адамдар зардап шегеді.

Терроризммен күресудің қиын жолмен жүзеге асатын тәжірибесін 1979 жылғы Мюнхенде өткен дүние жүзілік Олимпиада да араб террористерімен, израильдің спортшыларының өлтірілгені туралы шулы ақпарат есімізде. Израиль мемлекетінің “МОСАД” – арнайы қызметі 20 жылдан кейін ғана осыған кінәлі террористік топты түгелдей қолға түсірді. Ескіру мерзімі өткен күннің өзінде де мұндай қылмыстың қоғамға қауіптілігі де артып отырғандығын байқауға болады.

Терроризмнің құрылымы мен түрі ғана бүгінгі күні маңызды емес, террористік ұйымдардың басшы мүшелерінің қауіптілігі күрестің нығаюын, әсіресе қылмыстық құқықтық аспекті жағынан талап етеді.

Террористік ұйымның жақтастары:

Мысалы: “Халықаралық Ислам Фронты” Ұлыбритания аумағында диверсиондық соғыстар жүргізуге арналған, террористерді дайындайтын құпиялы лагерлер ұстап отырған.

Ал жекеленген белсенді басшылары: Әмир Хаттаб – Ауғанстанда КСРО-ға қарсы, Иракта – НАТО-ға қарсы, Чечняда-Россияға қарсы ірі отряд құрып, басқарған соғысқан кәсіпқай содыр “Interpol” тарапынан халықаралық іздестірілуде.

Карлос Шакал – “Палестина Халықтық Азаттық қозғалысы” деп аталатын террористік ұйымның жетекшісі, кәсіпқой террорист 1975 ж. Венада // мемлекеттің ОПЕС мүшелерін кепілдікте ұстаған, Францияда оған сырттай өмір бойына (түрмеде) бас бостандығынан айыру үкімі шығарылды.

Абдулла Оджалан “Күрт жұмысшы партиясын” құрушысы, жетекшісі кәсіпқай террорист. 1984 жылы Түрік Республикасына қарсы партизан соғысын жүргізген. 1999 ж. Ақпан айында Найробида түрік арнайы қызмет қызметкерлерімен ұсталды, Турцияның жоғарғы Сотымен өлім жазасына кесілген.

Хассан Насралых – “Хезболлах” тың жетекшісі, кәсіпқой террорист 1982 жылдан бастап Израил мемлекетіне қарсы әртүрлі террорлық акциялар жүргізген “Interpol” бойынша халықаралық іздеуде болған.

Абу Нидааль – Ирактың бұрынғы президенті Саддам Хуссейннің кеңесшісі, кәсіпқой террорист.

“Фатах Революциялық Кеңсін” құрушы және жетекшісі. Таяу Шығыс мемлекеттерінің аумағындағы 90-шақты террористік актілерге қатысканы туралы құжатты дәлелдемелер табылған “Interpol” тарапынан халықаралық іздеуде.

Усама бен Ладен – кәсіпқой террорист “Аль-Каеда” (дүние жүзі бойынша террористік қозғалыстың бірігуі) құрушысы және жетекшісі. Кениядағы және Танзаниядағы АҚШ елшіліктерінің жарылысы бойынша, 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы жарылыс бойынша т.б. ФБР тарапынан іздеуде.

Алысқа кетпей-ақ Шамиль Басаев – “Хаттаб” қозғалысының мүшесі 1992 ж. Солтүстік Кавказ аумағындағы соғыс әрекетіне белсенді қатысқан мүшесі, 1995 ж. Буденновскиде аурухананы адамдарымен қоса кепілге алған “Interpol” тарапынан халықаралық іздеуде.

Салман Радуев – Кизлярдағы перзентхананы адамдармен қоса кепілге алған. Бүгінгі күні жазасын өтеуде.

Осындай терроризмнің қоғамға қауіпті сипатына мән бере отырып, Кеңес одағы жүйесі кезінде, не КСРО да, не Қазақстанда террорды тұншықтыратын арнайы реттелген заңның қажеттіліне сұраныс болмаса, бүгінгі күнгі етек жайып келе жатқан бұл құбылыс Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 233-баптың төңірегінде қарастырылатын қоғамға қауіпті әрекеттің санкциясының нығая түсуіне себептігін тигізді.

1. Ляхов Е.Т. *Терроризм и межгосударственные отношения*. – М., 1991.

2. *Терроризм наркоторговля и организованная преступность в странах Восточной Европы Борьба с преступностью за рубежом*. 2003 г. №2 – С. 3-10.

3. Замкова В.И., Ильчиков М.З. *Терроризм – глобальная проблема современности* – М., 1996, – с. 9.

4. Карпунин Ю. *Совершенствовать статистику преступлений* / *Вестник статистики* – 1999, №8.

5. Волков М. *Что нам показывает статистика преступности* // *Вестник статистики*. – М., 2001, №3 – с. 29-33.

6. Годунко А. *Воздушный транспорт – ситуация критическая* // *законность* – 2003, №42 – с. 2-6.

7. *“Терроризм в современном капиталистическом обществе”*. Вып. №5. – М., 1983.

8. Ляхов Е.Г. *Проблемы сотруднических государств в борьбе с международным терроризмом*. – М., 1989.

9. Ляхов Е.Т. *Терроризм и межгосударственные отношения*. – М., 1991. – с. 152.

10. Каган М.С. *Человеческая деятельность / опыт системн.анализа*. – М., 1984. – с. 45-46.

11. Ляхов Е.Г. *Политико-терроризм*. – М., – 198-97.

Түйін

Аталған мақалада автор терроризмнің қоғамға қауіптілігінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеп қарастырады.

Резюме

Автор в данной статье рассматривает актуальность общественной опасности терроризма.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ

Г.Сапарова – Д.А. Қонаев атындағы университетінің 2 курс магистранты

ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңына сәйкес, тараптар және олардың өкілдері атқарушылық іс жүргізуге қатысушы адамдар деп танылады. Азаматтық іс жүргізудің басқа сатылары сияқты атқару сатысында да екі тарап болады. Бірақ олар: талапкер мен жауапкер емес, атқарушылық іс жүргізудегі тараптар, өндіріп алушы мен борышкер болып өзгереді.

Бірақ талапкер – өндіріп алушы, жауапкер-борышкер болып танылады деген қате түсінік тұмау керек. Өйткені, сот өз шешімінде талапкердің талабын қанағаттандырмай, жауапкердің жауабын, қарсылығын қолдап, оған мүлікті өндіріп беруді шешуі мүмкін. Онда жауапкер – өндіріп алушы да, талапкер – борышкер болып шығады. Өндіріп алушы – өз пайдасына немесе мүдделеріне атқару құжаты берілген жеке

немесе заңды тұлға болса, борышкер – атқару құжатында көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға болады.

Сонымен қатар, Азаматтық іс жүргізуде дау нысанына өз талабын мәлімдейтін үшінші тұлғалар қатысады. Егер олардың талабы қанағаттандырылғанмен, өздері өндіріп алудан бас тартса, олар өндіріп алушы болып қатыспайды.

Азаматтық іс жүргізудің басқа сатылары сияқты атқарушылық іс жүргізуге бірнеше өндіріп алушы мен бірнеше борышкер қатыса алады. Басқа тарапқа қатысты олардың әрқайсысы атқарушылық іс жүргізуге дербес қатысады, сондай-ақ қатысушыларының біріне атқарушылық әрекеттерге қатысуды тапсыра алады. Бірақ атқару құжаты бойынша борышкерге оның өзі ғана жасай алатын міндеттер, яғни жеке міндеттер жүктеген жағдайлар қосылмайды.

Кәмелеттік жас 18-ге келген азамат атқару өндірісінде құқықтарын пайдаланып, міндеттерін атқаруды өздері жеке дара немесе өкілдері арқылы жүргізе алады. Кәмелетке толмаған 16 жастағы азамат егер заң бойынша толық әрекет қабілеттілік бар деп танылса, яғни оған эмансипация жарияланса атқарушылық іс әрекетті өзі атқара алады. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің атынан атқару өндірісінде олардың заңды өкілдері – ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншы және қамқоршылары жүзеге асырады.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, әкімшілік құқықтық қатынастарынан және айлық жалақыға, кірістерге билік ету мәмілелерінен туындайтын атқарушылық іс жүргізуге кәмелетке толмағандар өздері қатысуға құқылы. Егер атқару өндірісіне өкіл қатысса, оның өкілеттілігі сенімхатпен, қажет болған жағдайда арнайы сенімхатпен ресімделеді. Өкілдің өкілеттіктері мен өкіл бола алмайтын тұлғалар азаматтық іс жүргізу заңы бойынша атқару өндірісінде де заңмен бекітілген.

Өкіл сенімхат негізінде өзіне берілген өкілеттіктер шегінде қызмет етпеді. Ол: атқару құжатын ұсынуға және қайтарып алған жағдайда, өкілеттілігін басқа тұлғаға берген жағдайда, мүлкігі, ақшаны алар кезде, сот орындаушысының іс-әрекетіне шағым беруде және бітімгершілік келісімге келу үшін арнайы сенімхат алу керек.

Өкіл бола алмайтын тұлғалар қатарына негізінен он сегіз жасқа толмаған және өзі қамқоршылықта не қорғаншылықта болған адамдар атқарушылық іс жүргізуде өкіл бола алмайды. Сонымен қатар, азаматтық іс жүргізудің басқа сатылары сияқты, бұл іске бұрын судья, тергеуші болып қатысса, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізіп отырған сот орындаушысымен туыстық қатынаста болса өкіл бола алмайды. Егерде, өндіріп алушы не борышкердің бірі қайтыс болып, не заңды тұлғалар таратылып кетсе сот орындаушысы шешім шығарған сотқа оларды құқықтық мұрагерлерімен ауыстыруды сұрай алады. Егер сот ол өтінішті қанағаттандырса, ұйғарым шығарады. Құқықтық мұрагерлер үшін атқару өндірісі алдыңғы борышкерлер үшін қандай міндетті болса дәл сондай оларға да міндетті болады.

Соттар мен басқа да органдардың қаулыларын бұлжытпай орындауды қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда сот приставтары мен заңдарға сәйкес ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тарту заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысушы адамдар, яғни, тараптар өндіріп алушы мен борышкер, олардың өкілдері, атқарушылық іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, көшірмелерін алуға, қосымша материалдар беруге, өтініш білдіруге, атқарушылық әрекеттер жасауға қатысуға, атқарушылық әрекеттер процесінде ауызша және жазбаша түсініктер беруге, атқарушылық іс әрекеттері кезінде туындайтын барлық мәселелер бойынша пікірлері мен дәлелдерін айтуға, басқа атқарушылық іс жүргізушілердің дәлелдері мен өтініштеріне қарсылық білдіруге, бас тартуын мәлімдеуге, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағым келтіруге хақылы. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушы адамдар өздеріне берілген барлық құқықтарды адал пайдалануға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу туралы заңдардың талаптарын орындауға міндетті.

Тараптарға сот орындаушыларынан тілмаштан, маманнан атқарушылық әрекеттер жасауларынан бас тартуға құқығы бар, яғни оларды атқарушылық әрекеттер жасаудан шеттете алады, егер тараптармен олардың өкілдерімен әділ қарайтынына күмән туғызатын туыстық қатынаста болса, немесе жеке өзі тікелей не жанама түрде мүдделі болса. Атқарушылық іс жүргізуден шет қалдыру атқарушылық іс басталмай жатып іске қатысушылардың өздері дәлелденген жазбаша мәлімдеумен, сондай-ақ іс басталып кеткеннен кейін де орындау процесінде жүзеге асыруға жол беріледі. Бас тартуды, яғни атқарушылық іс жүргізуден шет қалдыруды сот орындаушысы кіретін органның басшысы шешеді және ол жөнінде қаулы шығарады. Ол қаулыға белгіленген тәртіппен сотқа шағым келтірілуі немесе наразылық берілуі мүмкін. Шағым беру, наразылық келтіру атқарушылық әрекеттер жүргізуді тоқтатпайды.

Ал маман болып қатысып, қорытынды беру үшін қажет арнаулы білімі бар кез келген адам

тағайындалуы мүмкін. Бір атқарушылық іске бір ғана тілмаш алынса, қажет болған жағдайда бір атқарушылық іске бірнеше маман тағайындалуы мүмкін. Сот орындаушысы бұл жөнінде міндетті түрде қаулы шығаруы керек.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысқан тілмаш пен мамандар өз еңбектері үшін сыйақы алуға құқығы бар. Бұл сыйақы және мамандар мен тілмаш тартуға жұмсалған басқа да шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады.

Егер тілмаш пен маман тараптармен олардың өкілдерімен әділ қарайтынына күмән туғызатын туыстық қатынаста болса, немесе жеке өзі тікелей не жанама түрде мүдделі болса өндіріп алушы не борышкер оларды істен шеттетуге үшін сот орындаушысына жазбаша дәлелденген өтініш түсіреді. Оны аумақтық бөлім басшысы бекіткен қаулымен бекітеді.

Шет қалатындай мән-жайлар өздеріне белгілі болған жағдайда аудармашы мен маман өздері бас тартуын мәлімдеуге міндетті.

Атқарушылық әрекеттерге айғақ адамдардың қатысуы екі жағдайда өтеді. Біріншісі атқарушылық әрекеттерге айғақ адамдардың қатысуы міндетті болса, екіншісінде сот орындаушысының бастамасы бойынша қатысады.

Міндетті жағдайлар болып, өндіріп алушының немесе борышкердің талабы бойынша, сондай-ақ үйге орналастыру және үйден шығару шешімдерді, борышкердің мүлкін пайдалануға тиым салуға, алып қоюға және беруге, оның тұрғын үйін, үй жайлары мен қоймаларын ашуға, тексеру жүргізуге байланысты әрекеттерді орындау кезінде, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де жағдайларда айғақ адамдардың қатысуы міндетті болып саналады. Қалған өзге жағдайларда сот орындаушысының бастамасы бойынша қатыстырылуы мүмкін. Айғақ адам ретінде кәмелетке толған, әрекетке қабілетті, атқарушылық әрекеттердің нәтижесіне мүдделі емес кез келген азаматтар шақырылуы мүмкін. Сот орындаушысы айғақ болып отырған азаматқа атқарушылық әрекеттерге қатысу тәртібін түсіндіреді, яғни айғақ адам атқарушылық іс басталардың алдында, өзінің қандай атқарушылық әрекеттер жүргізу үшін шақырылып отырғанын, олар қандай атқару құжаты негізінде жасалатынын білуге және ескертпелер беруге хақылы. Ол ескертпелер тиісті атқарушылық әрекет актісіне енгізілуі тиіс.

Атқарушылық әрекеттердің соңында айғақ адам өзі қатысқан атқарушылық әрекеттердің фактісін куәландырады. Атқарушылық әрекеттерге айғақ адам ретінде қатысушылар шығарған шығыстарына өтемақы алуға құқылы және оларға төленетін ақша сомасы атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады. Атқарушылық іс жүргізу бойынша басқа іске қатысушылармен бірге Мүлікті сақтаушы қатысуы мүмкін.

ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңына сәйкес, мүлік бағаланып, сатуға қойылғанша сот орындаушылары мүлікті сақтау мәселелерін қолға алады. Яғни сот орындаушысы сақтаушыдан сақтауға қолқат алу арқылы сақтау шарты негізінде тыйым салынған мүлікті сақтауға беруді жүзеге асырады. Тыйым салынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен шарттары Азаматтық кодекспен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

Егер тыйым салынған мүлікті борышкер немесе оның отбасының бірі сақтауға ала алмаса басқа тұлғалар сақтап бергені үшін сыйақы алуға құқығы бар болады. Егер сақтауға берілген мүлікті пайдалану оның бағасына қызметіне зиянын тигізбейтіндей болса, сақтаушы оны сот орындаушысының рұқсатымен пайдалана алады. Мүлікті пайдаланудан түскен пайда шегеріліп тастап, сақтаушыға мүлікті сақтауға кеткен шығыстар өтеледі. Ол жасалған шығыстар атқару құжаттарын жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылады. Ал егерде сақтаушы өзіне сақтауға берілген мүлікті жасырып, не талан-таражға салатын болса заңдарға сәйкес жауапты болады.

Борышкерден алынған құнды заттарды, яғни, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастардан, және інжуден жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ мұндай бұйымдардың сынықтарын сот орындаушысы банк мекемелеріне шарт арқылы сақтауға өткізеді.

Бүгінгі таңда атқару өндірісін жетілдіруге байланысты сот-орындау жүйесін реформалау мәселесі жүргізілуде. Соның ішінде жеке сот орындаушылары институтын енгізу, сот өндірісін реформалау жағдайында сот актілерінің орындалу барысы мәселелері мен шетелдік атқару өндірісі түрлері талқыланады. Сот орындаушыларының жеке институты дегеніміз, көпшілік ойлағандай жеке меншік иесіне аталған қызмет міндеттерін бере салу емес. Біз негізінде мемлекеттік және жеке сот орындаушылар институтының бірлесе қызмет атқару барысын құптауға тиіспіз. Бұған айғақ, “Жеке сот орындаушылар институтын енгізу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң жобасы ғалымдардың, құқықтанушылардың қатысуымен өткен заң шығарушылық қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысында талқыланып, қолдауын тапқан.

Егер жеке сот орындаушылар институты енгізілсе, онда соттың шешімі бойынша өндіруші мемлекеттік пе әлде жеке сот орындаушысына ма, өзінің таңдағанына сай біреуіне жүгінуге қақылы болады. Ал жеке сот орындаушысынан жоғары біліктілік талап етіледі және оның қызметін мемлекет лицензиялайды, яғни олардың іс-әрекеті мемлекет тарапынан бақылауға алынып отырады. Бұған қоса, жеке сот орындаушыны қоғам тарапынан да бақылауға алып отыруды қарастыру қажет. Демек, жеке сот орындаушының мәжбүрлеу сипатындағы іс-әрекеттері сотпен санкциялануы тиіс.

Жеке сот орындаушылардың мемлекеттік сот орындаушылардан өзгешелігі оларды материалдық ынталандыру басымырақ болады, яғни ол өз еңбегінің нәтижесіне өзі жауапты, еркін кәсіби, бейтарап маман. Жеке сот орындаушы институтында мәжбүрлеп орындауды жеке құқықтық ұйым жүзеге асырады. Мұндай негіз Франция, Венгрия, Польша, Эстония, Латвия секілді елдердің сот орындаушылар жүйесінде қалыптасқан [2, Б. 68].

Сот шешімдерінің дер кезінде орындалмауына түрлі жағдайлар себеп болады. Мысалы, мемлекеттік мекемелерден өндіру кезінде туындайтын өзекті мәселе сот шешімдерін мекемелердің, яғни борышкерлердің өтегісі келмеуінен емес, осындай мәселені шешу үшін арнайы қаражат бөлудің тиімді механизмінің жоқтығынан орын алады. Ал сот актілерін сот жүйесінің барлық сатыларында шағымданған жағдайда ғана мемлекеттік органдар міндеттемелерін өтеуге бюджеттен қаражат бөлінеді.

Сонымен, қорыта келе, сот орындаушысы – мемлекеттік қызметте тұратын және сот актілері мен басқа да органдардың актілерін орындау бойынша өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

Қазіргі кезде сот орындаушысы болып тағайындалу үшін жиырма жасқа толған, сотталмаған, жоғарғы немесе орта заң білімі бар, Қазақстан Республикасының заңдарында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің іскерлік және жеке басының қасиетімен, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Сот орындаушысы ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңына сәйкес, орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға, қажетті ақпараттарды, түсініктемелерді, анықтамаларды алуға, орындауға байланысты азаматтарды және лауазымды тұлғаларды шақыртуға, орындау мерзімін кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, орындау тәсілі мен тәртібін өзгертуге; борышкерлердің банктердегі ақшасы мен бағалы қағаздарына тыйым салуға; кез-келген меншік нысанындағы ұйымдарда атқару құжаттарының орындалуын тексеруге, үй-жайлар мен қоймаларға кіруге, борышкерлердің мүлкіне тыйым салуға, алуға және сатуға және атқару құжатын орындаумен байланысты өзге де әрекеттер жасауға құқылы, қылмыстық қудалау органына сот актілерін орындаудан қасақана бұлтарған адамдарды қылмастық жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізуге, тиым салынған мүлікті алуға, сақтау үшін беруге және сатуға, егер атқару құжатын орындау барысында осындай қажеттілік туындаса, басқа қаланың немесе ауданның сот орындаушыларына жекелеген атқарушылық әрекеттер жасауды тапсыруға құқылы, атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өтеусіз қажетті ақпарат, түсініктемелер мен анықтамалар алуға құқылы. Бұл орайда органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар оларды дереу, ал арнайы құжаттарды өңдеуді қажет ететін жағдайда үш күннен қалдырмай сот орындаушысына беруге міндетті.

Сот орындаушысы: соттың талапты қамтамасыз ету жөніндегі ұйғарымын орындауға, тараптарға немесе олардың өкілдеріне атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінділер алуға, көшірмелер түсіруге мүмкіндіктер беруге, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі арыздар мен тараптардың өтініштерін қарауға және солар бойынша қаулы шығаруға, оларға шағым немесе наразылық беру мерзімдері мен тәртіптерін түсіндіруге, егер оның өзі атқарушылық іс жүргізудің аяқталуына тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның әділдігіне күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса, істі қараудан бас тартуға міндетті.

ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңына сәйкес, заңда көзделген жағдайларда атқару құжаттарын орындау сот приставтарының жәрдемдесуімен жүзеге асырылады. Сот приставтарының құқықтық жағдайлары, міндеттері, қызметін ұйымдастыру және тағайындау тәртібі Сот приставтары туралы заңмен реттеледі [3]. Сот приставы – мемлекеттік қызметкер болып табылатын және үзіне жүктелген міндеті ретінде соттардың қызметінің тәртібін қамтамасыз ететін лауазымды тұлға. Сот приставының міндетіне кіреді: сот мәжілісі кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаның орындалуын бақылау, сот ғимаратын, судьяларды және процесстің басқа да қатысушыларын күзету, сот орындаушыларына атқару құжаттарын мәжбүрлі орындауға көмек көрсету.

1. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010. №4. 195-құжат.
2. Ильясова Г.А. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы (ерекише бөлімі). Оқу құралы. – Қарағанды, 2007.
3. Қазақстан Республикасының 1997 ж. 7 шілдедегі Сот приставтары туралы заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые правовые проблемы исполнительного производства.

Summary

In given article it is considered some legal problems of executive manufacture.

МЕМЛЕКЕТ ЖЭНЕ КҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КҰҚЫҚ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА И КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА

СТАНОВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА КЫРГЫЗСТАНА

А.А. Арабаев – *д.ю.н., проф., заслуженный юрист КР, заведующий центром науки
Юридического института КНУ им. Ж.Баласагына*

Конституционное законодательство Советского Кыргызстана сформировалось и получило значительное развитие на основе и в рамках советского конституционного законодательства в качестве его составной части. Так, Конституция Киргизской АССР 1929 г., конституции Киргизской ССР 1937 и 1978 гг. разрабатывались и принимались соответственно на основе установлений Конституции РСФСР 1925 г., конституций Союза ССР 1924, 1936 и 1977 гг. При этом, по справедливому мнению И.В. Петелиной [1. 178], частая смена конституций в советский период объяснялась изменениями, происходящими в социальной структуре общества, в его политической и экономической системах. К сожалению, это не исключало порой использование принятия новой Конституции в качестве средства для решения определенных политических, а иногда и конъюнктурных задач. Им же обуславливалась внутренняя противоречивость конституций тридцатых и семидесятых годов: с одной стороны, они отражали объективную тенденцию к углублению демократических основ организации общества, а с другой – юридически закрепляли авторитарно-бюрократическую систему.

Советские конституции отличала декларативность их норм. Формально они закрепляли широкий перечень прав и свобод человека и гражданина; демократические принципы организации государственной власти и системы ее органов. Фактически же действовала лишь одна конституционная норма – о политической монополии и руководящей роли КПСС, которая стояла и над государством, и над правом.

Ибо цель Конституции социалистического государства состояла не столько в закреплении правовой системы, сколько «в выполнении ею пропагандистской и программной функций – дезавуировании реальной власти, фиксации стадий продвижения к коммунизму и в выдвижении перспективных политических установок» [2. 492].

Как верно отмечает С.С. Алексеев, общей чертой советских конституций является «фальсификация политико-государственной действительности - сосредоточения неограниченной политической власти в высшем партийно-политическом аппарате (номенклатуре, партократии)» [3. 25].

Отсюда вполне очевидно превращение Конституции советского периода из способа регулирования общественных отношений, ограничения власти в инструмент ее социальной политики, в «средство модернизации общества или консервации существующих отношений» [4. 494].

Иначе говоря, в условиях советской системы организации власти, где уникально сочетались декларации конституционных прав и принципиальный отказ от каких-либо конституционных гарантий, отрицание права вообще и Конституции, в частности, право теряет свою самостоятельную ценность и становится одной из форм идеологического воспитания и принуждения. В таком качестве право, в особенности Конституция как ядро правовой системы служит и, как показывает история советской Конституции, служила маскировке диктатуры партии [5. 483].

Декларативность конституций Кыргызстана советского периода обуславливалась еще и тенденцией к унитаризму в СССР, что находило выражение в ограничении самостоятельности союзных республик, в единстве правового регулирования и, наконец, в единстве государственной власти в СССР, которая находилась в руках ее партийно-государственных органов в «центре».

Тем не менее, нельзя не признать определенную ценность советских конституций, ибо в них аккумулирован опыт юридического закрепления конституционного развития Союза ССР, в том числе и Советского Кыргызстана. И в таком качестве они выступают исходной базой, основой для развития конституционализма в Кыргызской Республике.

Ценность конституций Кыргызстана советского периода и в том, что каждая из них, представляя в отдельности определенный этап в развитии республики, в целом отражает историю Кыргызстана и пути его политического и конституционно-правового становления и развития. Поскольку принятие каждой из них, с точки зрения Р.Т. Тургунбекова, «знаменовало существенные изменения в жизни общества, подводило итог предшествующему развитию, определяло, как правило, качественно новый этап в истории государства, отражало утверждение новых концепций» [6. 82].

В этом смысле значителен вклад в конституционное развитие Кыргызстана и Деклараций о государственном суверенитете и государственной независимости Республики Кыргызстан.

Дело в том, что Союз Советских Социалистических Республик, формально-юридически являвшийся федеративным государством, постепенно отходил от исходных принципов своей организации и деятельности и фактически стал «строго централизованным, бюрократически управляемым государством. Порожденные устоями административно-командной системы, центробежные силы и многие другие деформации развития национального самосознания и межнациональных отношений вызвали стремление союзных республик отстоять свой суверенитет. Так называемые «парад суверенитетов», «триумфальное шествие суверенитета», «лихорадка суверенитета», в сущности, были естественной реакцией на десятилетия тоталитарного подавления национальных чувств, достоинства и экономических, политических прав союзных республик» [7. 8].

Иначе говоря, провозглашение государственного суверенитета союзными республиками явилось не самоцелью, а актом вынужденным, средством обеспечения своих государственно-национальных интересов [8. 3].

Поэтому только провозглашением государственного суверенитета и независимости Кыргызстана, закреплением качественно иных конституционных принципов и положений, составивших основу новой Конституции суверенной Кыргызской Республики, были созданы необходимые условия для самостоятельного развития собственно национального конституционного законодательства.

В то же время, до принятия Конституции Кыргызской Республики в 1993 г. реформа конституционного законодательства в Кыргызстане проводилась в основном путем внесения изменений и дополнений в Конституцию Кыргызской ССР 1978 г.

При этом конституционные реформы 1989-1992 гг. имели в своей основе два направления. Во-первых, они в республиканском аспекте отражали союзные конституционные реформы, то есть соответствующие нормативные правовые акты Кыргызстана принимались на основе и в развитие союзных законов. Во-вторых, принятие республиканских конституционных актов было непосредственным образом связано с происходящими в Кыргызстане общественно-политическими и социально-экономическими преобразованиями.

Следовательно, только изучение в тесном сочетании проблем преемственности и новизны конституционных принципов и положений позволит выявить основные этапы, особенности происходящего в Кыргызстане конституционного процесса.

Итак, начало современного периода развития конституционного законодательства Кыргызстана связано с изменениями в Конституции СССР 1977 г. и соответствующих союзных законах, принятых Верховным Советом СССР в 1988 г.

1 декабря 1988 г. Верховным Советом СССР были приняты законы об изменениях и дополнениях в Конституцию СССР, о выборах народных депутатов СССР [9. 729].

Это позволяет сделать вывод о том, что «система сдержек и противовесов» служит формированию и синхронному функционированию всего государственного механизма, преодолению трудностей, кризисных ситуаций, выполнению государством всех его функций. Проблема это актуализируется и подходом к «системе сдержек и противовесов», как к элементам системы. Под «Сдержками» следует определять такие организационные и правовые средства, которые направлены на обеспечение законности в процессе формирования органов государства, не допускать нарушения органами государственной власти своих полномочий или исправления допущенных нарушений. Так, строгое соблюдение избирательного законодательства позволяет обеспечить формирование Мажилиса и сената, а строгое соблюдение Конституции позволяет Парламенту осуществлять свою законодательную деятельность в ее рамках. «Противовесы» – это такие организационные и правовые средства, которые создают условия для нормального функционирования ветвей государственной власти в целостном механизме правового регулирования.

Тихомиров Ю.А. пишет, что «признание принципа разделения властей не может скрыть противоречивость реального процесса, когда многие государственные органы больше заняты противоборством, а не взаимодействием в процессе управления государственными делами и формами разделения институтов государственной власти» [3]. Наличие противоречий и противоборства признается самим законодателем, который предусматривает правовые и организационные меры, направленные на их преодоление. В Конституции Республики Казахстан указаны наиболее важные из них. Так, Г.С. Сапаргалиев счел необходимым выделить нижеследующие меры:

1. Мажилис Парламента может не принимать проект закона, представленный Правительством.

2. Парламент Республики на совместном заседании Палат, заслушав доклад Премьер-министра и Программе Правительства, может отклонить его.

3. Большинством в две трети голосов от общего числа депутатов каждой из палат Парламент может выразить недоверие Правительству.

4. Каждая Палата Парламента вправе заслушивать отчеты членов Правительства Республики по вопросам их деятельности и принимать обращения к Президенту Республики по освобождению их от должности в случае неисполнения ими законов.

5. Разногласия между Сенатом и Мажилисом Парламента по вопросу законотворчества разрешаются путем согласительных процедур.

6. В связи с неприятием внесенного правительством проекта закона Мажилисом Премьер-Министр вправе поставить на совместном заседании Палат Парламента вопрос о доверии Правительству.

7. Сенат Парламента Республики Казахстан большинством голосов от общего числа депутатов может отклонить и возвратить проект закона в Мажилис.

8. Президент Республики может распустить Парламент в случаях: выражения Парламентом вотума недоверия Правительству, двукратного отказа Парламента дать согласие на назначение Премьер-Министра, политического кризиса в результате непреодолимых разногласий между Палатами Парламента или парламентом и другими ветвями государственной власти.

9. Члены Правительства, не согласные с проводимой Правительством политикой или не проводящие ее, подают в отставку или подлежат освобождению от занимаемой должности.

10. Правительство и любой его член вправе заявить Президенту Республики о своей отставке, если считают невозможным дальнейшее осуществление полномочий.

11. Президент Республики вправе по собственной инициативе принять решение о прекращении полномочий Правительства и освободить от должности любого его члена.

12. На решение Конституционного Совета Республики в целом или в его части могут быть внесены возражения Президентом Республики. При не преодолении возражений Президента решение Конституционного Совета считается не принятым.

13. Законы, принятые парламентом, иные нормативные правовые акты, принятые любым государственным органом, признанные Конституционным Советом ущемляющими закрепленные Конституцией права и свободы человека и гражданина, отменяются им и не подлежат применению.

14. Прокуратура Республики от имени государства осуществляет высший надзор за точным и единообразным применением законов, указов Президента Республики Казахстан и иных нормативных правовых актов на территории Республики, принимает меры по выявлению и устранению любых нарушений законности со стороны любого государственного органа, опротестовывает законы, другие нормативные правовые акты, противоречащие Конституции и законам.

15. Маслихат вправе выразить недоверие акиму и поставить вопрос об его освобождении от должности соответственно перед Президентом Республики либо вышестоящим акимом.

16. Президент отменяет либо приостанавливает полностью или частично действие актов Правительства и Акимов областей, городов республиканского значения и столицы республики.

17. Полномочия Маслихата прекращаются досрочно Сенатом Парламента по основаниям и в порядке, установленном законом.

18. Правительство Республики отменяет или приостанавливает полностью или в части действие актов Министерств, иных центральных и местных исполнительных органов, противоречащих законодательству.

19. Полномочия Президента прекращаются в случае досрочного освобождения или отрешения Президента от должности.

20. Непринятие окончательного решения в течение двух месяцев с момента предъявления Президенту Республики обвинения влечет за собой признание обвинения против Президента Республики отклоненным. Отклонение обвинения Президента Республики в совершении государственной измены на любой его стадии влечет за собой досрочное прекращение полномочий депутатов Мажилиса, инициировавших рассмотрение данного вопроса.

В данной связи надо согласиться с позицией академика Сапарғалиева Г.С. который полагает, что существуют факторы, порождающие противоречия и противоборства в государственных органах. Взгляды ученого позволяют отметить недостатки, присущие статутным законам о высших органах государственной власти Республики Казахстан. За органом государственной власти могут быть предусмотрены завышенные полномочия. В этом случае, орган вторгается в сферу деятельности другого органа. Возможен параллелизм в полномочиях различных государственных органов, когда они сталкиваются. Также возможен пробел в компетенции, что может либо снизить эффективность работы уполномоченного государственного органа, либо послужить основанием для вмешательства в деятельность уполномоченного органа. Причиной противоречий и противоборства государственных органов может быть непрофессионализм руководителей государственных органов, политических, административных государственных служащих, незнание ими статуса руководимых органов, нарушение законности, правил профессиональной этики, стремление к расширению своих полномочий, издание противозаконных актов. Конституцией предусмотрены меры для сбалансированного функционирования и взаимодействия ветвей государственной власти. Баланс между ветвями государственной власти, между ними и другими государственными органами не может означать наделения всех ветвей государственной власти, а также не относящихся к таковым органам, одинаковым объемом полномочий. Требование к сохранению баланса предъявляется в процессе самостоятельного функционирования каждой ветви власти, а также в процессе взаимодействия, взаимного сотрудничества. Наделение ветвей государственной власти и других органов конституционными полномочиями означает, по мнению ученого, что они в процессе функционирования не должны их нарушать. Выходить за их пределы. Выход за пределы конституционных полномочий означает, с одной стороны, нарушение своего конституционного статуса, а с другой – вмешательство в конституционные полномочия другой ветви государственной власти, полномочия других государственных органов.

Конституцией Республики Казахстан также предусматривается ответственность за нарушение конституционных полномочий ветвями государственной власти. И, наконец, Конституция Республики Казахстан предусматривает систему сдержек и противовесов между ветвями государственной власти и другими органами для того, чтобы сохранить баланс и воспрепятствовать его нарушению.

1. Конституция РК. Научно-правовой комментарий. / Под ред. Сапаргалиева Г.С. Изд. 2-е, испр. и доп. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – С. 30.
2. Тиунова Л.Б. Системные связи правовой действительности: методология и теория. – СПб., 1991. – С. 121.
3. Тихомиров Ю.А. Коллизионное право. Юринформцентр. – М., 2001. – С. 199-200.

Түйін

Мақала Қазақстан Республикасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің қызмет етуінің өзекті мәселесіне арналған. Автор конституцияны талдау мен бірнеше ғылыми зерттеулерге негіздей отырып, аталған мәселені шешудің өзіндік түсініктемесін береді.

Summary

The article devotes an actual problem functioning system of checks and balances in the Republic of Kazakhstan. Based on the analysis of the Constitution and a number of scientific studies, the author gives its own interpretation of this problem.

ЗАҢГЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Қ. Исабеков – з.ғ.к., «*мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық*» кафедрасының профессоры, *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*,

Ғ.Ш. Битұрсын – *құқық және экономика институтының директор орынбасары, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі таңда егеменді еліміз өркениетке қарыштап қадам басуда. Оның бір айғағы – мемлекетіміздің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан көрінуге деген талпынысы. Бұл талпыныс мемлекетіміздің стратегиялық дамуындағы негізгі қозғаушы күші болып табылады. 1991 жылы Қазақстан Республикасы егемендігін алып, тәуелсіз, зайырлы, демократиялық мемлекет атанған соң дербес құқықтық мемлекет құрды. Тәуелсіздік алған аз ғана 20 жылдың ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізе білдік. Бұл жетістіктерді бүгінде өзге мемлекеттер мойындайды. Осы мойындатулар тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетті елге айналуына өз ықпалын тигізеді. Өркениетке жетудің алғышарттарының бірі құқықтық мемлекет құру. Құқықтық мемлекетте әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы бірге жетіледі. Құқықтық сана әрбір азаматты құқықты құрметтеуге, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға, қылмыс зардабын түсініп, оны жасамауға және екінші тұлғаның қылмыстық әрекетке бармауына ықпал етуге көмектеседі.

Қоғамда тәртіп пен саяси тұрақтылық қалыптасқан жағдайда ғана халықтың құқықтық санасы оянып, жетіле бастайды. Егер, қоғамда тәртіп пен тұрақтылық бұзылған жағдайда, халықтың қоғамдағы тәртіп пен саяси тұрақтылықты реттейтін заң нормаларына наразылығы туып, оны құрметтеуден бас тартады. Мұндай жағдайда азаматтардың санасынан бірін-бірі сыйлау, құрметтеу, өзара түсіністікпен қарау, әдеп сақтау сияқты ізгілік ұғымдары тыс қалады. Қоғамдағы барлық азаматтардың жүріп-тұру, қарым-қатынас жасау сияқты әрекеттерін бір жүйеге келтіріп, реттеп отыратын ол – заң. Заң нақты, жалпыға ортақ әрі түсінікті болғанда ғана мемлекеттегі қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік туады. Сол заңның нақтылығын, жалпыға ортақ талаптарын халыққа терең түсіндіру жұмыстары егеменді еліміздегі заңгерлердің міндетіне жатады. Сондықтан өркениетке жету жолында құқықтық мемлекетіміздің қорғанын мықтап қалау үшін елді тәртіпке, ауызбіршілікке, өзара келісім мен ымыраға және ізгілікке шақыратын заң нормаларын халыққа жете түсіндіріп, олардың құқықтық санасын қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселелерінің біріне айналып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында: «Біз құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыс жүргізуге тиіспіз. Бәрінен бұрын, құқық қорғау жүйесін оңтайландырып, әрбір мемлекеттік органның нақты құзіретін түзу қажет. Біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың сапасын арттыру қажет. Басқаша айтқанда, жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет» [1] – деп еліміздің құқық-қорғау жүйесін жетілдіру, заңгерлердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ сот отырысын жүргізу тәртібі мен сотқа қатысушы заңгерлердің халықаралық стандарт талаптарына сай іс жүргізу қызметтерін қатты назарға алған болатын.

Бүгінгі таңда тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетіміздің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан орын алып, халықаралық аренада өркениетті елдермен терезесін теңестіру мақсатындағы

стратегиялық жоспарға қол жеткізу үшін халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жетілдіру қажет. Құқықтық мемлекетімізде халықтың құқықтық санасы мен мәдениетін қазіргі қоғам талабына сай ізгілік жолымен қалыптастыру мәселелері қолға алынуда.

Егемендік алып, тәуелсіздігімізді тарих талқысына түсірген аз ғана жылдың ішінде өркениетке жету жолында мемлекет мүддесін сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдар, ережелер және заңдылық күші бар құжаттар қабылданды. Атап айтар болсақ, Конституция, кодекс (азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, еңбек), Президент Жарлықтары, Үкімет қаулылары, Министрлік тарапынан бекітілген ережелер, Құқықтық саясат тұжырымдамалары т.б. Демократиялық құқықтық мемлекетте құқықтық мәдениеттің алар орны ерекше. Демократиялық қоғамдағы құқықтық мәдениет – қоғамдағы барлық азаматтардың мәдени сөйлеу құралының жиынтығы. Азаматтардың кәсіби сөйлеу мәдениеті құқықтық мемлекеттегі құқықтық мәдениет элементтерінің көрінісін айғақтайды. Демократиялық құқықтық мемлекет деп танылу үшін қоғамда құқықтық мәдениет толыққанды қалыптасуға тиіс. Құқықтық мәдениет қалыптасу үшін қоғамдағы жалпы азаматтардың, оның ішінде заңгерлердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажет. Қазақ қоғамынан біздің заманымызға дейін яғни тәуелсіздік алып демократиялық құқықтық мемлекет құрғанға дейін құқықтық мәдениеттің элементтерін көре аламыз. Құқықтық мәдениеттің элементі ретінде халықтың құқықтық санасы қалыптасқан. Қазақ қоғамындағы қалыптасқан құқықтық мәдениет пен құқықтық сана қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан бастау алады. «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала», «Сыпай сөйлегеннің сыйы басым», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады», «Аурудың халін сұрау имандылық, имандылық белгісі – тазалық» деген халық нақылдарынан қазақ халқының баланы жастайынан әдептілікке, сыпайылыққа, үлкенге құрмет көрсетуге және имандылыққа баулып мәдениеттің мәнді элементтерін бойына сіңіріп қалыптастыра білгенін байқаймыз. Осындай салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген қазақ халқының мәдениетінің тамыры тереңде. Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың санғасырлық қалыптасқан құқықтық мәдениетін жаңа заман талабына сай жаңғыртып, жүйелеп, халықаралық стандарт талабына сай ізгілендіруіміз қажет.

Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан мәдени мұралары, әдет-ғұрыптары, салт дәстүрлері, рәсімдері рәміздері және жөн-жоралғылары құқықтық заң, бұлжымайтын ереже ретінде өмірлік қолданысқа айналған. Халықтың ізгі әдеттері құқықтық әдеп болып қалыптасып, ол құқықтық заңдылыққа, дәстүрге, санаға сіңіп салтқа айналған. Ұлттық салт-сана мен дәстүрлер құқықтық нормалар арқылы әлеуметтік әдеп – яғни құқықтық мәдениет болып қалыптасқан.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық мәдениетін Т.М. Күлтелеев: «Қазақ әдет-ғұрып хұқы, басқа халықтардың әдет-ғұрып хұқы сияқты заң күшіне енген әдет-ғұрыптар жиынтығы», [2, 86 б.] – деп жазса, академик С.З. Зиманов: «Әдет-ғұрып нормаларының күші оның міндетті түрде сыртқы күштердің әсерінсіз орындалуында. Осының салдарынан әдет-ғұрыпта инерция әсерінің күші бар, ал басқа тәртіптік қағидаларда олар болуы мүмкін емес. Қоғам мүшелерінің психологиясына орнығып алған әдет-ғұрыптар одан да үлкен қиындықтармен, сыртқы факторлар мен қызықтырушылық әсерімен шығарылады», [3, 15 б.] – деп анықтама берген.

Қазақ халқының санғасырлық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге негізделген төл мәдениетіміздің Ресей империясының реформалау саясатына тап болғаны тарихтан белгілі. Осы орайда Ресей империясының реформалау саясатын заңгер ғалым З.Ж. Кенжалиев өзінің «Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет» атты докторлық ғылыми диссертациясында: «Бірінші кезең – Қазақстанның Ресей империясының қол астына ене бастағаннан қазақ хандықтарының жойылуы кезеңі, яғни XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан XIX ғасырдың 20-шы жылдары аралығына дейін созылады, екінші кезең – XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан осы ғасырдың 67-68 жылдарына дейін, үшінші кезең – XIX ғасырдың 67-68 жылдарынан XX ғасырдың 1917 жылдарына дейінгі аралықты қамтиды», – деп 3 кезеңге бөлген [4, 188 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзінің сот органдары басқаратын билік жүйесі бар демократиялық тәуелсіз құқықтық мемлекет болып табылады. Егемендік алғалы әдет-ғұрып нормаларын жаңғырта отырып, мемлекетіміздің алғаш Конституциясын қабылдап, Ата заң аясында барлық қоғамдық мәселелер қамтылуда. Ғасырлар бойы Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналып, ресейлік жоғары басқару жүйесіне бағынып қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу барысында қазақ халқы өзінің санғасырлық атадан балаға мұра болып қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын сақтап қалғанына біздер куә болып отырмыз. Осындай өзге елге бағынышты жағдайда өзіміздің құқықтық мәдениетімізді сақтай білгенде, тәуелсіздік таңы атқан сәтте неге құқықтық мәдениетімізді қайта жаңғыртпасқа? Егемендік алып, еңсемізді көтерген жас демократиялық құқықтық мемлекет үшін құқықтық мәдениеттің оның ішінде халықтың құқықтық санасын қалыптастырудың маңыздылығы қандай?

Мақаламыздың басында айтылғандай, егеменді еліміздің өркениет жолына қадам басқан сәті – бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену саясаты болып табылады. Мемлекетіміздің бұл саясатының жүзеге асырылу жолында заңгерлердің үлесі мол деп айта аламыз. Өйткені құқықтық мемлекетіміздің өркениетке жету жолында стратегиялық дамуы үшін 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыстар жүйелі түрде іске асырылып, өз жемісін беруде.

2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында қазіргі заңдарды ізгілендіру арқылы халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыратындай және заңгерлік қызметтің сапасын арттыра отырып, халықтың құқықтық санасын қалыптастыру мәселелері кеңінен насихатталған. Құқықтық сананы қалыптастыру арқылы ғана құқықтық мемлекеттің негізін қалауға болады. Қазіргі уақытта Қазақстан халқының 3/1-і құқықтық сауатты болып саналады. Бірақ бұл демократиялық құқықтық мемлекет үшін үлкен көрсеткіш емес. Демократиялық құқықтық мемлекетте халықтың 80% пайызының құқықтық санасы қалыптасуы тиіс. Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына құқықтық сезімдерінің, көзқарас пікірлерінің жүйесі болып табылады. Құқықты ұғынумен қоса, азаматтарды заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады.

Құқықтық санасы қалыптасқан құқықтық мәдениеттің негізгі шарттары:

- біріншіден, халықтың рухани және құқықтық сана-сезімін дамыту;
- екіншіден, мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту;
- үшіншіден, заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату;
- төртіншіден, мәдениеттің жетістіктерін қорғау;
- бесіншіден, құқықтық мемлекет қалыптастыру болып табылады.

Құқықтық санасы қалыптасып, құқықтық мәдениеті дамыған құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік биліктің бағыттары:

- біріншіден, қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік даму процесін күшейту;
- екіншіден, мемлекеттік құзырлы органдар қызметкерлерінің мәдени сапасын жақсартып, білімі мен біліктілігін және тәжірибесін көтеру;
- үшіншіден, демократияны барынша дамыту болып табылады.

Қорыта келе, тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялық дамуына заңгерлік қызметтің қосар үлесіне тоқталатын болсақ, құқыққорғау органдарының қоғамдық ортада тәртіп сақшылары ретіндегі қырағылық қызметтерін, прокуратура органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекет мүддесін қорғайтын заңдардың бұзылуын қадағалау жұмыстарын, сот органдарының әділдік қағидасы мен ізгілік факторларынан бастау алатын гуманизм қағидасын ұстанудағы әділсот мәртебесін және заңды кеңес беру (юридическая консультация) орындарының халықтың құқықтық санасын қалыптастырудағы ерен еңбектерін айтуға болады. Заңгерлер әрқашан қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің өсіп-өркендеуі жолында аянбай қызмет атқарады. Заң бар жерде тәртіп бар, тәртіп пен тұрақтылық орнаған елде өркениетке деген ұмтылыс арта түседі. Сондықтан заңгерлер қызметінің құқықтық мемлекеттің қалыптасуындағы ролі мен тәуелсіз мемлекетіміздің алдағы стратегиялық дамуына қосар үлесін мемлекет деңгейінде жоғары бағалаған жөн деп санаймыз.

1. Назарбаев Н.Ә. *«Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауы.* – Егемен Қазақстан. 2010. – 30 қаңтар.

2. *Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов.* – Алматы, 1995. – 86 б.

3. *Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары.* – Алматы, 2001. – 15 б.

4. *Кенжалшев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Докторлық диссертация.* – Алматы, 1997. – 188 б.

Резюме

В статье рассматриваются значение деятельности юристов в создании правового государства.

Summary

This article deals with the a value of lawyers is in creation of the legal state.

К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ПРЕЗИДЕНТСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Г.Т. Ищанова – *ассоциированный профессор кафедры «Теории государства и права, конституционного права» КазНПУ им. Абая*

16 декабря 1991 года вступил в силу Конституционный закон "О государственной независимости Республики Казахстан", который стал импульсом для дальнейшего развития политических и конституционных основ суверенизации казахстанской государственности. Данный документ обозначил новый этап в политико-конституционном развитии республики и отразил следующие основополагающие демократические принципы: право нации на самоопределение; приоритет прав и свобод личности; политическую стабильность; разделение властей; межнациональное согласие" [1, с. 32].

По закону 1991 года Президент являлся главой республики и главой исполнительной власти. Он избирался на прямых, всеобщих выборах (это обеспечивало ему более независимый от Верховного Совета статус) и не имел права роспуска Верховного Совета, который являлся единственным законодательным и высшим представительным органом в государстве. Сложность и многоплановость взаимодействия и взаимовлияния ветвей власти выразились в том, что правительство оказалось в состоянии двойной подотчетности: "Кабинет Министров ответственен перед Верховным Советом, Президентом и им подотчетен" [2, п. 8 ст. 114.].

Можно говорить о том, что к 1991 году в Казахстане установилась не президентская, а президентско-парламентская система правления. Данный режим с минимально раздельными источниками поддержания властей при максимальных полномочиях президента по определению состава правительства закономерно выдвинул на передний план проблему разграничения полномочий парламента и президента. Естественно, что отношения между ними развивались в тот период в несколько противоположных направлениях. Но в конституционном развитии наметилась устойчивая тенденция к нормативному закреплению усиления исполнительной власти [1, с. 32]. Следующим шагом в этом направлении явилась Конституция Республики Казахстан 1993 года. Данная Конституция существенно изменила статус исполнительной власти по сравнению с Конституцией Казахской ССР 1978 года: исполнительная власть определялась как самостоятельная ветвь государственной власти; было введено понятие единой системы исполнительной власти; изменился порядок формирования правительства. Согласие Верховного Совета теперь необходимо при назначении Президентом премьер-министра, а также на ключевые посты в системе исполнительной власти – министра иностранных дел, Председателя Комитета национальной безопасности (ст. 64. п. 10). Согласия на назначение на иные посты в правительстве не требуется, изменяется положение об ответственности исполнительной власти перед Верховным Советом. Кабинет Министров ответственен перед президентом (ст. 85.). Ответственность перед Верховным Советом ограничивается вопросами исполнения законов (ст. 88) [3].

Верховный Совет Казахской ССР XII созыва самораспустился в декабре 1993 г., не доработав до окончания срока своих полномочий. Процесс самороспуска был ускорен противоречием реализации на местах принципа разделения властей. Местные представительные органы были лишены властных полномочий, которые приобрели главы администраций, т.е. последние были преобразованы в органы местного самоуправления [1, с. 33].

Таким образом, согласно признаку классического президентского правления, только с предоставлением Президенту права назначать Правительство и определять его состав можно говорить о переходе к чисто президентской системе правления. По Конституции 1993 года Президент является "...главой государства и единой системы исполнительной власти, гарантом соблюдения прав и свобод граждан, Конституций и законов Республики" (ст. 75). В пределах конституционных полномочий Президент имеет право выступать от имени народа Казахстана (Основы конституционного строя, п. 4. Конституции 1993 г.) [3].

Вместе с тем, Конституция 1993 года не предусматривала действенного механизма по разрешению конфликтных ситуаций между ветвями власти, что непосредственно отразилось на последующем политико-конституционном развитии Республики Казахстан [1, с. 33].

7 марта 1994 года состоялись выборы в Верховный Совет XIII созыва, которые проходили в соответствии с новым Кодексом о выборах в Республике Казахстан. Особенностью этих выборов являлось то, что мажоритарная система относительного большинства использовалась в сочетании с практикой выдвижения президентом кандидатов в депутаты (избираемых по государственному списку) Правовая основа

выборов, сам избирательный процесс получили неоднозначную оценку. 6 апреля 1995 года Конституционный суд Республики Казахстан принял постановление "О не легитимности Верховного Совета Республики Казахстан, избранного 7 марта 1994 года", на основании которого этот Верховный Совет сложил свои полномочия [1].

Конституция 1993 года стремилась исключить возможность противостояния различных ветвей власти. Парламент не зависел от Президента. Президент возглавил систему исполнительной власти. Парламент и Президент избирались на основе всеобщего, равного, прямого избирательного права при тайном голосовании и обладали правом выступать от имени народа [1, с. 33].

Возник вопрос, кто должен быть гарантом согласованного взаимодействия ветвей власти в условиях переходного периода или кризиса какой-либо ветви власти [4, с. 35]. Предлагаемые идеи реформирования организаций власти носили общий, схематичный характер. В сложившейся ситуации возник вопрос о правомерности создания двухпалатного Парламента и роли президента в этом процессе.

Идея о двухпалатном парламенте стала предметом обсуждения и нашла свое отражение в Конституции 1995 года.

Конституция 1995 года значительно повысила статус Президента и закрепила конституционное положение об учреждении президентской системы правления в Республике Казахстан. Народ был объявлен единственным источником государственной власти (п. 1 ст. 3.). Право выступать от имени народа и государства было предоставлено Президенту, Парламенту же – лишь в пределах его конституционных полномочий (п. 3 ст. 3.). Президент является главой государства, его высшим должностным лицом, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и, представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях. Президент республики – символ и гарант единства народа и государственной власти, незыблемости Конституций, прав и свобод человека и гражданина. Президент республики обеспечивает согласованное функционирование всех ветвей государственной власти перед народом (ст. 40.) Он наделяется правом издавать законы и указы, имеющие силу законов, образует правительство в порядке, предусмотренном Конституцией. Правительство ответственно перед президентом [5].

Президент по собственной инициативе имеет право принять решение о прекращении полномочий Правительства и освобождении от должности любого его члена. Освобождение от должности главы правительства влечет за собой отставку правительства в полном составе (ст. 70.) [5].

Конституция внесла изменения в статус парламента. Если до этого Верховный Совет XIII созыва был «единственным законодательным и высшим представительным органом» (Конституция РК 1993 года, ст. 62), то теперь двухпалатный парламент – это высший представительный орган Республики, осуществляющий законодательные функции" (ст. 49). Конституция четко оговаривает перечень вопросов, отнесенных к законодательной компетенции представительной власти. Парламент имеет право импичмента в отношении Президента, процедура реализации которого представляет определенные трудности (ст. 47). Правительство ответственно перед президентом и подотчетно парламенту при заслушивании доклада премьер-министра о программе правительства (ст. 64). Президент имеет право роспуска как правительства (ст. 70, п. 7.), так и парламента (ст. 63.) [5].

Конституция 1995 года юридически закрепила президентскую систему правления, однако статус и объем полномочий Главы государства несколько отличают его от других президентов.

Однако необходимо отметить, что для президентских систем характерна максимальная раздвоенность источников формирования и поддержания между исполнительной и законодательной ветвями власти, а также фиксированный мандат (первая – от народа, второй – от президента и с согласия парламента), позволяющие им существовать в течение определенного конституционного срока более независимо друг от друга. Именно отсутствие взаимного интереса к сотрудничеству (к консенсусному правлению) между ветвями власти используется противниками президентского правления. В этом они видят источник нестабильности. В этом случае, для предотвращения кризисной ситуации, казахстанская модель президентского правления предоставляет президенту полномочия конституционного арбитра, позволяющие ему обеспечить согласованное функционирование всех ветвей государственной власти и ответственности их перед народом [1, с. 34].

Действительно, Президент равно и реально удален как от законодательной, так и от исполнительной власти. Если по Конституции 1993 года Президент осуществлял общее руководство деятельностью Кабинета Министров, то, в соответствии с Конституцией 1995 года, Глава государства председательствует на заседаниях Правительства лишь по особо важным вопросам. Основная и главная его прерогатива -

определение стратегических направлений внутренней и внешней политики государства, представление Казахстана внутри страны и в международных отношениях. В то же время Президент может воздействовать на деятельность представительного органа посредством законодательных механизмов. Кроме того, глава государства от имени народа принимает присягу – как от членов Правительства, так и от депутатов Парламента (п. 2 и 3 ст. 44) [5].

Такие полномочия Президента Республики, как право роспуска в определенных случаях Парламента и Правительства, тоже свидетельствуют о президентском арбитраже [6, с. 56].

Сохранение концентрации власти в подобных объемах во многом является результатом незавершенности процессов формирования институтов гражданского общества и четкой дифференциации групп интересов. Отсюда – неразветвленная система представительства и слабая система трансляции интересов граждан властным структурам. Это объясняется тем, что динамика перехода общества из одного состояния в другое очень сложна. Изменения, происходящие во всех сферах жизни общества, порождают немало проблем в организации политической власти. В этих условиях политическое руководство было вынуждено взять на себя ответственность в определении стратегии и тактики общественных изменений. Недостаточная зрелость гражданского общества, не всегда высокая активность политических сил, представляющих интересы граждан, закономерно ведут к созданию жестких структур власти с высокой степенью совмещения и взаимозаменяемости ролей. Данный факт обнаруживается, например, в статусе Президента, который выполняет не только представительские, но и исполнительные функции, а также обладает законодательными полномочиями [1, с. 29-36].

Таким образом, Институт президентства в Казахстане, как и в других республиках СНГ, берет свое начало в прошлом. Понятно, что ведущими политическими институтами в системах правления указанные институты стали при становлении независимых государств. В то же время процесс суверенизации постсоветских республик невозможно рассматривать вне анализа становления и развития института президентства: ведь именно данный политический институт стал той силой, которая возглавила собой переход от тоталитаризма к демократии. Исходя из опыта становления новых независимых государств на территории бывшего Советского Союза, можно констатировать, что институт президентства стал практически во всех республиках ведущей политической силой в процессе перехода от тоталитаризма к демократии [7, с. 79].

1. Макашев Е. Президентские системы: теория и практика // *Евразийское сообщество*. №2(34), 2004. – С. 28-32.

2. Закон Казахской ССР от 20 ноября 1990 года «О совершенствовании структуры государственной власти и управления в Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной закон) Казахской ССР» // *Ведомости Верховного Совета Казахской ССР*, №47, 1990.

3. Конституция Республики Казахстан 1993 года // *Ведомости Верховного Совета Казахской ССР*, №3, 1993.

4. Арын Е.М., Абен Е.М., Галямова Д.Р., Жоламан Р.К., Машан М.С., Спанов М.У., Тулегулов А. К. Реформирование структуры высших органов государственной власти в контексте модернизации политической системы Казахстана (1985-1998 гг.) // *Евразийское сообщество*. 1998, №4.

5. Конституция Республики Казахстан 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21 мая 2007 года) / Параграф. www.zakon.kz.

6. Таранов А.А. Парламент и законодательная власть Казахстана. – Алматы: Жеты-жаргы. 1995. – 153 с.

7. Курмангали А.К. Модели института президентства на постсоветском пространстве // *Саясат*, №10-11, октябрь-ноябрь, 2000.

Summary

In this article the author considers history of formation of institute of Presidency in the Republic of Kazakhstan. On the basis of the analysis of standard and legal base of the Kazakhstan legislation features of functioning of the presidential power are reveal.

ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғ.Ш. Битұрсын – құқық және экономика институтының директор орынбасары,
Абай атындағы ҚазҰПУ,

Е.К. Баетов – «қылмыстық құқық, іс жүргізу және кримнология» кафедрасының магистр оқытушысы,
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Б.М. Омар – «азаматтық құқық және іс жүргізу» кафедрасының магистр оқытушысы,
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің 20 жылында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізіп келеді. Сол білім беру жүйесіндегі реформаларды жүргізу Егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі – Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын. Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде қазақстанның білім беру жүйесінің негізін қалаған екі іргелі стратегия қабылданды. Олар: 2000 жылғы «Білім беру» бағдарламасы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басым бағыты» атты халыққа арнаған кезекті Жолдауында мемлекетіміздің барлық салаларына қатысты мәселелер жан-жақты қамтылып, жүзеге асырылуға тиісті он нақты міндеттер айқындалды. Жолдаудағы маңызды мәселелердің бірі жетінші бөлімдегі білім беру мен денсаулық сақтау саласы. Дәл қазіргі жаһандану заманында білім беру жүйесін одан әрі дамытуға қатысты мәселелер бойынша:

«Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор.

– біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет.

– екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арқаулық педогогтық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

– үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет. Мемлекет бір мезгілде білім беру қызметтерін көрсетуге әрі олардың сапасына баға беруге тиіс емес.

Үкіметке үстіміздегі жылы қанатқақты режимде салалық ассоциациялар арқауында 1-2 салаларда тәуелсіз Біліктілікті бекіту орталықтарын құруды тапсырамын», – деді мемлекетбасшысы Н.Ә. Назарбаев [1].

Еліміз дамуының жаңа кезеңі барлық салалардың инновациялық-индустриялық дамуына көшуді қарастыратын жаңа міндеттерді алға қойды. Бұл жаңа талаптарға сәйкес білім беру жүйесінің барабар өзгерістерін талап етті. Осы мақсаттарды іске асыру үшін 2011 жылы Мемлекет басшысы Білім беруді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының 2011-2020 жылдарға арналған білім беру саласының ұйымдастыру негізі қаланды. Сонымен бірге тиімді адами капиталды құру, инновациялық жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрларды тәрбиелеу және жаңа технологияларды құруға ерекше назар аударылды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің мерейтой жылы білім беруді дамытуды іске асырудың алғашқы жылымен тұспа-тұс келуі жай емес. Бұл жыл білім және ғылым жүйесіне терең және маңызды өзгертулер әкелді деп айтуға болады. Биылғы жылдың басты жетістіктерінің бірі – одан арғы жұмыстың құқықтық негізін қалаған «Білім туралы» және «Ғылым туралы» екі Заңның бекітілуі болып табылады. Оларды іске асыру үшін 2011 жылғы бірінші жартыжылдықта 83-тен астам нормативтік құқықтық актілер бекітілді, 48 акт әзірленуі үстінде [2, 1].

Білім беру үдерісіне оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын ұдайы енгізіп отыру аталған саланы жаһанданудағы ең басты міндеттердің бірі ретінде алға тартты. Сонымен қатар, педогогикалық құрамның сапа-деңгейін арттыру мәселесі де маңызды шаралар қатарынан орын алды. Биылғы жылдан бастап базалық педогогикалық білім стандарттары мен біліктілікті арттыруға қойылатын талап-

тарды күшейту бойынша көптеген ұйымдастыру шаралары қолға алынғалы отыр. Сондай-ақ педогогтардың біліктілігін растайтын тәуелсіз мекемелер қызметіне жүгінетін боламыз. Қысқаша айтқанда, кадр сапасын сараптау міндетін сол кадрды даярлаған ЖОО-дан өзге бейтарап мекеме атқарғаны өте дұрыс деп ойлаймын.

Елбасы Н.Назарбаев белгілеген Қазақстанның даму стратегиясы еліміздің әлемдік қауымдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Жалпы алғанда, ұлттық білім беру жүйесінің, оның ішінде жоғары мектептің ілгері дамуы Президент қойған міндеттердің табысты түрде жүзеге асырылып жатқандығының дәлелі болып табылады. 2010 жылы Қазақстанның Болонья декларациясына қосылуы еліміздің тарихындағы маңызды оқиға болып, отандық жоғары оқу орындарын еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы серіктесі етті. Мұндай серіктестік белгіленген өлшемдерді ұстануға міндеттейді. Аккредиттеу арқылы білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету осылардың ішіндегі басым бағыт болып табылады. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орны үшін аккредиттеуден өту, оқу орнының жұмыс жасауы мен заңды түрде қызмет етуінің міндетті шарттарының бірі болып отыр. Еуропалық академиялық қауымдастық аккредиттеуді ұйымдастыру мен өткізу мәселесіне өте мұқият қарайды. Себебі, аккредиттеуден өту арқылы жоғары оқу орны өзі тәріздес оқу орындары арасында беделінің жоғары екендігін дәлелдейді және бұл оның «сапа белгісі» болып табылады. Жетекші еуропалық елдердің аккредиттеу агенттіктері (олардың ішінде EQAR, ENQA) жүйелерінің салыстырмалы стандарттары білім беру бағдарламаларының жоғары сапасына кепілдік және жоғары оқу орнына жұмыс берушілер мен білім беру қауымдастығы ортасында танылуына мүмкіндік береді. Еуропалық жоғары оқу орындарында ұлттық және халықаралық аккредиттеуді өткізу тек сапа кепілдігі ұйымдарының еуропалық тізіміндегі арнайы агенттіктерге ғана сеніп тапсырылады. Отандық жоғары мектеп осыған ұқсас жолмен келе жатыр: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі отандық жоғары оқу орындарына өз қызметін тәуелсіз бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін аккредиттеу мен саралаудың ұлттық үлгісін құрды. Бүгінгі таңда жиырмадан астам отандық жоғары оқу орны ұлттық институционалдық аккредиттеуге ие болды. Ал, бұл халықаралық аккредиттеуден өтудің міндетті шарттарының бірі болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық тұрғыда танылуға деген ұмтылысы қазіргі кезде қоғамдық-кәсіби аккредиттеуді дамытуға байланысты болуда. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы елімізде тәуелсіз аккредиттеу құрылымын дамыту бойынша шарттарды құруды қарастырады [3, 3].

Президент білім беру жүйесін жаңғырту бағытында алдымызға ұлан-ғайыр міндеттер қойды. Оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы екенін ұғынатын мезгіл жетті. Сонда ғана қазақстандық білім беру жүйесі одан әрі өркендеп, халықаралық стандарттарға теңестіріні болады. Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында оқу үдерісіне осы заманғы әдістеме мен ақпаратты технологияны енгізу қажеттігін атап көрсетті. Бүгінде оқу-әдістемелік базаны кредиттік технологиясыз көзге елестетудің өзі қиын. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, бейнеконтентпен қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді.

Қазақстандықтарды жұмыспен қамту деңгейін жоғарылату жоғары білім беру жүйесіндегі жаңашылдықсыз іске аспайтынын қазір екінің бірі түсінеді. Академиялық ұтқырлық орталығы осы мақсатпен құрылған. Ол, екінші жағынан, академиялық ұтқырлық дамуының орталықтандырылған жобасын жүзеге асыру қажеттілігінен туындаған болатын. Қазақстан Республикасының білім беру ісін дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Болон декларациясының бір қағидаты осылайша жүзеге асып отыр [4, 2].

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Олай болса еліміздің болашағы болып табылатын жас мамандарға білім беретін ЖОО-ның білім жүйесін дамыту заман талабы, – деп айтуымызға болады.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - қазақстан дамуының басты бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы.*
2. *«Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» 30.12.2011. I-news.kz/news/2011/12/30/6223429.html*
3. *Аккредиттеу – алға басу кепілі жұма, 27 шілде, 2012 «Егемен Қазақстан» газеті. Сәрсенбі, 5 қыркүйек, 2012. Еркін Көбеев, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры.*
4. *Білім сапасы – басты ұстаным. «Егемен Қазақстан» газеті. Сәрсенбі, 5 қыркүйек, 2012 Оңдасын Әшімов, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректоры, ҰҒА академигі.*

Резюме

В данной статье особое внимание уделяется правовой важности формирования новой системы образования в современном Казахстане.

Summary

This article deals with the special attention which pays to legal importance of formation of new education system in modern Kazakhstan.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ СОТТЫҢ ҚАРАУЫНА ӘЗІРЛЕУДЕГІ СУДЬЯНЫҢ РӨЛІ

Г.Б. Мейірбекова – «азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу бірінші сатыдағы соттың іс жөніндегі іс-әрекетінің қажеттілігі болып табылады және ол тараптар ұсынған дәлелдемелер мен қолданылуға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкес тараптардың заңды құқықтары мен міндеттерін, олар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеп, заңды және негізгі сот актісін шығару үшін қажетті жағдайлар тудырады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің істі соттың қарауына әзірлеуді қамтамасыз ету жөніндегі 166-бабының 2-бөлігінде көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында судьялар арыздарды сот өндірісіне қабылдаған кезден бастап, сотқа берілген арыздардың дәлелдемелерін негізділігі ҚР АІЖК-нің 150 және 151-баптардың талаптарына сәйкес келуін ескерулері қажет [1].

ҚР АІЖК-нің 168-бабына сәйкес судья әр іс бойынша істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарым шығаруы тиіс. Ұйғарымда, даудың санатын ескере отырып, оның сот отырысында уақытылы және дұрыс шешілуін қажет болып табылатын нақты әрекеттер көрсетілуі тиіс.

Іс бойынша шығарылған сот актісі апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау тәртібінде бұзылып, іс бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына қайтарылған жағдайда да, осындай ұйғарым шығарылуы тиіс. ҚР АІЖК-нің 344-бабының екінші бөлігіне сәйкес істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарымға шағым немесе наразылық келтіруге болмайды.

ҚР АІЖК-нің 14-бабына сәйкес, сотқа арыз қай тілде берілсе, сот өндірісі де сол тілде жүргізіледі деп есептеу керек. Егер талапкерден арыз берілген тілді өзгерту туралы өтініші келіп түссе, онда судья ҚР АІЖК-нің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот талқылауы жүргізілетін сот өндірісінің тілі туралы ұйғарым шығаруға міндетті.

Судьялар азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеген кезде ҚР АІЖК-нің 47-бабында көрсетілген процессуалдық құқықтар мен міндеттерді, оның ішінде мәлімдеген талаптарын негіздейтін дәлелдемелер немесе оларға келтірілген қарсылықтарын ұсынуға міндетті және процессуалдық міндеттерді орындамаудың құқықтық салдары туралы талапкерлер мен жауапкерлерге түсіндіруі тиіс.

Тараптардың не жауапкерлердің өтініші бойынша дәлелдемелер сұратуға жәрдемдесе отырып, судья істі сот талқылауына дайындаған кезде, ол дәлелдемелердің бір-бірінен артықшылығы туралы пікірін білдіруге қақысы жоқ [2, 58 б.].

Мүлік туралы дауларды тараптардың аралық сотқа тапсыруға құқығы бар екендігін, оны қалай жүзеге асыруға болатыны процессуалдық тәртіпті және оның құқықтық салдарын түсіндіргені жөн. Алайда, тараптардың осындай құқықтары түсіндірілмегені туралы уәждері, азаматтық істің сот талқылауына тиісті түрде әзірленбеді деп саналмайды.

Егер істі соттың қарауына әзірлеген кезде тараптар жазбаша түрде жасалған және өздері қол қойған бітімгершілік келісімін ұсынса, судья ҚР АІЖК-нің 172-бабының бірінші бөлігіне, 49-бабының 4-тармақшасына сәйкес бітімгершілік келісім шарттарын бекіту туралы ұйғарым шығарып, іс жөніндегі сот өндірісін қысқартуға құқылы. Мұндайда бітімгершілік келісімінің шарттарын ескере отырып, судья тараптар арасындағы сот шығындарын ҚР АІЖК-нің 110, 113-баптарына сәйкес, бөлуге міндетті.

Егер істі сот талқылауына дайындау кезінде талапкердің сот немесе басқа да талаптары, ал жауапкердің талапкерге қарсы талаптары бар екені анықталса, онда судья талапкердің қосымша талап ұсынуға, ал жауапкердің қарсы талап қоюға құқықтарын түсіндіреді [3, 58 б.].

Істі соттың қарауына әзірлеу барысында судья талапкердің талап арызды қамтамасыз ету туралы өтінішін қарауға құқылы.

Борышкердің мүлкіне тыйым салу сияқты шараны қолданған жағдайда, тыйым борышкердің жеке (оның ішінде, ортақ, үлестік) меншігінде ғана салынатынын соттардың ескергені жөн. Басқа талаптар бойынша судья талапты қамтамасыз ету шараларының ҚР АІЖК-нің 159-бабы 1-бөлігінің 2, 3-тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қолдануға құқылы.

ҚР АІЖК-нің 165-бабына сәйкес судья жауапкерге талапты қамтамасыз ету шараларымен келтірілуі

мүмкін шығындардың орнын толтыру үшін талапты қамтамасыз ету туралы өтініш берген тараптан ақшалай немесе өзге мүлікті талап етуге құқылы [4, 58 б.].

Судьяның ҚР АІЖК-нің 164-бабында көрсетілген тәртіп бойынша арызды қамтамасыз ету туралы ұйғарымына мүдделі адамдардың шағымдануына, сондай-ақ прокурордың наразылық келтіруіне болады.

ҚР АІЖК-нің 55-бабына сәйкес прокурордың сот қарауына қатысуы тек заңмен көзделген немесе судья қажет деп тапқан жағдайларда ғана міндетті болып табылады.

Заң талабына сәйкес прокурор мына азаматтық істерді қарауға сот талқылауына міндетті түрде қатысуға тиіс.

а) азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы;

б) баланы асырап алу туралы;

в) нормативтік құқықтық актінің заңға сәйкес келмеу туралы прокурордың наразылығынан бас тарту туралы;

г) адамды ата-аналық құқығынан айыру туралы істерді қараған кезде.

Судья прокурордың сот отырысына қатысуын төмендегі істерді қараған кезде міндетті деп тануы мүмкін:

а) басқа адамдардың мүддесін қорғау жөніндегі прокурордың арызы бойынша қозғалған іс бойынша, оның ішінде азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы прокурордың талап арызы бойынша іс қозғалған жағдайда;

б) тараптардың бірі немесе екеуі кәмелетке толмаған, мүгедек, әрекеттері шектеулі азаматтар болған жағдайда;

в) тараптардың бірі мемлекет немесе әкімшілік-аумақтық бөліністер болған жағдайда;

г) ҚР АІЖК-нің 25-28-баптарында көрсетілген арыздарды қараған жағдайда. Прокурордың сот отырысына міндетті түрде қатысуы жөнінде істі соттың қарауына әзірлеу туралы қаулыда көрсетіледі.

ҚР АІЖК-нің 57-бабына сәйкес іс бойынша қорытынды беру үшін негіз жоқ деп тапса, онда ол жайында шаралар қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді ұйғарым шығаруы қажет. Арыз иесі ол ұйғарымға ҚР АІЖК-нің 344-бабында көрсетілген тәртіп бойынша шағымдана алады.

Істі соттың қарауына әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының басқа ауданындағы немесе қаласындағы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтінішті, судья тапсырмасы туралы ұйғарым шығару арқылы шешіледі. Сот оны ҚР АІЖК-нің 73-бабында көрсетілген тәртіп бойынша орындайды.

Шетелдік мемлекеттегі дәлелдемелерді қамтамасыз ету немесе тараптардан дәлелдемелерді сұратуға көмек көрсету сот тапсырмасы туралы ұйғарым шығару арқылы жүргізіледі. Бұл ұйғарымды 1993 жылғы 22 қаңтарға Минск қаласында Қазақстан Республикасы бекіткен «Құқықтық көмек және азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенцияның» қағидаларына не Қазақстан Республикасының басқа шетелдік мемлекеттермен бекіткен халықаралық келісімдеріне сәйкес шетелдік мемлекеттің тиісті соты орындайды.

ҚР АІЖК-нің 255-бабына сәйкес істі соттың қарауына әзірлеу кезінде жазбаша немесе заттай дәлелдемелерді қарау, сараптама тағайындау, бітімгершілік келісім шарттарын бекіту сияқты жеке процессуалдық әрекеттер жасалған кезде сот отырысының хаттамасы жасалуы тиіс. істі сот талқылауына дайындау барысында өзге процессуалдық әрекеттер жасалған кезде сот отырысының хаттамасы жасалмайды.

Судья азаматтық істі сот талқылауына дайындауды, егер Азаматтық іс жүргізу кодексінде немесе өзге заң актілерінде басқа мерзімдер көрсетілмесе, арыз сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалған күннен бастап жеті күннен кешіктірмей өткізуі тиіс.

Азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы істер бойынша істі соттың қарауына әзірлеу мерзімі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында осындай істің қозғалуы туралы судья ұйғарымы жарияланған күннен бастап үш ай құрайды.

Сот ҚР АІЖК-нің 273-бабының 1-бөлігіне сәйкес сайлауға дейін бес күн бұрын және сайлау күні келіп түскен азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, сайлау комиссия мүшелерінің сайлау құқықтарының бұзылуы туралы арыздары бойынша істі арыз берілген күні дайындап, сол күні оны мәнісі бойынша қарау керек. Бұл санаттағы даулар бойынша істі соттың қарауына әзірлеу мерзімі ұзартылуға жатпайды.

ҚР АІЖК-нің 167-бабында көрсетілген алименттерді өндіру туралы жәбірленушілерге мертігуден немесе денсаулығына өзге де зақымнан келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша және еңбек қатынастарына туындайтын барлық талаптар бойынша істерді соттың қарауына әзірлеу мерзімдері ұзартылуға жатпайды. Істердің басқа санаттары бойынша судья ерекше жағдайларда күрделі істер бойынша ғана мерзімді бір айға дейін ұзартуға алады.

Судьяның істі соттың қарауына әзірлеу әрекеттерін жеті күн мерзім ішінде немесе кейбір санаттары үшін заң актілерінде көрсетілген мерзім ішінде бітіруі мүмкін болмағанда, ол ерекше жағдай деп танылады [5, 79 б.].

ҚР АЖК-нің 172-бабының 1-бөлігіне, 242-244-баптарына сәйкес заңның осы нормаларында көрсетілген мән-жайлар орын алып, олар жойылғанша, судья істі соттың қарауына әзірлеуді тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады.

ҚР АЖК-нің 254-бабының талаптарына ұқсастық бойынша судья іске қатысушы адамдарға істі соттың қарауына әзірлеуді тоқтата тұру туралы келтіруге болады.

Істі соттың қарауына әзірлеуді тоқтата тұруға кедергі келтірген мән-жайларды жойғаннан кейін, судья оны қайта бастау туралы ұйғарым шығарады.

Мұндайда, судьяның арызды қабылдау және азаматтық істі қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап істі соттың қарауына әзірлеуді тоқтата тұру туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап істі соттың қарауына әзірлеуді тоқтата талқылауына дайындау мерзіміне кіреді.

ҚР АЖК-нің 173-бабына сәйкес судья істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарымда көрсетілген барлық әрекеттерді орындағаннан кейін, іс сот талқылауына дайын деп есептеледі.

ҚР АЖК-нің 173-бабына сәйкес судья істі соттың қарауына әзірлеу туралы ұйғарымда көрсетілген барлық әрекеттерді орындағаннан кейін, іс сот талқылауына дайын деп есептеліп, азаматтық істі сот отырысына тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

Еліміздің 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын барынша іске асыру, жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет мүддесін уақытылы қорғау және қалпына келтіру мақсатында Азаматтық істерді дұрыс уақытылы мерзімінде шешу үшін соттың отырысына әзірлеудегі судьяның рөлі өте зор.

1. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 13.07.1999 ж. 15.01. 2010 жылғы өзгерістер мен толықтырулар.

2. Звягинцева Л.М., Блюхина М.А., Решетникова И.К. Доказывания в судебной практике по гражданским делам. – М.: 2000.

3. Баймолдина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: Научно-практическое пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2001.

4. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Ерекше бөлім. Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2007. – 102 б.

5. Касенова А.Ж. Талап қою құқығын іске асырудың шарттары (өзекті мәселелері). З.ғ.к. д – Алматы, 2006.

Резюме

В статье рассматриваются роль и действия судьи по подготовке дела к судебному разбирательству.

Summary

In article is considered role and actions to judges on preparing the deal to judicial hearing.

ПРОБЛЕМА ОПРЕДЕЛЕНИЯ МЕСТА САМОЗАЩИТЫ В СИСТЕМЕ СРЕДСТВ ЗАЩИТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ

Д.Ж. Белхожаева – ст. преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин»,
КазНПУ им. Абая

Самозащите гражданских прав редко уделяется значительное внимание – этот способ защиты субъективных прав нередко «маскируется» под иные правовые конструкции. В то же время внимательное изучение соответствующих норм ГК РК [1] позволяет выявить принципиальные противоречия их с конституционными положениями о гарантиях защиты прав и свобод.

Ряд цивилистов, исследовавших институт самозащиты права, пришел к выводу о несовершенстве норм гражданского законодательства, в частности, в части места самозащиты в системе средств защиты гражданских прав [2, С. 45].

Действительно, позиция законодателя, закрепленная в ст. 9 ГК РК, где самозащита включена в перечень способов защиты гражданских прав, является не вполне точной. Способ – это конкретное действие или система действий, направленных на достижение чего-либо (в данном случае – защиты права). Норма ст. 9 ГК РК лишь указывает на определенный порядок осуществления защиты прав, а не на

конкретный способ такой защиты. Самозащита может осуществляться различными способами и является более общим понятием.

Как пишет Эрделевский А.М., «установление конкретного способа защиты предполагает ответ на вопрос о том, какими именно действиями осуществляется защита, но не о том, кто совершает эти действия. Упоминание в гражданском законодательстве о самозащите прав говорит лишь о дозволении субъекту, чьи права нарушены (потерпевшему), выступать в качестве защитника этих прав» [3, С. 90]. Кораблева М.С. отмечает, что трудно поставить самозащиту права в один ряд с другими способами защиты гражданских прав, предусмотренными гражданскими законодательствами, поскольку это юридические категории разного уровня. Сергеев А.П., не соглашаясь с квалификацией самозащиты в качестве способа защиты прав, указывает: «...здесь смешаны близкие, но отнюдь не совпадающие понятия – способ и форма защиты гражданских прав. Самозащита гражданских прав с позиций теории – это форма их защиты, допускаемая тогда, когда потерпевший располагает возможностями правомерного воздействия на нарушителя, не прибегая к помощи судебных или иных правоохранительных органов» [4, С. 270]. Свердлов Г.А. и Страунинг Э.Л. также называют самозащиту «самостоятельной формой защиты гражданских прав» [5, С. 168].

Критикуя позицию законодателя, некоторые из указанных авторов сходятся на том, что необходимо исключить самозащиту из перечня способов защиты гражданских прав, поскольку она таковым не является Кораблева М.С. [6, С. 22]. Оставляя в стороне вопрос о том, является ли самозащита самостоятельной формой защиты гражданских прав или она занимает в системе средств защиты прав иное место, попытаемся путем анализа норм Конституции РК [7] и ГК РК проследить, какие последствия повлечет за собой исключение самозащиты права из ст. 9 ГК РК.

Необходимо отметить, что ст. 9 ГК РК заканчивается формулировкой: «иными способами, предусмотренными законом». Таким образом, перечень способов защиты гражданских прав, закрепленный названной статьей, хотя и открыт, но в то же время ограничен только теми, которые предусмотрены законом.

Представляется, что предусмотреть в законе все способы самозащиты просто невозможно в силу разнообразия ситуаций, в которых может потребоваться ее применение. Как совершенно справедливо отмечает Кораблева М.С., некоторые из таких способов на сегодняшний день могут быть и не известны действующему правопорядку и найдут свое выражение с дальнейшим развитием экономики и права [3, С.97].

Обратимся теперь к ч. 1 ст. 13 Конституции РК, которая гласит: «Каждый вправе защищать свои права и свободы всеми не противоречащими закону способами...» [7]. Сопоставив эту норму с формулировкой, которая содержится в конце ст. 9 ГК РК: «иными способами, предусмотренными законом», можно увидеть принципиальное различие. Часть 1 ст. 13 Конституции РК не дает оснований говорить о том, что допускаемые способы защиты лицом своих прав должны быть предусмотрены законом, а лишь говорит о том, что такие способы должны быть законом не запрещены.

Возможны два понимания указанной нормы Конституции РК. Согласно первому из них ч. 1 ст. 13 Конституции РК распространяется на все случаи защиты прав – как с использованием мер государственного принуждения, так и самостоятельно управомоченным лицом без обращения к юрисдикционным органам (в порядке самозащиты). Такое толкование ч. 1 ст. 13 приводит к выводу о несоответствии ст. 9 ГК РК указанной норме Конституции РК.

Однако если исходить из презумпции добросовестности законодателя, следует признать предпочтительным другое понимание нормы ч. 1 ст. 13 Конституции РК, которое заключается в том, что речь в ней идет только о случаях самостоятельной защиты лицом своих прав.

Исходя из такого толкования, полная свобода в выборе способов защиты прав при условии, что такие способы прямо не запрещены законом, имеет место только в случаях самозащиты. Если же защита осуществляется юрисдикционными органами, государство может ограничить круг применяемых такими органами способов защиты прав, лишь теми, которые специально предусмотрены законом, что и сделано в ст. 9 ГК РК. Необходимость такого ограничения объясняется в цивилистической доктрине следующим образом: «Осуществление всякого субъективного права, – писал Грибанов В.П., – а тем более его осуществление путем применения к обязанной стороне мер государственно-принудительного характера, всегда затрагивает не только интересы самого управомоченного лица, но и интересы... обязанной стороны, а в ряде случаев также и интересы третьих лиц» Грибанов В.П. [8, С. 104]. Отсюда вытекает необходимость установления границ юрисдикционной защиты субъективных гражданских прав, которой и руководствовался законодатель, закрепляя в ст. 9 ГК РК исключение из присущего гражданскому праву принципа диспозитивности. Как утверждает Рожкова М.А., установление таких границ «имеет направленностью ограничение не права на защиту, но способов защиты права с целью не допустить злоупотреблений: как и любое субъективное право, право на защиту должно иметь определенные пределы» [9, С. 63].

Вышеизложенное приводит к следующему выводу – если просто исключить самозащиту права из перечня способов защиты гражданских прав, ГК РК придет в несоответствие с Конституцией РК. Рассматриваемый пример лишний раз подтверждает, с какой осторожностью нужно относиться к тексту закона. Тем более это относится к Гражданскому кодексу – системному нормативному правовому акту, все элементы которого строго взаимосвязаны и связаны между собой.

Таким образом, самозащита – это один из способов защиты гражданских прав. Для него характерно то, что субъект гражданского права защищает себя собственными действиями. По сравнению с другими средствами защиты это защита без обращения в суд или иной орган, осуществляющий защиту гражданских прав.

Статья 9 ГК РК допускает использование данного способа при наличии в совокупности трех условий: а) нарушения права или возможности (опасности) его нарушения; б) необходимости пресечения (предупреждения) нарушения; в) применения мер, соответствующих характеру и содержанию правонарушения.

Этим условиям отвечает защита прав и интересов собственными силами при захвате имущества и иных противоправных действиях нарушителя. Действия обладателя права в защиту личных и имущественных прав не признаются противоправными, если они совершены в состоянии необходимой обороны. По Уголовному кодексу необходимая оборона – это защита личности и прав обороняющегося от общественно опасных посягательств. В соответствии со ст. 919 ГК вред, причиненный при самозащите в состоянии необходимой обороны без превышения ее пределов, не подлежит возмещению.

Возможно применение мер самозащиты и в состоянии крайней необходимости, которую ст. 920 ГК трактует как опасность, угрожающую самому обладателю прав или другим лицам, если эта опасность при данных обстоятельствах не могла быть устранена иными средствами.

Такие действия, как и действия в состоянии необходимой обороны, ГК не признает противоправными. Однако если в состоянии крайней необходимости причинен вред, то он, как правило, подлежит возмещению. Самозащитой действия в состоянии крайней необходимости могут признаваться, если ценность защищенных прав превышает причиненный вред. Например, огнестрельное ранение грабителя фруктов в саду едва ли может рассматриваться как действие, соразмерное нарушению. Судебная практика не признает самозащиту правомерной, если она явно не соответствует способу и характеру нарушения и причиненный (возможный) вред является более значительным, чем предотвращенный.

Одним из проявлений самозащиты можно признать удержание имущества кредитором, несмотря на то, что ГК трактует это действие как один из способов обеспечения исполнения обязательств. Удержание вещи допускается, пока обязательство не будет исполнено. Кроме того, требования кредитора, удерживающего вещь, могут быть удовлетворены из стоимости этой вещи. В таких случаях обладатель имущественных прав защищает свои права и интересы собственными действиями, не обращаясь к суду.

1. *Гражданский кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2012.*

2. *Эрделевский А.М. Самозащита гражданских прав // Юридический мир. 1998. №8.*

3. *Защита гражданских прав: новые аспекты // В _Н.: Актуальные проблемы гражданского права / Под ред. Брагинского М.И. – М.: 1998.*

4. *Гражданское право. Учебник. Часть 1 / Под ред. Сергеева А.П., Толстого Ю.К. – М.: 1997.*

5. *Свердлов Г.А., Страунинг Э.Л. Защита и самозащита гражданских прав: Учеб. Пособие. – М., 2002.*

6. *Кораблева М.С. Гражданско-правовые способы защиты прав предпринимателей: Автореф. Дис.... к.ю.н. – М., 2002.*

7. *Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2012.*

8. *Грибанов В.П. Пределы осуществления и защиты гражданских прав / В _Н.: Осуществление и защита гражданских прав. – М., 2000.*

9. *Рожкова М.А. Основные понятия арбитражного процессуального права. – М., 2003.*

Түйін

Осы мақалада азаматтық құқықтарды қорғау құралдары жүйесіндегі өзін өзі қорғаудың орын анықтау мәселелері қарастырылады.

Summary

In given article it is considered problems of definition of a place of self-defense in system of protection frames of the civil rights.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МҮЛІКТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.С. Байсымакова – «азаматтық құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Әдетте, азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері туралы сөз болғанда олардың заңнамада қабылданған топтастырылуы туралы айтылады да қояды. Бұл топтастыруға сәйкес азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері мүлкілік игіліктер мен құқықтар және жеке мүлкілік емес игіліктер мен құқықтар деп екі үлкен топқа бөлінеді. Алайда заң әдебиетінде азаматтық құқықтар объектілері топтастырылуының бұдан басқа да негіздері бар.

Азаматтық құқықтар объектілерінің мәселелері туралы жаңа еңбек – М.К. Сулейменовтың жоғарыда аталған мақаласында азаматтық құқықтар объектілерінің топтастырылуы тақырыбы кеңінен зерттелген. Түсінікті болуы үшін бәрін басынан бастап келтіруді жөн көріп отырмыз. Сонымен қатар бұл параграфта азаматтық құқықтық қатынастардың объектілеріне қатысты термин – «мүлік» термині, оның заңнамадағы және ғылыми әдебиеттегі анықталуы, бұл терминнің қандай ұғымдарды қамтитындығы да сөз болады.

М.К. Сулейменов заң әдебиетінде азаматтық құқықтар объектілерінің әртүрлі топтастырылуы қолданылады, бірақ олардың негізінде мыналардың жатқандығын атап көрсетеді:

- 1) заттар (ақшаларды және құнды қағаздарды қоса алғанда);
- 2) қызметтер (әрекеттер, жұмыстар);
- 3) шығармашылық қызметтің нәтижелері;
- 4) жеке мүлкілік емес игіліктер.

Заттар мен қызметтер (әрекеттердің нәтижелері) азаматтық құқықтық қатынастардың мүлкілік объектілері категориясына, ал шығармашылық қызметтің нәтижелері мен жеке мүлкілік емес игіліктер азаматтық құқықтық қатынастардың мүлкілік емес объектілері категориясына біріктірілуі мүмкін [1, 295-296 б.]. Алайда бұл топтастырылу ҚР-ның заңнамасы тұрғысынан дұрыс болмауы мүмкін.

ҚР АҚ-нде мүлкілік және мүлкілік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алатындығы бекітілген (115 б. 1-т.). Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері (яғни интеллектуалдық меншік) мүлкілік игіліктердің құрамына қосылады. Бұл қатардан жеке мүлкілік емес игіліктерге тек автор болу құқығы және шығармаға қолсұқпаушылық құқығы ғана жатқызылған (115 б. 2, 3-тт.) [2].

М.К. Сулейменов өзінің «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері» деген мақаласында мүлкіліктің көп қырлы ұғым екендігін атап көрсетіп, оның мына төмендегілерді білдіру үшін қолданылатындығын айтады:

- 1) белгілі бір тұлғадағы меншік құқығымен немесе басқа заттық құқықпен тиесілі заттар мен материалдық құндылықтардың жиындығы;
- 2) басқа тұлғалардан заттарды немесе басқа мүлкілік қанағаттануды алуға деген мүлкілік құқықтық қатынастардың жиындығы (актив);
- 3) иеленушінің мүлкілік жай-күйін сипаттайтын мүлкілік құқықтар мен міндеттердің, заттардың жиындығы (актив және пассив).

Сөйтіп, «мүлік» ұғымымен тұлғаға (азаматқа, заңды тұлғаға, мемлекетке) тиесілі заттардың, талап ету құқықтарының және міндеттерінің (қарыздарының) жиындығы қамтылады. [1, 16 б.].

«Мүлік» ұғымын әртүрлі аспектте қолдану көптеген заңнамалық қайнар көздерге тән. Оның ішінде, атап айтар болсақ, француздық Азаматтық кодекс және Ресей империясының азаматтық заңдар жиындығы заттарға арналған тарауда мүлкілік ұғымын кеңінен қолданады.

Мысалы, француздық азаматтық кодекстің Екінші кітабы «Мүліктер туралы әртүрлі меншік қатынастары туралы» деген атауға ие, осы кітаптың 1-титулы «Әртүрлі мүліктер туралы» деп аталады, ал 516-бабы жылжитын және жылжымайтын мүліктер туралы айтады. Сонымен қатар Екінші кітаптың әртүрлі баптарында (525, 544, 551 бб.) «зат» ұғымы қолданылады.

Азаматтық заңдар жиындығының Екінші кітабының атауы осыған ұқсас – «Мүлікке құқықтарды иелену және оларды бекіту тәртібі туралы»; осы кітаптың бірінші тарауы «Мүліктің әртүрлі түрлері туралы» деп аталады, ал осы тараудың бірінші бөлімі жылжымайтын, жылжитын мүліктерге арналған. Бұл нормаларда сөздің, негізінен, заттар туралы болып отырғандығы анық. [1, 11-18 б.].

Г.Ф. Шершеневич ресейлік заңнаманы саралау және теориялық негіздеу кезінде оның осы ерекшеліктерін ескерді және тұтасымен алғанда заттар мен мүлкілік ұғымдарының айырмашылығын дұрыс анықтады.

Құқық объектісі ретінде Г.Ф. Шершеневич мүдденің жүзеге асырылуына құрал бола алатынның бәрін түсінді. Оның ойынша, мұндай құралдар болып: а) заттар, яғни материалдық дүниенің пәндері; б) затты беруге, жеке қызметтерге, өзінің жұмыс күшін ұсынуға саятын басқа тұлғалардың әрекеттері табылады. Заттар мен бөтеннің әрекеттері экономикалық игіліктерді құрайды және белгілі бір тұлғаның иелігіндегі мұндай игіліктердің қоры экономикалық тұрғыдан алғанда мүлік деп аталады [3, 94-95 б.].

Германияның азаматтық құқығында жеке құқықтар жеке, отбасы және мүліктік болып бөлінеді.

Мүліктік құқықтар – заттық құқықтар, материалдық емес игіліктерге деген құқықтар, міндеттемелік және мұрагерлік құқықтар.

Қазіргі заманғы концепцияны бейнелейтін мүліктің ең дәл анықтамасы Нидерландының Азаматтық кодекстің 3-кітабының 1-ші бабында берілген: «жеке өзі немесе қандай да бір басқа құқықтармен бірге берілуі мүмкін немесе құқық иеленушісінің материалдық пайда алуына мұрындық болатын немесе берілген, сондай-ақ уәде етілген пайданың орнына алынған құқықтар мүліктік құқықтар болып табылады» [2].

ҚР АҚ-нде мүліктің мынадай анықтамасы беріледі: мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады (ҚР АҚ-нің 115 б. 2-т.).

М.К. Сулейменов азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері туралы жоғарыда атылған мақаласында өзінің бұған дейін ҚР АҚ-ндегі баптың мәтініне орай мүлік құрамының төмендегідей құрылымы ұсынылғанын айтады:

- 1) заттар (ақшалар мен құнды қағаздарды қоса алғанда);
- 2) жұмыстар мен қызметтер;
- 3) интеллектуалдық меншік;
- 4) мүліктік құқықтар (талап ету құқықтары);
- 5) міндеттер (қарыздар) [1, 16 б.].

М.К. Сулейменов өзінің аталған мақаласында азаматтық құқықтар объектілерінің ұғымын терең зерттеу нәтижесінде ұсынылған топтастырылуға бірқатар түзетулер енгізу туралы қорытындыға келеді: «Азаматтық құқықтар объектілерінің топтастырылуын азаматтық құқықтық қатынастардың топтастырылуымен байланыстырған жөн, өйткені азаматтық құқық теориясында жалпымен қабылданған құқықтық қатынастардың топтастырылуы құқықтық қатынастардың объектілері бойынша жүргізілген болатын» [1, 19 б.].

Құқықтық қатынастардың негізгі және ең басты топтастырылуын – мүліктік және жеке мүліктік емес деп бөлінуін алайық. Осыған байланысты азаматтық құқықтар объектілерінің негізгі және ең басты топтастырылуы болып олардың мүліктік және мүліктік емес болып бөлінуі табылады (ҚР АҚ-нің 115-ші бабының 1-ші тармағы).

Мүліктік қатынастарды біз заттық және міндеттемелік қатынастарға бөлеміз. Осыған сәйкес мүліктік игіліктер мен құқықтық қатынастардың негізгі бөлінуі олардың заттарға және міндеттемелік құқықтарға бөлінуі болып табылады (өз әрекеттеріне құқық және бөтеннің әрекеттеріне деген құқық). Бұл жерде, бірақ, айрықша құқықтар (интеллектуалдық меншік құқығы) мен ақпарат тыс қалып қояды [1, 19 б.].

Барлық құқықтық қатынастарды қамтитын жалпы топтастыру болып олардың абсолюттік және салыстырмалы болып бөлінуі табылады. М.К. Сулейменов аталған мақалада бұл топтастырылудың азаматтық құқықтар объектілерінің топтастырылуы үшін де негіз болып табылатындығы туралы тұжырым жасайды.

Абсолюттік құқықтық қатынастардың бар екендігін теріске шығаратын авторлардың өздері объектілерді азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері (абсолюттік құқықтар үшін) және азаматтық құқықтық қатынастар объектілері (салыстырмалы құқықтар үшін) деп негізгі бөлуді жүргізеді. Бұл айтылған объектілердің көп түрлері мына екеуіне ғана саяды: заттар және әрекеттер. Жоғарыда айтылғандай, мұны бәрінен де анық бекіткен Нидерландының Азаматтық кодексі: «Мүлік – бұл барлық заттар және барлық мүліктік құқықтар» [1, 19-20 б.].

Алайда жоғарыда ұсынылған мүліктің топтастырылуының – заттар және мүліктік құқықтар (бөтеннің әрекеттеріне құқық) – елеулі кемшілігі бар. Бұған АҚ 115-ші бабының 2-ші тармағында көрсетілген объектілердің тобы сыйыстырылып отыр: «шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары». Әдебиетте және заңнамада бұлар «интеллектуалдық меншік құқығы» деп аталады. Интеллектуалдық меншікті заттарға да, мүліктік құқықтарға да жатқызуға болмайтындығы анық [1, 24 б.].

Мысалы, В.А. Дозорцев: «Барлық тауарлық қатынастар объектінің ерекшеліктеріне қарамастан кейбір

жалпы алғышарттарға сүйенеді. Мұндай алғышарт болып объектінің қасиеттеріне байланысты әртүрлі бекіту алып жататын тауар иеленушісінде монополияның болуы табылады. Материалдық заттар үшін монополия меншік құқығы түрінде көрінсе, интеллектуалдық қызметтің материалдық емес нәтижелері үшін айрықша құқықтар түрінде көрінеді.

Нақтырақ айтқанда, монополия бір салаларының бірі меншік құқығы, ал басқа саласы, салыстырмалы түрде жақында пайда болған айрықша құқықтар болып табылатын абсолюттік құқықтар жалпы категориясынан заңдық көрініс табады», – деп жазады [4, 287-288 б.].

Сөйтіп, айрықша құқықтарды меншік құқығымен біріктіретін басты белгі – бұл олардың абсолюттік құқықтар болып табылатындығында.

Меншік құқығы мен айрықша құқықтық қатынастардың ұқсастығынан заңдық әдебиетте кезең кезеңімен меншік құқығы институтын айрықша құқықтарға тарату негізінде жататын конструкциялар көрініп тұрады [1, 25 б.].

Атап айтар болсақ, Р.Саватье өз уақытында былай деп жазған болатын: «Заңдық техникада абстрактілік мүліктер пайда бола бастаған сайын «меншік құқығы» сөзінің мағынасы шынында да кеңейтілді. Бұл сөзбен әлі күнге дейін жаңадан пайда болған денесіз мүліктерге қатысты қолданылатын барлық ең толық және ең абсолюттік құқықтық қатынастардың жиынтығын атауды жалғастырып келе жатыр.

Бұл құқықтық қатынастардың толықтығы. Бір сөз болып отырған құқықтық қатынастардың толықтығын көрсету үшін құқықтарға деген меншік құқығы туралы айтуға мәжбүр боламыз». Жазушыға, өнертабыстың авторына тиесілі осындай құқықтық қатынастардың толықтығынан әдебиет, көркемөнер немесе өндірістік меншік туралы айтады [5, 90 б.].

Денесіз заттарға деген меншік құқығын Д.В. Мурзин де дәлелдейді. Ол денесіз зат дегеніміз заттық құқық нормаларымен реттелетін субъективтік міндеттемелік құқық деп санайды. Денесіз зат ретіндегі құнды қағаз – бұл заттық құқық нормаларымен реттелетін міндеттемелік шарттық құқық болып табылады [6, 81 б.].

Соңғы уақытта меншік құқығы ұғымын кеңейтуге ұмтылысты профессор Ю.Г. Басин де жасады. [1, 25 б.].

Р.Саватье мен Ю.Г. Басин дәйектерінің жалпы ұқсас екендігін аңғару қиын емес және олар меншік құқығы мен айрықша құқық иеленушілерінде толық биліктің, шаруашылық биліктің болуында болып табылады.

Мұның бәрі, әрине, дұрыс және шындығында мұндай ұқсастық бар, сұрақ басқада, бұл құқықтарды меншік құқығының ба, әлде басқа бір ұғымның астына біріктіру қажет пе.

Мұндай ұғым бар және оны меншік құқығы ұғымын өлшемсіз шекке дейін кеңейтудің жақтаушы авторлары да, қарсыластары да айтады. Бұл абсолюттік құқықтар ұғымы [1, 25 б.].

Абсолюттік құқықтарға биліктің толықтығы белгісі тән. Осы белгінің бар немесе жоқ екендігіне негіздей отырып, кейбір авторлар абсолюттік құқықтар ұғымынан шектелген заттық құқықтарға қолдануға болмайтындығын дәлелдеуге тырысты [1, 26 б.].

Соның ішінде, өз уақытында О.С. Иоффе былай деп жазды: «құқықтың абсолюттік сипаты құқықты адамға тиесілі «өзінің билігінің» абсолюттік толықтығының бейнесі болып табылады; және сондықтан да «өзінің билігінің» толықтығы құрылыс салу, құқығында және кепіл құқығында болмайды, құқықтық қатынастардың екеуінің де қарама қарсы полкостерінде нақты фигура, белгілі бір субъект көрінеді... меншік құқығының субъектілік құрамынан ерекшеленетін кепіл мен құрылыс салу қатынастарының субъектілік құрамынан көрінетін бұл бағыныштылық кепіл құқығының да, құрылыс салу құқығының да абсолюттік құқықтар болып табылмайтындығының куәсі» [7, 314 б.].

О.С. Иоффе мен В.К. Райхердің субъектілік құрам туралы бұл дәйектерін дұрыс деуге болмайды. Олар екі жеке құқықтық қатынасты араластырып отыр: бірі – белгілі бір субъектісі бар – салыстырмалы құқықтық қатынастар, екіншісі – басқа барлық тұлғалармен абсолюттік құқықтық қатынастар. Бірақ бастысы бұл емес. Шектелген заттық құқықтарда «өзінің билігінің» толықтығы жоқ деген тұжырыммен келісуге болмайды. Әрине, меншік иесіндегі сияқты «өзінің билігінің» толықтығы шектелген заттық құқық иесінде жоқ, олар сондықтан да шектелген деп аталады [1, 26 б.]. Рим құқығы бойынша мамандар шектелген заттық құқықтарды (*jura in re aliena*) «затты құқықты тұлғаға барлық қатынастарда емес, тек белгілі бір бағытта және белгілі бір мақсатпен бағындыратын» құқық ретінде сипаттаған болатын [8, 299 б.].

Алайда меншік иесінің шектелген заттық құқық иесіне берген құқық шеңберінде соңғысы биліктің толықтығына ие болып табылады. Бұл мына жағдаймен қуатталады: меншік иесі өзі шектелген заттық құқық иесіне берген салада өзінің билігін жүзеге асырудан шеттетіледі, яғни, бұл бөлікте меншік

иесінің «өзінің билігінің» барлық толықтығы шектелген заттық құқық иесінің «өзінің билігінің» толықтығымен жүзеге асырылады. Сайып келгенде биліктің толықтығы биліктің көлемімен емес, ал осы әлем шеңберінде құқықтың иесі меншік иесін қоса алғанда барлық тұлғалардан қорғанысқа ие ме сонымен анықталады [1, 26 б.].

Осы негіздер бойынша абсолюттік құқықтар сияқты, квази-абсолюттік құқықтық қатынастардың бар екендігі туралы пікірмен де келісуге болмайды. В.А. Дозорцев бұл жерде тиісті ерікті бірлестік құрған кәсіпорындар үшін ортақ таруарлық елгі болып табылатын «құжымдық белгілер» туралы айтып отыр [4, 26 б.].

Құқықтық қатынастардың абсолюттік сипаты объектіге, бұл жағдайда тауарлық белгіге қатысты «өзінің билігінің» толықтығында болып табылады. Биліктің бұл толықтығы құқықтары бірдей және басқаларға қарсы сол биліктің толықтығын пайдаланатын қоса иеленушілерден басқалардың бәріне қарсы пайдаланылады. Қоса иеленушілердің арасындағы құқықтық қатынастар салыстырмалы болып табылады, бұл жағдайда бұл тауарлық белгіні ортақ иелену бойынша құқықтық қатынастар. Алайда бұл қатынастар барлық басқа тұлғаларға қатысты абсолюттік құқықтарға ешқандай да әсерін тигізбейді. Бұл квази-абсолюттік құқықтық қатынастар болып табылады [1, 27 б.].

Азаматтық құқықта мұндай қатынастар аз емес. Соның ішінде, ортақ меншік, жай серіктестік, қоса авторлық, қоса мұрагерлікке ие болу қатынастарын және т.б. айтуға болады. Бұл барлық жағдайларда қоса меншік иелерінің, қоса авторлардың, қоса өнертабушының, қоса мұрагерлердің арасындағы құқықтық қатынастар салыстырмалы (заттық салыстырмалы, міндеттемелік авторлық, өнертабыстық және с.с.) болып табылады. Бірақ барлық басқа тұлғаларға қатысты олар толық абсолюттік құқықтарға ие болады [1, 27 б.].

Абсолюттік құқықтық қатынастардың құрылымына сонау революцияға дейінгі әдебиетте сипаттама берілген болатын. Г.Ф. Шершенович абсолюттік құқықтар объектісі бойынша үш түрге бөлінеді деп санады: а) заттық құқықтар – меншік құқығы, кепіл, пайдалану құқығы; в) айрықша құқықтар – авторлық құқық, өндірістік өнертабыстарға құқық; с) жеке билік құқығы – күйеудің құқығы, әкенің құқығы [3, 11 б.]. Жеке билік құқығы қазіргі уақытта жоқ, демек, заттық құқықтар мен айрықша құқықтар қалады.

Сәйкесінше, заттар және міндеттемелік талап ету құқықтары топтастырылуын абсолюттік құқықтар объектілері (заттар, интеллектуалдық меншік) және салыстырмалы (міндеттемелік) құқықтардың объектілері деген топтастырумен алмастыруға болады [1, 27 б.].

М.К. Сулейменов өзінің аталған мақаласында азаматтық құқықтық қатынастардың объектілерін топтастырудың жоғарыда айтылған түрінен басқа «игіліктер» түсінігі арқылы тағы бір топтастырудың түрін қарастырады.

Жоғарыда айтылғандай, ҚР АҚ бойынша азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері болып мүлкілік және жеке мүлкілік емес игіліктер мен құқықтар бола алады (ҚР АҚ-нің 115-б. 1-т.). Әрі қарай мүлкілік игіліктер мен құқықтар туралы (мүлік) және жеке мүлкілік емес игіліктер мен құқықтар нормалар бекітілген.

ТМД басқа елдерінің азаматтық кодекстерінде «игілік» термині ғана қолданылады, тек Тәжікстан Республикасының АҚ «игіліктер мен құқықтар» терминін қолданады [1, 27 б.].

Әдебиетте де игіліктің азаматтық құқықтық объектісі ретіндегі әртүрлі анықтамалары кездеседі.

Мысалы, Е.А. Суханов азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері ретінде азаматтық құқық субъектілерінің қызмет пәнін құрайтын әртүрлі материалдық (соның ішінде заттық) және материалдық емес (идеалдық) игіліктерді немесе оларды жасау процесін түсінеді [9, 294 б.].

Құқықтық әдебиетте игілік ұғымының өзі зерттелмейді десе болады. Оның аз анықтамаларының бірін келтірейік: «Игіліктер – адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті құбылыстар». Азаматтық құқықтар объектілері мен игіліктің арасындағы байланысты Г.Ф. Шершеневич анықтаған болатын: «Жеке құқықтық қатынастар мүлкілік сипатқа ие болған сайын құқық объектісі туралы заңдық ұғым игіліктер туралы экономикалық түсінікпен сай келеді.

Құқық объектілері – бұл экономикалық мағынадағы игіліктер» [10, 12 б.].

Игіліктерді экономика тұрғысынан ең іргелі зерттеуді «австриялық экономикалық мектептің» басшысы Карл Мангер (1840-1921) жүргізді [10, 72-76 б.].

К.Мангер субъективтік құндылық теориясын жасап шығарды, оның методологиялық негізі ретінде жалпы игіліктер туралы және соның ішінде экономикалық (шаруашылықтық) игіліктер туралы ілімдер болады. Мангердің ойынша, адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырумен себепті байланысқа қойылуға қабілетке ие пәндер пайдалылық деп аталуы керек: біз бұл себепті байланысты танытындығымыз

себепті және сонымен қатар осы пәндерді өзіміздің қажеттіліктерімізді қанағаттандыруға шын мәнінде қолдануға билікке ие болатынымыз себепті біз оларды игіліктер деп атаймыз. Пән игілікке айналуы үшін немесе басқа сөздермен айтқанда, ол игілік сипатына ие болуы үшін төрт шарттың сай келуі тиіс:

1) адамның қажеттілігі;

2) пәнді осы қажеттілікті қанағаттандырумен себепті байланысқа қоюға жарамды ететін оның қасиеттері;

3) адамның осы себепті байланысты тануы;

4) пәнді осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін шын мәнінде пайдалануға билік ету мүмкіндігі.

Менгер бойынша, «игілік» тек адамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты болған кезде игілік болып табылады: егер қажеттілік жоғалса, игілік те жоғалады.

Менгер сондай-ақ ол өзі қатынастар деа атайтын мүліктік емес игіліктерді де бөліп көрсетеді (фирмалар, монополиялар, басып шығару құқығы, сатып алушылар шеңбері және т.б.) ол игіліктердің барлық жиынтығын келесі екі категорияға бөлуге болады деп санады:

– бір жағынан материалдық игіліктер (барлық табиғат күштері игіліктер болып табылғандықтан, оларды қоса алғанда);

– екінші жағынан пайдалы адамның әрекеттері (тиісті жағдайларда әрекетсіздік), бұлардың ішінен ең маңыздысын еңбек құрайды. Мұндай көзқараста игілік өзіне материалдық игіліктер мен пайдалы адамның әрекеттерін қосатын пайдалылықтар жүйесінің орталығына айналады [10, 73-75 б.].

Сәйкесінше, игіліктер адамдардың қажеттіліктерімен және осы қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты. Міне сондықтан да игілік әрқашанда нақты болып табылады және заңдық тұрғыдан алғанда ол тек құқықтық қатынастың объектісі ретінде ғана өмір сүре алады. Осыған байланысты игіліктердің азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері ретіндегі топтастырылуы құқықтық қатынастардың топтастырылуымен байланыстырылуы керек.

К.Менгердің игіліктерді бөлуінде (материалдық игіліктер және пайдалы адамдардың әрекеттері) пайдалы адамдардың әрекеттері мазмұнының елеулі аспектісі ескерілмейді, атап айтқанда: осы әрекеттер кіммен жасалды – игілікті иеленушінің өзімен бе немесе басқа тұлғамен бе (бөтеннің әрекеттері). Бірінші жағдайда игіліктерге иелену орын алса, екінші жағдайда осы игіліктерге (бөтеннің пайдалы әрекеттері) деген құқықтарға иелену орын алады [10, 29 б.].

М.К. Сулейменовтың ойы бойынша азаматтық құқықтың объектілерін ҚР АҚ-ндегідей: игіліктер және құқықтар деп бөлудің болашағы зор [1, 29 б.].

ҚР АҚ-нің саралауы негізінде жазылған азаматтық құқық оқулығында азаматтық құқықтар объектілері тарауының авторы Б.В. Покровский мүліктік игіліктер мен мүліктер құқықтық қатынастардың төмендегідей түсінігі беріледі:

«Мүліктік игіліктер ретінде азаматтық құқық субъектілерінің материалдық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруы мүмкін, әдетте, ақшалай бағалауға жататын және азаматтық құқықпен реттелетін қатынастар аясына қосылған материалдық пәндер және құндылықтар (соның ішінде энергия, жұмыстар және қызметтер) түсініледі.

Мүліктік құқықтар ретінде мүліктік игіліктерге деген субъективтік азаматтық құқықтар түсініледі (соның ішінде мүліктік игіліктерді пайдалану, иелену және билік ету құқықтары)».

М.К. Сулейменовтың ойынша, игілік әрқашанда нақты және белгілі бір құқықтық қатынастың объектісі болып табылғандықтан объекті ретіндегі игіліктердің бөлінуіндегі басты белгі ретінде игіліктердің белгілі бір игіліктің субъектісіне тиесілі болу фактісін және тиесілі болу дәрежесін анықтауға болады. Мұндай қағида бойынша негізгі бөліну дәрежесін анықтауға болады. Мұндай қағида бойынша негізгі бөліну болып игіліктердің материалдық және материалдық емес деп бөлінуі емес, ал «өзіңнің» игілігіне және «бөтеннің» игілігіне бөлінуі табылады [1, 29 б.].

Өзіңнің игілігің – бұл оған қатысты құқықты субъект барлық биліктің толықтығын (Р.Саватье бойынша), «өзіңнің билігіңнің» толықтығын (О.С. Иоффе бойынша), «шаруашылық билігін» (Ю.Г. Басин бойынша) иеленетін игілік [1, 29 б.].

Бөтеннің игілігі – бұл оған қатысты құқықты субъектіде тек талап ету құқықтары, бөтеннің әрекетіне деген құқықтары бар, яғни салыстырмалы (көп бөлігі бойынша міндеттемелік) құқықтары бар игілік [1, 29 б.].

Мұндай жағдайда бірінші топқа материалдық (зат) және материалдық емес (айрықша құқықтар объектілері) игіліктер кіреді.

Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілерін игіліктер мен құқықтарға бөлу нақ игіліктердің

өзіндікіне және бөтендікіне бөлінуін бейнелейді. АҚ-те өзінің игіліктерің «игілік» ретінде, бөтеннің игіліктері – «құқықтар» (бөтеннің әрекетіне құқықтар) ретінде белгіленген. Әрине, өзінің игіліктеріне де құқықтар бар (оның ішінде затқа меншік құқығы, интеллектуалдық меншік объектісіне айрықша құқық), бірақ бұл құқық игіліктің өзімен ажыратылмастай байланысты және онсыз ойлау мүмкін емес. Құқықты субъектіге қатысты өзінің игілігің және оған құқық қосылып қолданылады және олар ажыратылғысыз (сондықтан да жай игілік туралы айтуға болады), бөтеннің игілігі тек мүліктік құқық түрінде ғана болады (сондықтан да тек мүліктік құқықтар туралы ғана айтуға болады) [1, 30 б.].

Осы айтылғандарға байланысты Б.В. Покровскийдің мүліктік құқықтық қатынастардың мысалы ретінде пайдалану, иелік ету және билік ету құқықтарын келтіруін сәтті деу қиын. Пайдалану, иелік ету және билік ету құқықтарының заттық құқықтың өкілеттіктері екендігі белгілі және сондықтан бұл құқықтарды мүлікті игіліктер тобына қосу логикаға сыйымды болып табылады [1, 30 б.].

Сонымен, М.К. Сулейменовтың ойынша, әдебиеттегі құқықтық қатынастардың жалпымен мойындалған абсолюттік және салыстырмалы деп топтастырылуы игіліктердің дәл осындай бөлінуіне негізделген.

Егер азаматтық құқықтарды объектілері бойынша топтастыратын болсақ (өзінің және бөтеннің игіліктері), онда ол былай болатын болады:

1. Абсолюттік құқықтар:

- а) заттық құқықтар;
- б) айрықша құқықтар;
- в) ақпарат;
- г) жеке мүліктік емес құқықтар.

2. Салыстырмалы құқықтар:

- а) бөтеннің әрекеттеріне құқықтар, соның ішінде жұмыс орындауға және қызмет көрсетуге құқықтар.

М.К. Сулейменов өзінің жеке мүліктік емес құқықтарды абсолюттік құқықтар қатарына қосқандығын айтады, себебі олар құқықты субъектімен ажырағысыз байланысқан, бөтенге берілмейді және абсолюттік сипатқа ие болып табылады. Бұл әрқашан өзінің игілігін, бөтеннің игілігіне құқық бұл жерде мүмкін емес. АҚ-тің 115-б. 3-т.-да жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар туралы айтылса, АҚ-тің 141, 142-баптарында жеке мүліктік емес құқықтар туралы ғана айтылады. Мұндай жағдайда бұл принципті нәрсе емес, «игілік» және «құқық» ұғымдары тәжірибе жүзінде сай келеді, барлық жағдайда сөз игілік туралы болады (өзінің игілігін) [1, 30 б.].

Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілерін біз мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер деп бөлеміз.

Мүліктік игіліктер:

1) өзінің игіліктерің, абсолюттік құқықтық қатынастардың объектілері (заттар, соның ішінде ақшалар және құнды қағаздар, айрықша құқықтық қатынастардың объектілері, ақпарат);

2) бөтеннің игіліктері, салыстырмалы құқықтық қатынастардың объектілері (бөтеннің әрекеттері, соның ішінде энергия, жұмыс және қызмет) болып бөлінеді.

Жеке мүліктік емесе игіліктер ештеңеге бөлінбейді, бұлар әрқашанда өзінің игіліктерің болып табылады [1, 30 б.].

М.К. Сулейменовтың азаматтық құқықтық қатынастардың объектілерін топтастыру туралы ойларын қорыта келе айтарымыз, біздің бұл сұрақтарға жалпы көзқарасымыз оның пікірімен келіседі. Біздің ойымызша, жоғарыда ұсынылған оның азаматтық құқықтық қатынастардың объектілерін топтастыруы негізді болып табылады және бұл еңбек, бұл топтастыру осы азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері бойынша ғылымдағы орын алып келе жатқан, шешуін таппай келе жатқан жоғарыда айтылған мәселелердің басын ашуда өзінің көмегін тигізери сөзсіз.

1. Сулейменов М.К. *Объекты гражданских прав по законодательству Республики Казахстан / Объекты гражданских прав. Материалы конференции. Отв. ред. Сулейменов М.К.* – Алматы: КазГЮУ. 2004.

2. ҚР азаматтық кодексі.

3. Шершеневич Г.Ф. *Учебник русского гражданского права.* – М.: СПАРК, 1995.

4. Дозорцев В.А. *Понятие исключительного права.* В кн.: *Проблемы современного гражданского права: Сб. Статей.* – М.: Городец, 2000.

5. Саватье Р. *Теория обязательств. Юридический и экономический очерк.* – М.: Прогресс, 1972.

6. Мурзин Д.В. *Ценные бумаги – бестелесные вещи. Правовые проблемы современной теории ценных бумаг.* – М.: Статут, 1998.

7. Иоффе О.С. *Избранные труды по гражданскому праву.* – М.: Статут, 2000.

8. Хвостов В.М. Система римского права. – М.: СПАРК, 1996.

9. Гражданское право. Т.1: Учебник для вузов (академический курс) / Отв. Ред. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. – Алматы, 2000.

10. Ланач В.А. Система объектов гражданских прав: теория и судебная практика. – СПб.: Юрид. Центр Пресс, 2002.

Резюме

В данной статье рассматриваются объекты гражданских прав по законодательству Республики Казахстан.

Summary

In given article it is considered objects of the civil rights under the Republic Kazakhstan legislation.

МҮЛІКТІК ЕМЕС ӨЗІНДІК ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ

*Д.Ж. Белхожаева – «азаматтық құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Азаматтық айналымның тиісті деңгейде қалыптасуы тек субъектілердің азаматтық құқықтарын мойындаумен ғана байланысты емес, сонымен қатар бұл құқықтарды құқықтық қорғауды қамтамасыз етумен байланысты. Ғылымда қалыптасқан дәстүрлі түсінік «азаматтық құқықтарды қорғау» ұғымы құқықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шаралардың жиынтығын қамтиды. Бұған тек құқықтық шаралар ғана емес, сонымен қатар экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық сипаттағы субъективтік құқықтарды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруға бағытталған басқа да шаралар жатады.

Азаматтық құқықтарды қорғау – бұл азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы теориясындағы маңызды категориялардың бірі болып табылады. Бұл категорияның мәнін ұғынбау азаматтық, құқықтық санкциялардың сипаты мен ерекшеліктерін, оларды жүзеге асыру механизмі мен азаматтық, құқықтық бұзылуымен байланысты туындайтын өзге де мәселелерді түсінуге қиындық туғызады.

Еліміздегі сот жүйесін реформалау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстардың түпкі мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыра отырып, мүліктік және мүліктік емес өзіндік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Оған дәлел, күнбе күн сот өндірісіне түсіп жатқан әр түрлі талап-арыздар болып келеді. Соның ішінде ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау жөніндегі талап-арыздардың бұрын бірең – сараң түсуін еске алатын болсақ, кейінгі жылдары пайызының күннен-күнге өсіп келе жатқандығы, ешкімге жаңалық емес.

Адам құқығы мен бостандығы, оның ар-намысы және қадір қасиеті мемлекет пен қоғамның ең жоғарғы құндылығы болып саналады. Сондықтанда, ар-намыс пен қадір қасиет құқығын қорғау және жүзеге асыру механизмдері Ата Заңымыз Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Заңдарымен және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік актілерімен бекітілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабының 1-тармағына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды [1]. Конституцияның 18-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абырой-атағын қорғауына құқығы бар.

Ар-намыс деген – азаматтық рухани және әлеуметтік сапасының биіктігі, қоғам бағасы; аброй деген – өз рухани байлығын, рухани санасын, қоғамдағы маңыздылығын, орнын адамның өзінің іштей бағалауы; жұмыскерлік атақ деген – адамның іскерлік /өндірістік, мамандылық/ беделдеріне қоғам пікірі бойынша дұрыс берілген баға болып келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8 бабы талабына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады [2]. Осы орайда, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың ар-намысына, абройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтердің таралуына жол бермеуге бағытталған заңмен көзделген әдістер жеке мүліктік емес құқықтар болып саналатындығын ескеру қажет. Осы көрсетілген мүліктік емес құқықтарды қорғау, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 3 тарауында көрсетілген баптармен қамтылған. Аталған Кодекстің 141-бабының 2-тармағы мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын, азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша соттың жүзеге асыруын көздесе, осы аталған Кодекстің 144, 145 және 146-баптары жеке бастың құпиясын сақтау құқығына, өз бейнесіне құқығына, тұрғын үйге қол сұғылмау құқығына арналған [2]. Сондықтан Конституциямен көзделген

еркімнің ар-намысы мен абыройын қорғау құқығының сот тәртібімен қорғалуы, сөз бен бұқаралық ақпарат еркіндігінен, осы құқықтарды асыра пайдалануды шектейді. Осы норманың мәні 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында тиянақты түсіндірілсе, осы Заңның 19-бабында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған, нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығарудың тәртібі айқындалып көрсетілген [3].

Азаматтық Кодекстің 143 бабына сәйкес азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматты таратушы адам олардың шындыққа сай екендігін дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы [2].

Талапкер өзінің ар-намысын қорғау жөнінде сотқа түсірген талап-арызында Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 150 бабына сәйкес, қандай деректердің жалған екендігін, нақты атап көрсетуі тиіс болса [4], жоғарыда аталған Азаматтық Кодекстің 141 бабы 3 тармағының талабы бойынша, сотта өзінің ар-намысына, қадір қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіргендігін, яғни, өзінің мүліктік емес өзіндік құқығының бұзылғандығын нақты дәлелдеуге тиіс.

Егер талапкердің дауласып отырған мәлідемесі агенттік аппаратынан немесе ресми түрде бұқаралық ақпарат құралдарынан, жиналыстарда сөйленген әлде автордың сөзінен алынып эфирге шықса, сот Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 50 және 51 баптары талаптарына сай, жауапкер ретінде іске бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, сол мәлімдеменің шыққан қайнары болған мекемені немесе жеке адамды жауаптылыққа тартуы қажет. Мұндай жағдайда, таратылған мәлімдеме шындыққа жататындығын аталған мекеме және жеке адам дәлелдеуі тиіс.

Азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделін қорғау жөніндегі талап-арыздары сотқа түсіп, қаралуда, сот Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы “Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы” нормативтік қаулысының [5] талаптарын, кейінгі енгізілген өзгерістермен қоса басшылыққа ала отырып: талап бойынша бекерге шығару туралы көрсетілген мәліметтер таратылған ба, олар ұйымның атағына, азаматтың ар-намысына және абыройына кір келтіре ме, мәліметтер шындыққа жата ма анықтауы қажет.

Баспасөздерде жарияланған, радиомен, теледидардан, жалпы басқа да бұқаралық құралдарды пайдалану арқылы хабарланған, қызметтік, партиялық және басқа да мінездемелерде, арыздарда, әртүрлі ұйымдарға жолданған хаттарда көрсетілген, көпшілік алдында сөйлеу кезінде, лауазымды адамдарға немесе басқада, оның ішінде бір немесе бірнеше адамға ауызша айтылған мәліметтер азаматтардың және ұйымдардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтерді тарату болып саналады. Жеке адам туралы ондай мәлімет тек сол адамның өзіне ғана айтылса, ондай әрекеттерді кір келтіретін мәліметтерді тарату деп есептеуге болмайды.

Ар-намысқа және абыройға кір келтіретін мәліметтер шындыққа жатпайтыны анықталған жағдайда, ол мәліметтердің таратылуына кінәсі болмаса да, оларды теріске шығару міндеті жауапкерге жүктеледі. Талапкер, сотқа түсірген ар-намысты және абыройды қорғау туралы талабымен бірге одан өзіне келтірілген мүлік зиянды өндіру туралы талап қоюға да құқылы. Сот ар-намысты және абыройды қорғау туралы талапты қарағанда, онымен қатар азаматтардың немесе заңды құқы бар мекемелердің ар-намысқа және абыройға кір келтірген мәлімдемелердің таратуынан келтірілген рухани зиянды, не басқада мүлікке жатпайтын зиянның орнын толтыру талаптарында қарауға мүмкіндігі бар.

Бұл жерде соттар ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді бұзудан туындаған мүліктік және мүліктік емес зиян, зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер нормасы бойынша өтелетіндігін назардан шығармауымы тиіс. Осы нормаларға сәйкес мүліктік зиянды мәліметтерді таратуға кінәлі болғандығына, ал моральдық зиян үшін өтемақы, кінәнің болуы не болмауына қарамастан өтеледі.

Сот билік шығарғанда, рухани залалдың мөлшерін кір келтіретін мәлімдеменің мағынасына қарай, оның қаншама жарияланғандығын, жауапкердің кінәсінің көлемін және түрін, оның тұрмыс жайын және басқадай мән-жайларды ескере отырып, ақшалай есептейді. Атап айтқанда, сот рухани өтемақының мөлшерін, әділдік пен парасаттылық талаптарын сақтай отырып анықтайды.

Осы арада, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 187 бабы талабына сай, рухани зиянды қалпына келтіру туралы талап-арыздарға, заңмен қамтылған «алап қою мерзімі» қолданылмайтындығын айта кеткен жөн.

Сонымен қатар, егер өсек таратып, кір келтіретін мәлімдемені таратқан адамның әрекетінде Қылмыстық Кодекстің 129 немесе 130 баптарымен [6] қамтылған қылмыстық белгі болса, жәбірленуші оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға құқылы және оған қоса, азаматтық іс жүргізу тәртібімен ар-намыс-

ты және абройды қорғау жөнінде талап қоюына құқылы. Азаматтар және заңды тұлғалар ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделін қорғауда ар-намыс пен қадір қасиет институтының Конституциялық құқығындағы және өзгеде құқық салаларындағы орны зор.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы*. – Алматы: Юрист, 2012.
2. *Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі*. – Алматы: Юрист, 2012.
3. *Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы*. – Алматы: Юрист, 2012.
4. *Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі*. – Алматы: Юрист, 2012.
5. *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының “Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы” нормативтік қаулысы // Юрист – анықтама базасы.*
6. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі*. – Алматы: Юрист, 2012.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы защиты неимущественных прав.

Summary

In given article the concept and ways of institute of self-defense of the civil rights is considered.

ПОНЯТИЕ САМОЗАЩИТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ

Г.Турлашова – магистрант 2 курса Университета имени Д.А. Кунаева

Под самозащитой гражданских прав понимается совершение управомоченным лицом действий фактического порядка, соответствующих закону и направленных на охрану материальных и нематериальных благ [1, С. 177]. Определение самозащиты гражданских прав как фактических действий управомоченного лица дано В.П. Грибановым.

При самозащите гражданских прав речь в первую очередь идет о фактических действиях, выражающихся в воздействии лица на свое собственное или находящееся в его титульном (законном) владении имущество. Они могут быть весьма разнообразными: устройство различных охранных приспособлений для защиты дома от нежелательного проникновения в него третьих лиц; клеймение домашних животных; проставление факсимиле на книгах из собственной библиотеки и т.п. Главное, чтобы эти действия соответствовали закону, или, иначе говоря, не были прямо запрещены им.

Другую группу фактических действий по самозащите гражданских прав составляют действия, непосредственно воздействующие на личность правонарушителя или его имущество. Такие действия могут использоваться лицом как для защиты от посягательств на свое или находящееся в его законом владении имущество, так и для защиты нематериальных благ: жизни, здоровья, личной неприкосновенности, свободы передвижения.

В иных случаях самозащита в форме непосредственного воздействия на личность правонарушителя или его имущество применяться не может. В частности, она не может использоваться при нарушении авторских прав; исключительных прав на результаты интеллектуальной деятельности; для защиты чести, деловой репутации, а также для защиты права требования к должнику по обязательству. Подобные действия с учетом конкретных фактических обстоятельств могут рассматриваться как преступное самоуправство.

В связи со сказанным представляется весьма спорным существующее в литературе понимание самозащиты не только как фактических действий управомоченного лица по защите прав, но и всяких допускаемых законом односторонних действий заинтересованного лица в целях обеспечения неприкосновенности права [2, С. 36]. При таком подходе объединяются качественно различные правовые явления – фактические односторонние действия, направленные на личность правонарушителя и его имущество, и меры оперативного воздействия, применяемые самим управомоченным лицом как субъектом обязательственного правоотношения и направленные на изменение правового положения должника, вследствие чего они являются мерами юридического порядка.

Фактические действия по самозащите гражданских прав, непосредственно воздействующие на личность правонарушителя или его имущество, должны обладать признаками необходимой обороны или крайней необходимости. Норма гражданского законодательства гласит, что не подлежит возмещению

вред, причиненный в состоянии необходимой обороны, если при этом не были нарушены ее пределы [3]. Следовательно, необходимой обороной признаются такие действия по самозащите гражданских прав, которые хотя и причиняют вред их нарушителю, но не влекут обязанности обороняющегося по его возмещению, поскольку они признаются действиями правомерными (допустимыми).

Институт необходимой обороны является комплексным, регламентированным как гражданским, так и уголовным правом. Понятие необходимой обороны в гражданском праве по содержанию несколько шире, чем в уголовном. Если в уголовном праве под необходимой обороной понимаются действия обороняющегося, хотя и содержащие признаки состава преступления, но не признаваемые преступлением, то в гражданском праве к необходимой обороне относятся также и действия обороняющегося, не содержащие признаков уголовного преступления, но подпадающие под признаки гражданского правонарушения.

Основанием применения необходимой обороны является общественно опасное посягательство на личность обороняющегося или его имущество, обладающее признаками преступления или гражданского правонарушения. Основание для применения необходимой обороны отсутствует, когда действие нападающего формально содержит признаки какого-либо уголовного деяния, но заведомо не является опасным для обороняющегося лица в силу его малозначительности. Например, несовершеннолетние дети совершают из озорства похищение ягод и фруктов из сада.

Общественно опасное посягательство как основание необходимой обороны должно быть действительным (реальным). Если действие ошибочно воспринимается обороняющимся лицом в качестве преступного общественно опасного деяния, то говорят о мнимой обороне. Вред, причиненный обороняющимся лицом в рамках мнимой обороны, подлежит возмещению на общих основаниях.

Необходимая оборона обладает целым рядом признаков. Во-первых, необходимая оборона – это действие, заключающееся в причинении вреда жизни, здоровью или имуществу лица, посягающего на личность или имущество обороняющегося. Во-вторых, вред должен быть причинен только лицу, преступно посягающему на личность обороняющегося или его имущество. В-третьих, необходимая оборона должна быть своевременной, то есть она должна осуществляться с момента начала общественно опасного посягательства до его окончания. В-четвертых, необходимая оборона осуществляется лицом только в целях защиты от посягательства. Иначе говоря, если обороняющийся спровоцировал действия посягающего лица с целью причинения ему вреда, то он должен нести ответственность за причиненный вред на общих основаниях.

В гражданском праве говорится о недопустимости превышения пределов необходимой обороны в качестве общего правила [3]. Вместе с тем в новейшем уголовном законодательстве вопрос о превышении пределов необходимой обороны не возникает при защите лица от общественно опасного деяния, сопряженного с насилием, опасным для жизни обороняющегося, либо с непосредственной угрозой применения такого насилия [4]. Но он имеет значение при защите от посягательств, не сопряженных с насилием, опасным для жизни, либо с непосредственной угрозой такого насилия. Из нормы УК РК вытекает, что сама защита от посягательства, не сопряженного с насилием, опасным для жизни обороняющегося или другого лица, либо с непосредственной угрозой такого насилия, является правомерной. Однако при этом не должно допускаться превышения пределов необходимой обороны, то есть умышленных действий, явно не соответствующих характеру и опасности посягательства.

Следовательно, если при защите гражданского права лицо находилось в состоянии необходимой обороны от посягательства, сопряженного с насилием, опасным для его жизни, либо с непосредственной угрозой такого насилия, то оно во всех случаях не отвечает за вред, причиненный посягавшему лицу. Если лицо, находясь в состоянии необходимой обороны от посягательства, не сопряженного с насилием, опасным для его жизни, либо непосредственной угрозы применения такого насилия, превысило пределы необходимой обороны, то оно будет нести ответственность за вред, причиненный посягавшему лицу, на общих основаниях. При этом следует иметь в виду, что не являются превышением необходимой обороны действия обороняющегося лица, если это лицо вследствие неожиданности посягательства не могло объективно оценить степень и характер опасности поведения посягающего лица [4].

Одним из способов самозащиты гражданских прав являются действия управомоченного лица в условиях крайней необходимости. Под действиями, совершенными в состоянии крайней необходимости, понимаются действия лица, причиняющие кому-либо вред, но совершаемые для устранения опасности, угрожающей самому причинителю вреда или другим лицам, если эта опасность при данных обстоятельствах не могла быть устранена иными средствами [3]. Как и при необходимой обороне, действия в условиях крайней необходимости могут приниматься не только как средство самозащиты прав и интере-

сов управомоченного лица и других лиц, но и для защиты интересов государства и общества [4]. Примером самозащиты в условиях крайней необходимости может служить следующая ситуация. Субъект для тушения пожара, охватившего дом, принадлежащий ему на праве собственности, использует дорогостоящие строительные материалы соседа. Этим самым он причиняет соседу существенный в денежном выражении вред. Но действия собственника дома как совершенные в условиях крайней необходимости будут признаваться правомерными.

Основанием для самозащиты в условиях крайней необходимости является угроза жизни, здоровью, неприкосновенности обороняющегося лица, его имущественным интересам. Источниками угрозы могут быть самые разнообразные действия и события. В их числе – стихийные и общественные бедствия, неисправность механизмов, особое состояние организма человека вследствие болезни и т.п. Угроза может возникнуть и в результате преступного поведения лица. Например, на улице гражданин подвергся разбойному нападению. Преступники прижали его к стеклянной витрине магазина и стали избивать и шарить по карманам. Зная, что на стеклах витрины установлены датчики сигнализации, связанные с пультом вневедомственной охраны МВД, гражданин ударом ноги разбил витрину. Сигнализация сработала, испугавшись возможного скорого приезда наряда вневедомственной охраны, преступники разбежались. Действиями гражданина причинен вред невинному лицу, но с точки зрения закона они не предосудительны, ибо он действовал в условиях крайней необходимости. Следовательно, с объективной стороны самозащита гражданских прав в условиях крайней необходимости представляет собой допустимое законом причинение вреда третьему лицу. Но так как вред причиняется в целях защиты интересов причинителя вреда, то он по общему правилу обязан возместить его.

Действия в условиях крайней необходимости имеют ряд признаков. Во-первых, при таких действиях причиняется вред либо лицу, не связанному с созданием угрозы, либо лицу, связанному с этим. При крайней необходимости вред может быть причинен не только здоровью человека, его собственности, но и государству, общественному порядку. Во-вторых, действия по устранению угрозы должны совершаться своевременно – с момента ее возникновения до ее прекращения. В-третьих, угроза интересам защищаемого субъекта не могла быть устранена иначе как причинением вреда. В-четвертых, причиненный вред должен быть меньшим, чем предотвращенный.

При самозащите гражданских прав, осуществляемой путем действий в условиях крайней необходимости, управомоченное лицо не должно превышать пределов крайней необходимости. Превышением пределов крайней необходимости признается причинение вреда, явно не соответствующего характеру и степени угрожающей опасности и обстоятельствам, при которых опасность устранялась, когда указанным интересам был причинен вред равный или более значительный, чем предотвращенный [4]. С точки зрения гражданского права это означает, что лицо, превысившее пределы крайней необходимости, должно, безусловно, возместить причиненный вред.

1. Грибанов В.П. *Пределы осуществления и защиты гражданских прав.* – М., 1975. – С. 177.

2. Басин Ю.Г. *Основы гражданского законодательства о защите субъективных гражданских прав // Проблемы применения Основ гражданского законодательства и Основ гражданского судопроизводства СССР и союзных республик.* – Саратов, 1971. – С. 36.

3. *Гражданский кодекс Республики Казахстан.* – Алматы: Юрист, 2012.

4. *Уголовный кодекс Республики Казахстан.* – Алматы: Юрист, 2012.

Түйін

Осы мақалада автор азаматтық құқықтарды өзін өзі қорғау институтының түсінігін, заңда көзделген тәсілдері зерделеген.

Summary

In given article the concept and ways of institute of self-defense of the civil rights is considered.

АЗАМАТТЫҚ ІС БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ӨКІЛДІК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

Е.Уалбеков – құқық және экономика институты, Құқықтану мамандығының 3-курс (АОБ) студенті,
Ғылыми жетекші: Г.Б. Мейірбекова – азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Адвокаттың азаматтық іске қатысу негізі тапсырма шарты бойынша жүзеге асады, яғни оның өкілеттілігі азаматтық іс бойынша сенімхатта көрсетіледі. Көрсетілген сенімхаттың болуы адвокаттың азаматтық іске өкіл ретінде қатысуына жол ашады.

Азаматтық іс жүргізуде адвокаттың өкіл ретіндегі өкілеттілігі сенімхатта көрсетілгендіктен, оның бағыты сенім берушінің бағытына қарсы келмеу керек. Сот үшін сенім берушінің іс жүргізу әрекетінің проритеті болады [1, 25 б.].

Адвокат азаматтық іс жүргізуден бас тарта алады.

ҚР АДЖК-і бойынша «Соттағы өкілдікке» белгілі бір тарау бөлінгенімен оның маңызы кеңінен ашылмаған.

Соттағы өкілдік іс жүргізу анықтамасына ие, яғни оның нормалары азаматтық іс жүргізу заңдарымен қатал регламенттелген.

Іс жүргізу өкілдігі іс жүргізу әрекеттерінің бір тұлғаның яғни өкілдің басқа тұлғаның яғни өкілдік берушінің атынан сотқа соның құқықтары мен бостандықтарын қорғап іске қатысуы.

Заңды өкілдікті қоспағанда өкілдіктің іс жүргізу құқығының шығу не пайда болу негізі азаматтық құқықтық шартпен реттеледі [2, 48 б.].

Адвокат, өз әрекетін мына шамада іске асыра алады:

- заңды өкіл ретінде (кез келген ата-ана, асырап алушы, қорғаншы, қамқоршы есебінде);
- қоғамдық өкіл ретінде;
- шартты өкіл ретінде, яғни өзінің тікелей кәсіби міндеттерін орындау арқылы.

Төменде көрсетілетін іс жүргізу өкілдігінің азаматтық іс жүргізу институты ретінде және шартты өкілдік ретінде белгілерін қарастырсақ былай болады:

1. өкіл өзіне өкілдік берушінің атынан шарт бойынша іске қатысады.
2. өкіл өкілдік берушінің мүддесін қорғап іске қатысады.

Көріп отырғанымыздай өкіл дау барысында материалдық-құқықтық мүддесі бұзылып, іске қызығушылық танытпайды. Тек басқа адамның мүддесімен іске қатысады.

Бұл жерде Азаматтық іс жүргізудегі бірігіп қатысушылықты шатастырмау керек. Яғни бірнеше талапкер өздерінің арасынан мүдделерін қорғауды бір талапкерге тапсырады.

3. өкіл өзіне өкілдік беріп отырған тұлғаның іс жүргізу құқықтарына ие болып, міндеттерін атқарады.

өкілдің өзінің тұлғасы іс жүргізуде өкілдік беруші арасында туындаған материалдық-құқықтық шарттық қатынастар арқылы туып, өкілдік берушінің құқықтарына ие болып, іс жүргізу міндеттерін атқарғанынан көруге болады.

4. өкіл өзінің өкілеттік шеңберін заң бойынша және өкілдік беруші берген өкілеттіктен асырмайды. өкілдің өкілеттілігі 2-топқа бөлінеді.

1. Жалпы.
2. арнайы.

Жалпы өкілеттілік өкілге заң бойынша беріледі де, ешқандай шартта арнайы көзделуді қажет етпейді.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің бабы өкілдік берушінің өкіл атқара алатын жалпы іс жүргізу құқықтарын көрсетеді, және осы бапта өкіл атқара алмайтын істер тізімі де берілген.

Яғни өкілдің өкілеттілігі сенімхатта арнайы көзделуі тиіс. азаматтық процесте іс жүргізу өкілеттілігі өкілге мына іс жүргізуден басқа құқықтардың бәрін береді. Ал мына жағдайларда өкіл:

- 1) талап арызға қол қоя алмайды;
- 2) істі аралық сотқа бере алмайды;
- 3) талап қою талаптары мен талап қоюды танудан толық және ішінара бас тарта, өзгерте алмайды;
- 4) бітімгершілік келісім жасай алмайды;
- 5) өкілеттіктерді басқа адамға беруді (сенімді басқа біреуге аудару);
- 6) соттың қаулысына шағым бере алмайды;
- 7) соттың қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап ете алмайды;
- 8) берілген мүлікті немесе ақшаны ала алмайды.

Бұларды жасау үшін әр әрекет арнайы сенімхатта бөлек көрсетілу керек.

5. өкіл іс жүргізу әрекеттерді жасай отырып, өкілдік берушіге құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

6. өкілдіктің пайда болуының негізі өкілдік берушінің еркіне байланысты.

Іс жүргізу өкілдігі тиісті құқық нормалары мен күрделі юридикалық құрамнан тұратын материалдық-құқықтық және іс жүргізу фактілерінен құралған институт.

Адвокаттың азаматтық іске өкіл ретінде қатысуы үшін:

– тапсырма бойынша шарт яғни материалдық-құқықтық дерек;

– азаматтық істің қозғалуы;

– соттың тиісті құжаттары бойынша өкілді іс жүргізуге жіберу, яғни процессуалдық іс жүргізу деректері қажет.

Іс жүргізу өкілдігі өзінің ерекшеліктерімен үш құқықтық қатынас тудырады:

1. өкіл және өкілдік беруші.

2. өкіл және сот.

3. өкілдік беруші және сот.

Бірінші өкіл және өкілдік берушінің арасындағы құқықтық қатынас азаматтық қатынастарын шарт негізінде пайда болып, сондықтан материалдық құқықтық анықтамаға ие.

Екінші және үшінші құқықтық қатынастар азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарын тудырып, сотта қарау кезіндегі тараптардың құқықтары мен міндеттерге ие екендігін көрсетеді.

Адвокат – өкіл талап өндірісінен, әкімшілік істерден туындайтын ерекше өндіріс істеріне де қатыса алады және істің барлық сатыларында кірісе алады. мысалы, істі қарауға дайындау сатысында өкіл іс жүргізу құжаттарын толтыруға, яғни қарсы талап қайта қарсы талап арыз жазуға көмектеседі. Іс бойынша дәлелдемелер жинайды [3, 76 б.].

ҚР АДЖК бойынша азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтық іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкіл болу құқығынан айырмайды [4, 18 б.].

Азаматтық істі сотта қарағанда өкіл екі формада қатысады:

1) өкіл, өкілдік берушімен бірге қатысады;

2) өкіл, өкілдік берушінің қатысуынсыз жалғыз қатысады.

өкілдің бірінші іске қатысу формасы бойынша ол өкілдік берушіге тек консультация беру арқылы көмектесе алады. Мысалы, шешімнің орындалуы кейінге қалдыру не ол шешімнің орындалу тәртібі мен тәсілін өзгертуді ұсынады.

Сот талдауы кезінде адвокат – өкіл жалпы және арнайы өкілеттілік шеңберінде әрекет жасауы мүмкін.

Ал апелляциялық сатыда ол өкілдік берушімен бірге апелляциялық шағым бере алады.

Бұрынғы Қазақ ССР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 301-бабы бойынша адвокат-өкіл кассациялық қайта қарау сатысында өкілеттілігі арнайы көрсетілсе, кассациялық шағым бере отырып, айғақтар, қосымша материалдар мен түсініктемелерін ұсына алатын болған [5, 48 б.].

Сондай-ақ өкілеттілігі бар өкіл тиісті тұлғаға қадағалау шағымымен наразылық келтіруді сұрап алған.

Қадағалау сатысында істің қаралу орны мен уақыты хабарланса сот мәжілісіне келіп, түсініктемелер беруге болатын [5, 48 б.].

Атқару сатысында адвокат-өкіл жалпы өкілеттілігі бойынша шешімді орындау мәселелері бойынша сотқа өз ұсынысын қоя алады, яғни шешімнің орындалуын кейінге қалдыру не орындалу тәсілін өзгерту сияқты.

Ал енді бір істер бар, сот талдауы кезінде өкіл, өкілдік берушіні ауыстыра алмайтын жағдайлар болады. Сот тараптардан іс бойынша жеке түсініктемелер алуға шақырады. Практика жүзінде ол алимент өндіріп алу туралы істер, некені бұзу, әкелікті тану, ата-аналық құқықтан айыру, жұмысқа қайта алу, абырой мен беделді қорғау туралы істер бойынша өкілдік берушінің өзінің түсініктемелері өкіл қатысса да өзінен алынатын жағдайлар болады. Бұл жоғарыда көріп отырғанымыздай көбіне неке және отбасылық қатынастардан туындайтын істер бойынша болады.

Іс жүргізуге өкіл мен өкілдік берушінің бірге қатысуы азаматтық іс жүргізу өкілдігінің азаматтық құқықтағы өкілдіктен айырмашылықтары бар.

Іске өкілдің өзі жеке қатысуы оның сенімхатта көрсетілген барлық құқықтарын қалауынша пайдалануын өзі шешеді. Бұл жағдайда өкілдік берушінің іске қатысу-қатыспауында өзі шешеді. Сондықтан өкіл істе қандай процессуалдық әрекеттерді жасайды, қандайынан бас тартады ол өз еркі.

Өкілдің өкілеттілігін құқықтық институт ретінде ашып қарайтын болсақ, тараптарды өкіл ретінде де өкілдік беруші ретінде де субъективті аражігін ажырата білу керек.

өкілдік беруші іске қатысып отырған кез келген тұлға болуы мүмкін:

- тараптар;
- үшінші тұлғалар (дау нысанына өз талабын мәлімдейтін де мәлімдемейтін де үшінші тұлға);
- ерекше өндіріс істері мен әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша арыз берушілер мен мүдделі тұлғалар;
- мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, кооперативтік ұйымдар АІЖК бойынша көрсетілген жеке адамдар.

Шартты өкілдік бойынша өкіл болатын тұлға көбінесе адвокат. Заң кеңесшісі не басқа тұлға шартты өкілдікті өздері қызмет жасайтын, ұйымдар, мекемелердің атынан сол мекемелердің мүддесін қорғап жасауы мүмкін.

ҚР АІЖК-де тікелей кімдер яғни қандай тұлғалар өкіл бола алады, керісінше өкіл бола алмайды соны айқын көрсеткен.

Соның ішінде адвокаттар адвокатура туралы заңдармен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар сотта өкіл бола алмайды.

Адвокат іс бойынша тапсырма алуға мына жағдайларда құқығы жоқ.

1) егер ол мүдделері өзі өкіл болып отырған адамның мүдделеріне қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса, іс жүргізуді сұрап келген тұлғаға өкіл бола алмайды. Тек бұл екі тарапты келістіру мақсатында делдал есебінде кіріскен істері қосылмайды.

2) ол бұрын іске судья, прокурор, анықтама жүргізуші, тергеуші, эксперт, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші не айғақ беруші сондай-ақ азаматтық талапкер не азаматтық жауапкер ретінде қатысса өкіл бола алмайды.

3) егер ол істі қарауға қатысушы лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса өкіл бола алмайды.

4) адвокаттар алқасынан шығарылған тұлғалар.

Азаматтар болсын, заңды тұлғалар болсын заңды көмек алу үшін тапсырма бойынша шартты тиісті заң консультациясымен бекітеді. Заң консультациясының меңгерушісінің қолы қойылған ордер береді. Бұл ордер сол нақты іске қатысып жүргізуге рұқсат беретін құжат. Ордер тек адвокаттың жалпы өкілеттіліктерін жүзеге асыруға күші бар. Егер өкілдік беруші өкілге өзінің арнайы өкілдігін беретін болса ол сенімхатта бөлек көрсетіліп, нотариус куәландыруы керек. Содан кейін бұл ордермен бірге сотқа тапсырылып, заң бойынша іс жүргізеді. Ал адвокат өз қызметін жеке дара жүргізсе оның өкілеттілігі көмек сұрап отырған тұлғамен арасындағы шартта жасалады.

1. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. – Костанай, 1998 г.

2. Алауханов Е.О. Қазақстан Республикасындағы Адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы, 2010.

3. Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Учебник. – Алматы: Данекер, 2001 г. – с. 246.

4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 13.07.1999 ж. 15.01. 2010 жылғы өзгерістер мен толықтырулар.

5. Қазақ ССР-нің АІЖК 301-б. 1986 ж. // Сборник постановлений Пленума Верховного суда Республики Казахстан (Казахской ССР). 1961-1997. Том 2 (на казахском и русском языках). – Алматы: БОРКИ, 1998.

Резюме

В статье рассматривается ведение гражданских дел через представителей адвокатов, а также направление и роль их процессуальной деятельности.

Summary

Conduct of the civics is considered In article through representatives attorney, as well as direction and role their процессуальной to activity.

АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Б.Хамза – құқықтану мамандығының 3 курс студенті Абай атындағы ҚазҰПУ-нің колледжі,
Ғылыми жетекші: **Г.Б. Мейірбекова** – азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстан Республикасының Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 2-бабында «Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы ана, әке және бала мем лекеттің қорғауында болады» – деп айқын жазылған [1, 5 б.]. Бұл біздің ата Заңымыз Конституцияда да көрініс тапқан [2].

Әр отбасы – ата-аналар мен бала-шағаларынан құралады. Әрбір отбасы адамдарының бір-біріне қарым-қатынасы олардың ынтымағын құрайды. Осының ең бастылары:

– Ата-ана арасындағы сыйластық қатынас. Осы екі жанның жайшылықта да, қиыншылықта да бір-бірін жете түсініп, қолдау жасап отыруы – отбасы ынтымағының іргесін қалары анық. Екеуінің ұнамды сыйластығы отбасының басқа мүшелеріне, яғни балаларына да өнегелі әсер етері шындық.

– Ата-ана мен бала қарым-қатынасы. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас – ата-ананың баланы тәрбиелеуінен басталады. Қазақта бала тәрбиесін қолға алып, бесіктен бастап шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбекке тәрбиелеген. Сондай-ақ, баланы үлкенді сыйлауға, қонақ күтуге тәрбиелеп, адамгершілік ісінің әр қырына баулыған. Осындай тәрбие тезінен өткен бала ата-анамен қарым-қатынасында түсінікке келіп, ынтымағы жарасады.

Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың конституциялық құқығы және міндеті болып табылады. Ата-аналар балаларының толыққанды имандылыққа тәрбиеленуіне және денесін шынықтыруына, білім алуына, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлігіне, шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасауға міндетті. Ата-аналар мен балалар арасындағы өзара құқықтар мен міндеттердің туындауы балалардың заңда белгіленген тәртіппен куәландырылған шығу тегіне негізделеді. Өзара некеде тұратын, сондай-ақ некелеспеген ата-аналардың балалардың шығу тегін куәландыру мәселелері неке-отбасы заңдарымен реттеледі [3, 48 б.].

Әке мен ананың өздерінің балаларына қатысты құқықтары мен міндеттері бірдей. Тәрбиені жүзеге асыру кезінде ата-аналар тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін дербес таңдайды. Ата-аналар балаларын балаларды тәрбиелеу мекемелеріне, сондай-ақ жеке азаматтарға тәрбиелеуге беруі мүмкін. Балалардың тәрбиеленуін қамтамасыз ету шарттарының бірі сәбидің күтімі үшін жалақысы сақталмайтын заңдарда көзделген қосымша демалыс берілуі мүмкіндігі болып табылады, оны тек ана ғана емес, сәбидің күтімін іс жүзінде жүзеге асыратын әке де толық не бөліп-бөліп пайдалана алады.

Ата-аналардың өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын және кәмелеттік жасқа толған, бірақ еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж балаларын асырау міндеті балаларға қамқорлық жасау шарттарының бірі болып табылады. Асырау міндеті сәбиді материалдық жағынан белгілі бір деңгейде қамтамасыз етуден де, алимент төлеуден де, сондай-ақ балаларды асырауға жұмсалатын қосымша шығындарды өтеуге қатысудан да көрінеді. Кәмелеттік жасқа келмеген, яғни он сегіз жасқа толмаған балаларға қатысты міндеттілік міндеттілік болып табылады. Атап айтқанда, ата-аналар алимент мөлшері бірқатар реттерде азайтылуы мүмкін болғанмен, ата-аналар баланы асыраудың басқа бір көздері бар екендігін сылтау етіп (басқа ата-аналарының жоғарғы табысын, стипендия, мұрагерлікті және т.б.) алимент төлеуден босатылмайды. Кәмелеттік жасқа толған балаларды асырау міндетті міндеттілік болып табылмайды, ол тек балалар еңбекке жарамсыз және көмекке мұқтаж болғанда ғана туындайды [4, 63 б.].

Ата-аналар өздерінің ата-аналық құқығын өздерінің балаларының мүддесіне қарсы жүзеге асыра алмайды. Осы міндеттерді орындаудан жалтарған немесе ата-аналық құқықтарын орынсыз пайдаланған реттерде олар сот тәртібімен ата-аналық құқықтарынан айырылады. Ата-аналық құқықтардан айыру тәртібі мен зардаптары неке-отбасы заңдарымен көзделген.

Балаларына қамқорлық – ата-аналардың қасиетті борышы. Балалар – қоғамның болашағы екені баршаға белгілі. Алайда, өкінішке орай, осы бір қарапайым ұғымды ұқпайтындар табылады. Сондықтан, заң балаларға күнделікті қамқорлық туралы моральдық нормалармен бірге, ата-аналар үшін құқықтық міндеттер де белгілейді. Заң ата-аналардың балаларының заңды мүддесін қорғауын және қанағаттандыруын талап етеді. Балалардың заңды мүддесі дегеніміз не? Бұл біріншіден, балалардың денінің сау болуы; екіншіден, білім, мамандық алуына белсенді ықпал ету; үшіншіден, балаларын адамдар қоғам, мемлекет алдында азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеу.

Өз кезегінде мемлекет отбасының нығаюына белсенді ықпал етеді. Атап айтқанда, көп балалы отбасыларға материалдық көмек көрсетеді. Мысалы, олардың фермерлік шаруашылықтар құруына қажетті көмек жасайды.

Әрине, ата-аналар бірінші кезекте өз балаларын ұлттық әдет-ғұрыппен, дәстүрмен, өнегелілік қағидалармен тәрбиелеуге тырысады.

Өз балаларын тәрбиелей отырып, ата-аналар балаларының мүдделерін қорғауға құқылы. Кәмелетке толмауына, қабілетінің толық жетілмеуіне байланысты балалар өз мүдделерін қорғай алмайды. Ата-аналар, біріншіден, өз балаларының құқығын қорғауға тиіс. Мұндай құқықтың қатарына мүліктік, жеке және басқалай құқықтар жатады. Екіншісіне, балалардың заңды мүдделері жатады. Оған атап айтқанда, нәтижесінде балада белгілі бір құқықтар, мысалы мұрагерлікке құқық пайда болуы мүмкін фактілерді белгілеу құқықтары жатады. Құқықтар мен мүдделерді қорғау балалардың құқығын бұзушылықпен күресте көрінеді. Ата-аналар өз балаларының заңды өкілдері болып табылады. Ол ата-аналардың, белгілі бір жағдайларда балаларға қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен тағайындалуы мүмкін қамқоршы мен қорғаншылықпен ерекшеленеді.

Әке мен ана тең құқылы. Сондықтан екеуі де кәмелетке толмаған балаларының заңды өкілдері болып табылады. [5, 63 б.].

Ата-аналардың өздерінің балаларына қатысты табиғи міндеттерін саналы түрде сезінбеуі немесе оларды немқұрайлы орындауы мүмкін. Өкінішке орай, мұндай келеңсіз жәйттер өмірде жиі кездеседі. Әрине, өз балаларының тәрбиесіне немқұрайды қараудан, ең алдымен, ата-аналардың өздері зардап шегеді. Балалардың тәрбиесіздігінен, өнегесіздігінен балалардың өздері жиі таяқ жейді. Бірақ, тәрбиесіздік құқық бұзуға қолайлы жағдай жасайтындықтан, басқа адамдарға, тұтас алғанда қоғамға зиян келеді. Сондықтан өзінің борышын өтемейтін ата-аналарға қатысты заң ықпал ету шараларын көздейді. Ерекше жағдайларда ата-аналар (немесе олардың біреуі) өздерінің құқықтарынан айырылуы мүмкін.

Ерекше жағдайлар деп нені түсінеміз? Оған, біріншіден, өзінің тәрбие жөніндегі міндетін орындаудан жалтару жатады. Мұндай келеңсіз жәйт ата-аналар адамгершілік тәрбиесіне мән бермеген, балаларының қалыпты өсуіне, дамуына және білім алуына қажетті жағдай жасамаған жағдайда туады. Екінші бір келеңсіз жәйт, ата-аналық құқықтардың теріс пайдалануы болып табылады. Мысалы, оқуға қатысуға, сабаққа дайындалуға кедергі қояды, балаға зиянды басқа да әрекеттермен оларды білімнен қол үзуге мәжбүр етеді. Үшіншіден, ата-аналар балаларына қатыгез қарауы: ылғи да сабауы, қорқытуы, тамақ бермей қоюы, үйден қауып жіберуі, баланың намысына тиюі және т.б. қиянат жасауы мүмкін. Төртіншіден, ата-аналар (ата-ана) өздерінің жүгенсіз, қоғамға жат қылықтарымен балаларына кері ықпал етуі мүмкін. Бесіншіден, егер ата-аналар ішімдікке салынып кеткендер нашакорлар болса олар ата-аналық құқықтан айырылады. Ата-аналық құқықтан айыру ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынасты тоқтатады. Сот ата-аналық құқықтан айырған бұл ата-аналар бала (балалар) тәрбиелеу құқын, сондай-ақ басқа да жеке құқықтарын жоғалтады, ол басқа адамнан баланы талап ете алмайды, заңды өкіл ретінде олардың мүддесін қорғай алмайды, басқалай да құқықтардан айырылады. Алайда, ата-аналық құқықтан айрылғандар балаға материалдық көмек көрсетуден босатылмайды. Егер ата-аналар (ата-ана) өзінің тәртібін түзесе, олардың ата-аналық құқығы қалпына келтірілуі мүмкін. Ата-аналық аялаудан айрылған балаларға қамқорлық жасау, оларды асырау мен оқыту – мемлекеттің, қоғамның абыройлы міндеті. Жетімдерді жебеу – кез келген халықтың дәстүрі. Бұл іспен мемлекеттің арнаулы органы айналысады. Ол – білім беру (қорғаншылық және қамқоршылық), денсаулық сақтау, әлеуметтік жағынан қорғау органдары. Ата-анасынан жетім қалғандар туралы осы органдарға хабарлау керек. Олар қамқорлықсыз қалғандарды қанатының астына алады, қамқоршылар мен қорғаншылар тағайындайды. Қамқоршылық пен қорғаншылық балалардың өздері өз құқықтарын қорғай алмайтын, өз міндеттерін орындай алмайтын болғандықтан балаларды тәрбиелеу, олардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін тағайындалады. Қамқоршылық 15 жасқа дейінгі балаларға, ал қорғаншылық 15 жаспен 18 жас аралығындағыларға белгіленеді. Қамқоршы және қорғаншы болып туысқандарынан немесе өзінің міндетін саналы түрде атқаруға әзір басқа адамдар тағайындалады. Егер өз жағдайларын теріс пайдаланса, қорғаншылыққа алғандардың мүлкін иеленіп кетсе, оларды ұрып-сокса, өздерін дұрыс ұстай алмаса, онда олар қамқоршылық құқықтан айырылады». Кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» (Конституция 27-бап). Өзінің ата-аналарына заңмен мәжбүрлеусіз-ақ қамқоршы болу, сөз жоқ, балалардың перзенттік міндеті, адам үшін одан жақын жан баласы бола ма. Әдетте, балалар осылай істейді. Егер ата-аналарына ықтиятты қамқорлық жаппай құбылысқа айналса балалардың өз ата-аналарына қатысты міндеті туралы Конституцияға ешқандай бап енгізудің қажеті болмас еді. Әрине, балаларының болашаққа ұстыны ата-анасына көбіне байланысты. Заң міндетті белгілегендіктен, онда ол орындалуға тиісті болатын шарттарды да белгілейді. Кәмелеттік жасқа толған балалар, егер ата-аналары еңбек етуге қабілетсіз болып қалса және өмір сүруге қажетті қаражаты болмаса оларды асырауға міндетті. Ол ата-аналарына

материалдық қолдау көрсетіп, көмектесуі, ықыласына бөлеуі тиіс. Тіпті, кезінде баласын асыраудан жалтарған ата-анасынан баласы ержеткенде олардың өткендегі кемшілігі үшін кек алуға ұмтылмағаны жөн. Кең жүректілігімен адамдар өз балалары алдында да, айналасындағылар алдында да өз тұлғасын биіктете түседі.

1. Қазақстан Республикасының Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі 26 желтоқсан 2011 ж. // ЮРИСТ, 2012.

2. ҚР Конституциясы 30.08. 1995 ж.

3. Нечаева А.М. Семейное право «Курс лекции» – М., Юрист, 1998.

4. Жакипова А.С. Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане. – Алматы: изд. Каз. 1971 – с. 63.

5. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998.

Резюме

В статье рассматриваются права и обязанности родителей по отношению своих детей, а также направление и роль их воспитанием.

Summary

In article is considered right and duties of the parents on attitude their own children, as well as direction and role by their education.